# SARYARQA

17 qańtar
2020 jyl

Saryarqa.info

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІ • 1973 ЖЫЛҒЫ 13 СӘУІРДЕН ШЫҒАДЫ

№2 (8166)



DÚBIR
ЖАСТАРМЕН ЕРКІН СҰХБАТ ҚҰРДЫ
2-бет

KÚN TÁRTIBI
ЖАҢА ЖОБА ТАНЫСТЫРЫЛДЫ
4-бет

QOĠAM
ЕҢБЕКПЕН ЕСЕЙГЕН АЗАМАТ
6-бет

RESMI
ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ
7-бет


*Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,*
*Қазақстан Республикасының Президенті*

## АБАЙ және XXI ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН

**Биыл Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толады. Халқымыздың ұлы перзентінің мерейтойын лайықты атап өту үшін арнайы құрылған комиссия дайындық жұмыстарын бастап кетті. Мемлекет көлемінде және халықаралық деңгейде ауқымды іс-шаралар ұйымдастыру жоспарланып отыр. Бірақ мұның бәрі той тойлау үшін емес, ой-өрісімізді кеңейтіп, рухани тұрғыдан дамуымыз үшін өткізілмек.**




Абай Құнанбайұлы ғұлама, ойшыл, ақын, ағартушы, ұлттың жаңа әдебиетінің негізін қалаушы, аудармашы, композитор ретінде ел тарихында өшпес із қалдырғаны сөзсіз. Оның өлеңдері мен қара сөздерінде ұлт болмысы, бітімі, тұрмысы, тіршілігі, дүниетанымы, мінезі, жаны, діні, ділі, тілі, рухы көрініс тауып, кейін Абай әлемі деген бірегей құбылыс ретінде бағаланды.

Өткен жылы Абайдың шығармаларынан үзінді оқу эстафетасы өтті. Ләйлім атты оқушы қыз ұсынған бұл елдік шараға мен де қатысып, қолдау көрсеттім. Мектеп оқушыларынан ел азаматтарына, тіпті әлемдік деңгейдегі танымал тұлғаларға дейін зор қызығушылық танытып, лезде іліп әкеткен бұл бастама бірнеше айға ұласты.

Соның арқасында бүкіл Қазақстан Абай мұрасын тағы бір зерделеп шықты. Бұл – Абайға деген құрмет әрі ұрпақты тәрбиелеудің тиімді тәсілі. Абай жырларын оқу челленджі биыл, ақын мерейтойы тұсында жаңаша жанданады деп сенемін.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында қоғамдық сананы қайта түлетудің маңыздылығы туралы айтты. Ұлттық сананы сақтау және оны заман талабына бейімдеу мемлекеттік маңызы бар мәселеге айналды. Өйткені сананы жаңғырту арқылы XXI ғасырда еліміздің тың серпінмен дамуына жол ашамыз.

Осы орайда Абай мұрасының тигізер пайдасы зор деп есептеймін. Ұлы ақынның шығармалары бүгін де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Абайдың ой-тұжырымдары баршамызға қашанда рухани азық бола алады.

Сондықтан ұлтымызды жаңғырту ісінде оның еңбектерін басшылыққа алып, ұтымды пайдалану жайын тағы бір мәрте ой елегінен өткізген жөн.

Мен бұл мақалада Абай сөзінің бүгінгі заманымыз үшін көкейкестілігі, ақын шығармаларынан халқымыз қандай тағылым алуға тиіс екендігі жөнінде жұртшылықпен ой бөлiскім келеді.

***Ұлттық болмыстың үлгісі***

Жаңғыру – өткеннен қол үзіп, тек жаңа құндылықтарға жол ашу деген сөз емес.

Шын мәнінде, бұл – ұлттық мұраларымызды бүгінгі оң үрдістермен үйлестіре дамытуды көздейтін құбылыс. Бұл ретте, біз Абайды айналып өте алмаймыз. Себебі ұлы ойшыл осыдан бір ғасырдан астам уақыт бұрын ұлтты жаңғыруға, жаңаруға, жаңа өмірге бейім болуға шақырған.

Елбасымыздың: «Заманалар ауысып, дүние дидары өзгерсе де, халқымыздың Абайға көңілі айнымайды, қайта уақыт өткен сайын оның ұлылығының тың қырларын ашып, жаңа сырларына қаныға түседі.

Абай өзінің туған халқымен мәңгі-бақи бірге жасайды, ғасырлар бойы Қазақ елін, қазағын биіктерге, асқар асуларға шақыра береді», – деген өнегелі сөзі ақын мұрасының мәңгілік өсиет ретінде бағаланатынын айқын аңғартады.

Абайдың шығармаларына зер салсақ, оның үнемі елдің алға жылжуына, өсіп-өркендеуіне шын ниетімен тілеулес болғанын, осы идеяны барынша дәріптегенін байқаймыз. Ал ілгерілеудің негізі білім мен ғылымда екенін анық білеміз. Абай қазақтың дамылсыз оқып-үйренгенін бар жантәнімен қалады. «Ғылым таппай мақтанба» деп, білімді игермейінше, биіктердің бағына қоймайтынын айтты. Ол «Біз ғылымды сатып мал іздемек емеспіз», – деп тұжырымдап, керісінше, ел дәулетті болуы үшін ғылымды игеру керектігіне назар аударды. Ұлы Абайдың «Пайда ойлама, ар ойла, Талап қыл артық білуге» деген өнегелі өсиетін де осы тұрғыдан ұғынуымыз қажет.

Бұл тұжырымдар қазір де аса өзекті. Тіпті бұрынғыдан да зор маңызға ие болып отыр. Себебі XXI ғасырдағы ғылымның мақсаты биікке ұмтылу, алысқа құлаш сермеу екенін көріп отырмыз.

Ал біздің міндетіміз – осы ілгері көшке ілесіп қана қоймай, алдыңғы қатардан орын алу.

Ол үшін ең алдымен, білім беру саласын заманға сай дамытуымыз керек. Сол мақсатта ауқымды жұмыстар атқарылғанымен, отандық білім беру ісінде әлі де олқы тұстар бар. Оны жетілдіру жолдарын сайлау алдындағы бағдарламамда және өткен жылғы тамыз конференциясында нақты атап көрсеттім.

«Педагог мәртебесі туралы» заңның қабылдануы – осы бағыттағы игі бастамалардың бірі. Бұл – сапалы білім беру ісін жетілдіруге арналған қадам. Жалпы кез келген қоғамда ұстаздың орны бөлек. Мұғалімдер білімді әрі саналы ұрпақ тәрбиелеу ісінде аса маңызды рөл атқарады. Ұстазға құрмет көрсетіп, қадірлеу – бәріміздің міндетіміз. Сондықтан мемлекет мұғалім мамандығының мәртебесін көтеріп, алаңсыз жұмыс істеуіне жағдай жасауы керек.

Абай айрықша дәріптеген игілікті істің бірі – тіл үйрену. Ақын жиырма бесінші қара сөзінде өзге тілдің адамға не беретініне тоқталып: «Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі онымен бірдейлік дағуасына кіреді, аса арсыздана жалынбайды», – дейді.

Демек, өзімізден озық тұрған жұртпен деңгейлес болу үшін де оның тілін меңгерудің маңызы зор.

Ал қазіргідей жаңа тарихи жағдайда бәріміз ана тіліміздің дамуы мен дәріптелуіне назар аударып, оның мәртебесін арттыруымыз керек. Сонымен қатар ағылшын тілін үйренуге де басымдық беру қажет. Жастарымыз неғұрлым көп тілді меңгерсе, соғұрлым мүмкіндігі кеңейеді.

►►*3-бетте*

## ҚАЛА ӘКІМІНІҢ ТҰРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСУ КЕСТЕСІ

**Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 5 ақпандағы «Орталық атқарушы органдар басшыларының, әкімдердің, ұлттық жоғары оқу орындары ректорларының халыққа есеп беру кездесулерін өткізу туралы» №190 Жарлығына сәйкес 2020 жылдың 5 ақпанында Қарағанды облысы Жезқазған қаласы әкімінің тұрғындармен есеп беру кездесуі өтеді.**

| № | Қаланың, селоның атауы | Әкімнің аты, жөні, тегі | Өтетін күні мен уақыты | Кездесу өтетін орын |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Жезқазған қаласы | Қайрат Баяндыұлы Бегімов – қала әкімі | 5.02. 2020 ж. | С. Қожамқұлов атындағы қазақ музыкалық-драма театры Сәтбаев көшесі, 1, сағ.15:00 |

Жезқазған қаласы әкімінің тұрғындар алдында есеп беру кездесулері кезеңінде халықтың ұсыныстарын, ескертулері мен пікірлерін жинау мақсатымен төмендегі мекен-жайларда 2020 жылдың 5 қаңтарынан бастап жәшіктер қойылады:

**1.Бейбітшілік даңғылы, 45, «Самади» дүкені.**
**2.Сәтбаев көшесі, 50, «Юникс» дүкені.**
**3.9 орам, Абай көшесі, 93, «Самади» дүкені.**
**4.91 шағын ауданы, Марғұлан көшесі, 29 а, «Самади» дүкені.**
**5.Кеңгір ауылы, Әуезов көшесі, 27, супермаркет «ULY DALA».**
**6.Бейбітшілік даңғылы, 26/1, «Жезқазған қаласының жұмыспен қамту орталығы».**

Жезқазған қаласы әкімінің кездесуі қарсаңында *(2020 жылдың 5 қаңтарынан бастап жұмыс күндері дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 09.00-ден 13.00-ге дейін, 14.30-дан 18.30-ға дейін)* **«Жедел желі»** жұмыс істейді. Талап-тілектеріңіз бойынша көрсетілген телефонға хабарласуға болады: **73-66-08.**

**Жезқазған қаласы әкімінің аппараты**

## АУЫЛ ӘКІМДЕРІНІҢ ЕСЕП БЕРУ КЕЗДЕСУЛЕРІНІҢ КЕСТЕСІ

**Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 5 ақпандағы «Орталық атқарушы органдар басшыларының, әкімдердің, ұлттық жоғары оқу орындары ректорларының халыққа есеп беру кездесулерін өткізу туралы» №190 Жарлығына сәйкес 2020 жылдың қаңтардың 27 мен 31 аралығында Кеңгір, Талап, Малшыбай селолары әкімдерінің тұрғындармен есеп беру кездесулері өтеді.**

| № п/п | Қаланың, селоның атауы | Әкімнің аты, жөні, тегі | Өтетін күні мен уақыты | Кездесу өтетін орны |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Талап селосы | Ғабид Елтіндіұлы Битенов – село әкімі | 27.01.2020ж. | Талап селосы №14 орта мектебінің акт залы сағат 11:00 |
| 2. | Кеңгір селосы | Қанағат Байжанұлы Жанпейсов – село әкімі | 29.01.2020ж. | Кеңгір селосының клубы, акт залы сағат 11:00 |
| 3. | Малшыбай селосы | Қайрат Мұратбекұлы Бапанов – село әкімі | 31.01.2020ж. | Малшыбай селосы, №15 орта мектебінің спорт залы сағат 11:00 |

Кеңгір, Талап, Малшыбай селолары әкімдерінің тұрғындар алдында есеп беру кездесулері кезеңінде халықтың ұсыныстарын, ескертулері мен пікірлерін жинау мақсатымен төмендегі мекенжайларда 2019 жылдың 27 - 31 желтоқсан аралығында жәшіктер қойылды:

**1. Талап селосы, Молодежная көшесі, 21, №14 ОМ.**
**2. Кеңгір селосы Школьная көшесі 2, № 2 ОМ.**
**3. Малшыбай селосы, №15 НМ.**

Жезқазған қаласы әкімінің кездесуі қарсаңында *(2019 жылдың 27 желтоқсанынан бастап жұмыс күндері дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 09.00-ден 13.00-ге дейін, 14.30-дан 18.30-ға дейін)* **«Жедел желі»** жұмыс істейді. Талап-тілектеріңіз бойынша көрсетілген телефонға хабарласуға болады: **73-66-08.**

**Жезқазған қаласы әкімінің аппараты**

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

## ЖАС МАМАНДАРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ

**Қарағанды облысының әкімі Жеңіс Қасымбек Жезқазған қаласына жұмыс сапары барысында жаңадан салынып жатқан Назарбаев зияткерлік мектебінің құрылысымен танысып, жақында күрделі жөндеуден өткізілген қалалық аурухана қалашығында болды.**



20 мыңға жуық тұрғын тіркелген қалалық емхана, күніне 250 адамға қызмет көрсететін консультативті-диагностикалық орталық, наркология, медицина колледжінің оқу ғимараты, балалар шипажайы сынды медициналық нысандар орналасқан қалашықта үш жыл бойы қалпына келтіру жұмыстары жүргізілген болатын. Мұнда жұмысқа қажетті Оңтүстік Кореяда жасалған жоғары технологиялық жабдықтар сатып алынған.

Жезқазған медициналық колледжінің аурухана қалашығында орналасқан оқу ғимараты да жөндеуден өтіп, заманға сай жабдықталған. Колледж студенттерінің дуальды оқыту жүйесі аясында білім алып, практикалық дағдыларды жетілдіріп отыруға мүмкіндігі бар.

Дәрігерлермен кездесіп, пікір алмасқан облыс басшысы медицина мамандарына қолдау көрсету басты назарда екенін атап өтті.

– Сіздердің жұмыстарыңыз өте күрделі және маңызды. Күндіз-түні дәрігерлер жүздеген адамның өмірін құтқарады. Сондықтан да біз өз тарапымыздан медицина қызметкерлерінің пәтер мәселесін шешуде көмек көрсетуді жалғастырамыз, – деді Жеңіс Қасымбек.

Ол өңірде 300-ге жуық дәрігер осы жылы қызметтік баспана алатынын атап өтті. Жезқазғанда көпқабатты үйлердің бірін сатып алу және жөндеу жұмыстары жоспарланғанын, күзге қарай тағы 50 дәрігер баспана алатынын жеткізді.

Кездесу үстінде облыс әкімі Жеңіс Қасымбек жоғары оқу орнын бітіріп келіп, Жезқазғанда еңбек етіп жатқан сегіз жас дәрігерге пәтер кілтін табыс етті.

Сондай-ақ, облыс басшысы қалалық әкімдікте «Қазақмыс» корпорациясының басшылығымен кездесіп, Жезқазғандағы Үйтас-Айдос су желісінің 40 шақырымнан астам ескірген құбырын қысқа мерзімде толықтай жөндеу бойынша жұмыстардың жайын талқылап, келісімге келді. Көктемге қарай жобалық-сметалық құжаттар әзірленіп, жөндеу жұмыстары басталатын болады.

– Үйтас-Айдос жер асты су тарту құбыры бойынша бұрын апатты учаскелер 2-3 шақырымдық қысқа бөліктермен жөнделген болатын. Енді біз қалған 40 шақырымға созылып жатқан барлық учаскені жөндеуге дайынбыз. Бұған қоса, біз Есқұла жер асты су тарату жүйесі бойынша үш жоба құрып жатырмыз. Қазір жобаларды әзірлеу аяқталу сатысында, қаңтар айының соңында мемлекеттік сараптамаға тапсырылатын болады. Бұл жобаларды жүзеге асыру қаланы сапалы сумен жабдықтау мәселесін шешуге көмектеседі, – деді «Kazakhmys Copper» АҚ Басқарма төрағасы Бақтияр Қырықпышев.

Жеңіс Махмұтұлы Есқұла су желісінің құрылысын аяқтау үшін «Қазақмыс» корпорациясына ақпан айының аяғына дейін ЖСҚ түзетуді аяқтап және мемлекеттік сараптаманың оң нәтижесін алуды тапсырды.

Жазға дейін Кеңгір өзенінен қала тұрғындарын сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету үшін «ЖСЖК» АҚ шаруашылық-ауыз суды тазалау нысанына дейін 1,5 шақырымға созылатын қосалқы су желісінің құрылысын аяқтайтын болады.

Су ресурстары комитетінің өкілі 2020 жылы республикалық бюджеттен қаражат бөлінген жағдайда Есқұла су желісін қайта жаңарту жұмыстарының аяқталатынын растады.

**Дархан МҰХАН**

БАСПАСӨЗ – 2020!


**«SARYARQA» АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІНЕ 2020 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖАЛҒАСУДА**

***Құрметті оқырман!***

**Жезқазған-Ұлытау аймағының ақпарат айнасы «Saryarqa» газетіне 2020 жылға жазылу жалғасатынын хабарлаймыз. Газетке жазылу бағасы мен шарттары өзгерген жоқ, барлығы – жылдағыдай.**

**Газетке бір жылға жазылу бағасы**
*Жеке тұлғалар үшін*
**Мекенжайға жеткізіп беру – 4000 теңге;**
**Редакциядан келіп алу – 3000 теңге;**
*Заңды тұлғалар үшін*
**Мекенжайға жеткізіп беру – 7000 теңге;**
**Редакциядан келіп алу – 6000 теңге.**

***Қосымша ақпарат үшін байланыс телефондары:***
***8 7102 71 00 55, 77 50 25***

**«SARYARQA»**
**ГАЗЕТІН ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ДЕ ОҚИ ЖҮРІҢІЗ!**
FACEBOOK.COM/SARYARQAGAZETI/
T.ME/SARYARQA/
@SARYARQA_GAZETI
WHATSAPP + 7 708 420 19 88

SARYARQA-AQPARAT

## ТОҚАЕВ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕ КОМАНДАМЕН КӨШІП ЖҮРУ ПРОБЛЕМАСЫНЫҢ БАРЫН АЙТТЫ

**ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік басқару жүйесіндегі «командамен ауысу» проблемасы туралы айтты.**



– Мемлекеттік қызметте «командамен ауысу» әлі де өте өзекті мәселе болып отыр. Мемлекеттік органдардағы ауыспалылық толықтай алғанда 6-10 % нормасы шегінде екенін көрсетті. Шын мәнінде, министр немесе әкім ауысқан кезде, кадрлық құрам да айтарлықтай өзгеретіні айқын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Ол мемлекеттік басқару жүйесінде басшы қызметкерлердің санына қатысты нормативтер жоқ екенін және меритократия принциптері үнемі сақтала бермейтінін атап өтті.

Әлі күнге дейін қамқорлық және таныс арқылы, ықпалды қамқоршының көмегімен қызмет сатысында ілгерілеу жайттары бар. Бұл шындық екені жасырын емес. Оны бәріміз де білеміз. Бұған жол беруге болмайды. Мұндай жүйені қоғамдық пікір арқылы да сыни сараптамаға ұшырату қажет. Басқаша мүмкін емес. Қоғамның пікірін де ескеру қажет. Кейбір мемлекеттік қызметкерлер ескі жүйеден шыға алмай, елдегі жаңғыру процестерін тежейді. Ведомстволар мен бөлімшелердің басшылары шегіртке сияқты бір қызметтен екіншісіне секіріп жүр, – деді Мемлекет басшысы Президенттің кадр резервіне енген жастармен кездесуде.

## ЖҰМЫССЫЗДЫҚ ТУРАЛЫ АНЫҚТАМАНЫ EGOV.KZ АРҚЫЛЫ АЛУҒА БОЛАДЫ

**Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі egov.kz электрондық үкімет порталы арқылы жұмыссыз ретінде тіркеу туралы анықтама беру қызметін енгізді.**

– Біз әлеуметтік-еңбек саласындағы мемлекеттік қызметтерді талдаған кезде, барлық мүмкін анықтамаларды электрондық форматқа аударатын боламыз, себебі қандай да бір инстанцияда анықтама беру бойынша қызмет көрсетудің өзі аса қиын процесс емес. Оларды алу үшін азаматтарға, мысалы, жұмыспен қамту орталығына баруға тура келді. Енді цифрландыру арқасында жеке барып өтініш берудің қажеті жоқ. Мұндай форматтың негізгі артықшылығы – бұл анықтаманы кез-келген жерден алуға болады, ең бастысы интернетке қолжетімділік болу керек. Болашақта мемлекеттік органдар базасында ақпарат бар болса, анықтама алудан бас тартқымыз келеді, – дейді ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Нариман Мұқышев.

Электрондық үкімет порталында анықтама алу үшін басты бетте «Қызметтер» батырмасын басып, әрі қарай «жұмысқа орналастыру және жұмыспен қамту» бөліміне өту керек. Қызметті таңдау арқылы авторизациялану, өтінімді толтыру, оны электрондық цифрлық қолтаңбамен немесе смс-парольмен куәландыру қажет (мобильді азаматтар базасында тіркелу қажет).

Жұмыссыз ретінде тіркелу туралы анықтама бірден жеке кабинетте «Қызметтерді алу тарихы» бөлімінде пайда болады.

## ГАЗБЕН ЖҮРЕТІН КӨЛІКТЕРГЕ АРНАЙЫ БЕЛГІ ЖАПСЫРУ ТАЛАП ЕТІЛЕДІ

**ҚР Ішкі істер министрлігі төтенше жағдайлар комитеті төрағасының орынбасары Барат Дүзақбаев газға көшкен көліктердің арнайы белгісі әзірленіп қойғанын айтты.**

– Көліктерге тағылатын бұл белгіні Әкімшілік полиция комитеті әзірледі. Автокөлікті бензиннен газға ауыстырған кезде, техникалық құжатқа бұл туралы мәліметті міндетті түрде тіркетесіз, сондықтан, соған сәйкес бұл белгіні автоматты түрде іліп жүресіз, – деді ол.

Ол көлігін газбен от алатындай етіп, қайта жабдықтағандардың барлығы осы белгіні тағу жүру керектігін баса айтты.

– Мысалы, бұрын «шина» белгісі болған, сол сияқты бұл белгіні де көлікке жабыстыру талап етіледі. Мұндай белгісі бар көлікті, мысалы, сауда орталықтарына кіргізбейді. Сондай заң бар. Белгі қазір дайын. Бұл – «газ» деген жазуы бар қызыл үшбұрыш, – дейді Дүзақбаев.

## «АЛМАТЫ-2» ТЕМІРЖОЛ ВОКЗАЛЫНЫҢ ҮСТІНЕН ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ҚОЗҒАЛДЫ

**Вокзалдың мәрмәр тастан жасалған қасбеті құлап, бір азаматты басып қалған.**

Үйіндінің астында қалған адам травматикалық шок алып, жансақтау бөліміне жеткізілген. Ауыр жарақат алған науқасқа бірнеше ота жасалыпты. Ал оқыс оқиғаға қатысты вокзал әкімшілігі жауап беруден бас тартты.

Жантүршігерлік оқиға осыдан бір апта бұрын орын алған. Куәгерлердің сөзінше, нысанның тастан жасалған қасбеті құлап, азаматтың үстін басып қалған. Үйіндінің астында қалған оған көмек бірден көрсетіліпті. Қазір оқиға орын алған аумақ қызыл лентамен қоршалып тұр.

«Алматы-2» вокзалы 1939 жылы ашылған. Ал 1977 жылы нысан толық жөндеуден өтіп, қасбеті мәрмәр тастан қашалыпты. Соңғы рет қайта қалпына келтіру жұмыстары шамамен 25 жылдай бұрын жасалған. Содан бері жолаушылар тасымалымен айналысатын нысан жөндеу көрмей келеді.

Тәртіп сақшылары вокзалдың үстінен қылмыстық іс қозғады. Себебі нысанның жағдайына салғырт қарағандықтан, салдары осындай жағдайға жеткізген.

– Аталған факт 7 қаңтарда ҚР қылмыстық кодексінің 278-бабы 1-бөлігі, яғни сапасыз салынған құрылыс салдарынан абайсызда адамның денсаулығына ауыр немесе ауырлығы орташа зиян келтіруге әкеп соғуы бойынша «Алматы-1» станциясындағы желілік полиция басқармасының сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай бөліміне тіркелді. Қазіргі уақытта көлік полицейлері осы оқиға бойынша тергеу амалдарын жүргізуде, – дейді ҚР ІІМ көліктегі полиция департаментінің баспасөз хатшысы Ләззат Қасымжанова.

Ал, үстіне мәрмәр тас құлаған азамат палатаға ауыстырылды. Травматология бөлімінде ем қабылдап жатқан оның жағдайын дәрігерлер ауыр деп бағалап отыр. Науқастың бірнеше жері сынған. Әсіресе, азаматтың басы, жамбасы мен бел омыртқасына қатты зақым келіпті.

# ЖАСТАРМЕН ЕРКІН СҰХБАТ ҚҰРДЫ

**С.Сейфуллин атындағы кітапхананың жаңа коворкинг залында қала әкімі Қайрат Бегімов жезқазғандық жастармен кездесті.**



«Еріктілермен еркін сұхбат» тақырыбында өткен кездесуге Ыдырыс Қозайдаров жетекшілік ететін «Бірлік», Қания Тұрсынбаева жетекшілік ететін «Ұлытау-Даму» қоғамдық бірлестігінің «Жеңіс», «Жүрек» отбасылық амбулаториялық орталығының Боранкүл Исабаева жетекшілік ететін «Алтын жүрек», Ерназар Еламанов жетекшілік ететін Жезқазған медициналық колледжінің «Жігер» волонтерлар клубының мүшелері қатысты.

– 2020 жыл Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың тікелей бастамасымен волонтерлар жылы болып жарияланды. Қазіргі таңда қаламыз бойынша 150-ден астам волонтер жас бар екен. Соған орай, мысты шаһардың белсенді волонтерларымен кездесіп, пікір алмасқанды жөн көрдім. Жезқазғандық волонтерлардың көбі жастар екендігі белгілі. Алдағы уақытта волонтерлар құрамы тек жастардан бөлек те қала азаматтарымен толығатынына сенемін, – деді Қайрат Бегімов өз сөзінде.

Одан әрі «Бірлік» волонтерлар клубының жетекшісі Ыдырыс Қозайдаров өткен жылда атқарылған жұмыстар барысымен таныстырды.

– Біздің волонтерлар клубы 2017 жылы Жезқазған қалалық жастар ресурстық орталығы жанынан ұйымдастырылған болатын. Осынау үш жыл ішінде клубымызға жүзге тарта волонтер жиналды. Осыған сай, біздің құрам негізгі бекітілген жоспар бойынша жұмыс істейді. 2019 жылдың өзінде елуге тарта түрлі қоғамдық іс-шараларға ұйытқы болдық. Олардың ішінде мерекелік бағдарламалар, қайырымдылық кештері, тал егу сынды түрлі іс-шаралар бар, – деді ол өз есебінде.

Жиын барысында «Бірлік» волонтерлар клубын алаңдатқан басты мәселе – волонтерлар жиналатын ғимараттың қала орталығынан шалғайда орналасуы болды. Бұл сұрақ бойынша қала әкімі жақында Гагарин көшесіндегі Қазынашылық басқармасы орналасқан ғимаратта жаңа волонтерлар орталығының іске қосылатындығы туралы сүйінші хабармен бөлісті. «Жеңіс» волонтерлар клубының жұмысымен таныстырған Кания Тұрсынбаева қала әкіміне өзге үлкен қалалардағыдай волонтерлар форумы ұйымдастырылса және жастар форумына волонтерларға қатысты тағы да номинациялар қосылса деген тілегін білдірді.

– «Жүрек» отбасылық амбулаториялық орталығының «Алтын жүрек» волонтерлар клубы құрамы Жезқазған жоғарғы медициналық колледжі жастарынан құралған. Міне, 2015 жылдан бастап біздің волонтерлар Ұлы Отан соғысы, Ауған соғысы, тыл, Чернобыль апатына қатысушы және олардан бөлек те жалғыз басты, көмекке зәру егде жастағы кісілерге көмектесіп келеді. Біздің волонтерлардың барлығы алғашқы жедел көмекті толықтай меңгерген. Олар ата-әжелерге тек медициналық көмек көрсетіп қана қоймай, үй шаруашылығына да қолқабыс етеді.



Біздің жастар қариялардан алған бата-тілектерің арқасында әлі талай биіктерді бағындыратындары сөзсіз, – деді Боранкүл Исабаева арнайы дайындалған бейнематериалды жиналған жұртшылық назарына ұсынды.

Кездесу барысында волонтерлармен еркін сұхбат құрған қала әкіміне жастар тарапынан қысқы мезгілде қала жастары көп баратын коньки, сырғанақ тебу орталықтарының қызмет ақысын төмендету және волонтер жастарға белгілі бір жеңілдіктер қарастыру жөнінде ұсыныстар айтылды. Бұл мәселелер бойынша Қайрат Баяндыұлы қысқы спорттық орталықтарының басшыларымен кездесіп, бағаны төмендету жайын және белгілі бір пайыз бойынша жастарға жеңілдік қарастыратынын айтты. Сонымен қатар, барлық волонтерлар клубтарының жетекшілеріне жаңадан ашылатын орталықта бас қосып, жалпы қалалық волонтерлар ұйымын құру керектігін қолға алуды ұсынды.

Шара соңында қала әкімі биыл туғанына 175 жыл толғалы отырған Абай Құнанбайұлының «Қараңғы түнде тау қалғып» әнін жастармен бірге шырқап, Мемлекет басшысы бастаған челленджді жалғастырды.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

# ТҰРҒЫНДАР ТІЛЕГІ ТЫҢДАЛДЫ

**Жезқазған қаласының әкімі Қайрат Бегімов азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады. «Nur Otan» партиясы ғимаратында өткен қабылдауға партияның Жезқазған қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Гүлмира Қаженова мен әкім орынбасарлары, мемлекеттік мекеме, кәсіпорын басшылары қатыстырылды.**



Қабылдауға алдын ала жазылған 14 тұрғынның 13-і келді. Одан бөлек тағы екі тұрғын тізімнен тыс әкімнің алдында болды. Барлық азаматтарды мұқият тыңдаған қала басшысы оларды толғандырған сұрақтарды шешудің нақты жолдарын нұсқады.

Әдеттегідей тұрғындар көтерген мәселердің дені коммуналдық сала қызметіне тиесілі. Жылумен, сумен жабыдқтау кәсіпорнының, пәтер иелері кооперативінің жұмысына көңілі толмағандар ойқы-шойқы жолдарды, жарықсыз қалған және қаңғыбас иттерге толы көшелердің жайын айтып, дабыл қақты. Аталмыш мәселелерді шешуге жауапты сала басшылары алма-кезек орындарынан тұрып, шешімін табамыз деп сендірді.

–Мемлекеттік қызметкер деген атқа лайық болу қажет. Халықтың жоғын жоқтап, мұңын мұңдайтын біздер емеспіз бе?! Сондықтан, өздеріңізге жүктелген міндетті абыроймен атқаруға тырысыңыздар. Тұрғындарға бос уәдені үйіп-төкпей, нақты істер атқару қажет, – деген Қайрат Баяндыұлы коммуналдық саладағы олқылықтардың орнын толтыруға уақыт беріп, нәтижесін жеке өзі қадағалайынын жеткізді.

Апатты тұрғын үй мен баспана кезегі де айтылмай қалмады. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы дәрігерлер, көпбалалы аналар баспана алғанынан құлағдар болған тұрғын үй кезегіндегі жетім балалар, мүмкіндігі шектеулі азаматтар мен мүгедек бала баққан аналар тезірек үй алсақ деген тілектерін жеткізді.

–Жыл басынан бері бірқатар дәрігерлер мен көпбалалы аналар баспаналы болды. Ақ халаттыларға тұрғын үй облыстық денсаулық сақтау басқармасының қаражаты есебінен алынса, көпбалалы аналар мемлекеттік «Нұрлы жер» бағдарламасына ілікті. Тұрғын үй құрылысы бұған дейін тоқтап қалғанын білесіздер. Қазір қарқын ала бастағанмен, біз бір-екі жылдың ішінде тұрғын үй кезегіне тұрған мыңдаған тұрғынды баспанамен бірден қамтамасыз ете алмаймыз. Биыл екі арендалық үйдің құрылысы ақталады. Келесі жылы тағы 90 пәтерлі үйдің құрылысы жоспарлануда. Сондықтан, Сіздер бүгін-ертең үйлі болмайтындарыңызды түсінулеріңіз қажет. Тұрғын үй кезекпен ғана беріледі, оны да ұғынуларыңызды сұраймын, – деп түсіндірген Қайрат Баяндыұлы тұрғын үй-коммуналдық шарушалығы, жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Қуанышбек Сансызбаевқа кезекке тұра алмай жүрген көпбалалы ана Назгүл Мұратованың мәселесін екі-үш күннің мұғдарында шешуге тапсырма берді.

«Күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айрылдық» деп жанайқайын жеткізген апатты деп танылған Алаша хан көшесіндегі 24 үйдің тұрғындары да аталған мәселе жақында шешімін табатынына сенім білдірді. Үйдің апатты төртінші кіреберісіндегі тұрғындарды көшіру 2022 жылға жоспарланған екен. Сөгілген іргелерден дала көрінетінін айтып, оны фотосуреттермен растаған бір топ тұрғынның өтініші бойынша биыл тұрғын үй қайта сараптаудан өтіп, оның нәтижесінде бюджетті нақтылау кезінде қаржы қарастырылатын болды.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

# ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ СПОРТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖАҢА БАСШЫСЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

**Қарағанды облысы спорт басқармасының жаңа басшысы болып Темірхан Абылаев тағайындалды.**



Темірхан Серікбайұлы Абылаев 1973 жылы Ұлытау ауданында дүниеге келген. Екі жоғары білімі бар. 1997 жылы Байқоңыров атындағы Жезқазған университетін «Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі» мамандығы бойынша бітірген. 2004 жылы Е. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетін «дене шынықтыру және спорт мұғалімі» мамандығы бойынша тәмамдаған.

Еңбек жолын 1991 жылы Ұлытау ауданы Шеңбер кеңшарының №3 фермасында шопанның көмекшісі, содан кейін аға шопан болып бастаған.

1997 жылы Ұлытау ауданының №2 Қорғасын орта мектебінде дене шынықтыру пәнінің мұғалімі болды. 1998 жылы «Анненск» кенішінде бұрғылаушы болып жұмыс істеді. 1999 жылы №13 Жезқазған орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып жұмыс істеді.

2000 жылдан 2008 жылға дейін Жезқазған қалалық балалар-жас-өспірімдер спорт мектебінде дзюдодан жаттықтырушы-оқытушы болған. 2008 жылы мектеп директоры қызметін атқарды.

2010 жылдан бастап 2015 жылға дейін Жезқазған олимпиадалық ре-зервтегі мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер мектебінің басшысы қызметін атқарды. 2015 жылдан қазіргі уақытқа дейін облыстық кешенді мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебін басқарды.

# ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАРҒА КОНКУРС ЖАРИЯЛАНДЫ

**«Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты» КЕАҚ «Өзгерістердің саруарлары» акселераторы аясында әлеуметтік жобалар конкурсының басталуы туралы хабарлады.**

Конкурс Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен ұйымдастырылып, 2020 жылғы 15 қаңтардан сол жылдың 28 ақпанына дейін жалғасады.

– Акселератордың негізгі міндеті әлеуметтік, гуманитарлық саладағы инновациялық жобаларды ілгерілету үшін жағдай жасау, қоғамдық сананы жаңғыртуға бағытталған озық тәжірибені тарату болып табылады. Жыл соңына қарай акселератордың кемінде 10 жобасы республикалық мәртебеге ие болады және мақсатты аудиторияны кеңінен қамтиды, – деді «Рухани Жаңғыру» ҚҚДИ Басқармасының төрағасы Кемелбек Ойшыбаев.

Байқауға қатысуға қызметі келесі бағыттарды қамтитын ҒӨБ өкілдері, кәсіпкерлер, Нұр-Сұлтан қаласындағы бастамашыл топтар шақырылады:

– Инклюзивті қоғамды дамыту (жетім балаларды және ата-анасының қамқорынсыз қалған балаларды, қарт адамдарды, ерекше қажеттіліктері бар адамдарды, аз қамтылған көп балалы отбасыларды қолдау), Формалды емес білім беру шеңберінде (қаржылық, құқықтық, медиалық, IT, сандық сауаттылық, ағылшын, мемлекеттік тілдерді меңгеру) өзекті құзыреттіліктерді дамыту;

– Ауыл шаруашылығы, өлкетану, білім беру туризмін дамыту;

– Мәдениет, өнер және халық шығармашылығы саласындағы жобаларды біріктіретін Art-алаңдарды дамыту;

– Халықтың экологиялық мәдениетін дамыту;

– Жүйелі жобалық ойлауды дамыту, көшбасшылық әлеуетті нығайту.

Конкурстық іріктеуден өткен және акселераторға кірген жобалар жобаны ақпараттық қолдау, қаржыландыру көздерін іздестіруге, бизнес-жоспарды әзірлеуге, жаңа серіктестер мен негізгі ұйымдарды іздестіруге жәрдемдесу мүмкіндігіне ие болады.

Конкурсқа қатысу үшін **https://learnopen.kz/accelerator** сілтемесі бойынша тіркеуден өту қажет.

1-қосымшаға сәйкес қазақ/орыс тілдерінде өтінім беру уақыты: 2020 жылдың 28 ақпаны, Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша сағат 18:00-ге дейін.

Акселераторға іріктеу кезінде мынадай критерийлерге сәйкес келетін жобаларға артықшылық беріледі:

1. Жобалау құжаттамасының пысықталуының жоғары дәрежесі,
2. Жобаның пилоттық режимде іске асырылуы,
3. Жобалық команданың қажетті мамандармен жасақталуы,
4. Жобаның масштабтауға дайындығы,
5. Конкурсқа жоба идеялары немесе жоба пилоттық режимде іске асырудың бастапқы сатысында ұсынылған жағдайда таңдалған саладағы жобаларды іске асырудағы жобалық команда қатысушыларының өткен тәжірибесі ескеріледі.

*Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,*
*Қазақстан Республикасының Президенті*

# АБАЙ және XXI ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

175 ЖЫЛ
Абай Құнанбайұлының мерейтойы

Бірақ олардың ана тілін білуіне баса мән берген жөн. Өскелең ұрпақ, Абай айтқандай, ғылымды толық игерсе, өз тілін құрметтесе әрі шын мәнінде полиглот болса, ұлтымызға тек игілік әкелері сөзсіз.

Қазір әлем күн сайын емес, сағат сайын өзгеруде. Барлық салада жаңа міндеттер мен тың талаптар қойылуда. Ғылымдағы жаңалықтар адамды алға жетелейді. Ақыл-оймен ғана озатын кезең келді. Заман көшіне ілесіп, ілгері жылжу үшін біз сананың ашықтығын қамтамасыз етуіміз керек. Бұл қадам өркениеттің озық тұстарын ұлттық мүддемен үйлестіре білуді талап етеді. Мұндай кезде өзіміздің таптаурын, жадағай әдеттерімізден бас тартуымыз қажет.

Абайдың кейбір қарекеттерге көңілі толмай, «Терең ой, терең ғылым іздемейді, Өтірік пен өсекті жүндей сабап» деп үнемі сыни көзбен қарауының себебі осында.

Ақын ел-жұртын түрлі өнерді игеруге үгіттеді. Соның бәрі уақыттың талабы екенін ол анық аңғарып, ұлтына ертерек үн қатты. Тіпті қазір айтып жүрген интеллектуалды ұлт қалыптастыру идеясы Абайдан бастау алды деуге болады. Ұлы ойшыл әр сөзімен ұлттың өресін өсіруді көздеді.

Сондықтан Абайды терең тануға баса мән бергеніміз жөн. Абайды тану – адамның өзін-өзі тануы. Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі – кемелдіктің көрінісі. Интеллектуалды ұлт дегеніміз де – осы. Осыған орай, Абай сөзі ұрпақтың бағыт алатын темірқазығына айналуы қажет.

Абай қазақтың әр баласын ұлтжанды азамат етіп тәрбиелеуге шақырды. Оның мұрасы – парасатты патриотизмнің мектебі, елдікті қадірлеудің негізі. Сондықтан азаматтарымыздың көзі ашық болсын десек, Абайды оқудан, ақын өлеңін жаттаудан жалықпаған жөн.

Біз елді, ұлтты Абайша сүюді үйренуіміз керек. Ұлы ақын ұлтының кемшілігін қатты сынаса да, тек бір ғана ойды – қазағын, халқын төрге жетелеуді мақсат тұтты.

Абайдың мол мұрасы қазақ ұлтының жаңа сапасын қалыптастыруға қызмет етеді. Оның шығармаларындағы ой-тұжырымдар әрбір жастың бойында халқына, елі мен жеріне деген патриоттық сезімді орнықтырады. Сондықтан хакім Абай еңбектерінің нәрін өскелең ұрпақтың санасына сіңіру және өмірлік азығына айналдыру – ұлтты жаңғыртуға жол ашатын маңызды қадамның бірі.

### *Мемлекет ісінің мүддесі*

Біз егемен ел ретінде өсіп-өркендеуіміз үшін мемлекеттілігімізді нығайтуымыз керек.

Заң үстемдігін және қоғамдық тәртіпті сақтау баршаға ортақ міндет екенін ұғынған жөн. Халықтың билікке деген құрметі болмаса – елдігімізге сын. Сондықтан азаматтарға, әсіресе, жастарға мемлекетті сыйлаудың мән-маңызын түсіндіру қажет. Осы ретте тағы да Абайдың мұрасына зейін қойған абзал.

Ұлы ақын өзінің шығармаларында елдік мұратты асқақтатып, ұлт бірлігін биіктетті.

Ол әділетті қоғам құру идеясын көтерген. Демек, Абайдың көзқарастары XXI ғасырдағы Қазақстан қоғамы және оның береке-бірлігі үшін аса құнды. Хакім Абайдың ұстанымдары өркениетті мемлекет қағидаларымен үндеседі. Заң үстемдігі, биліктің ашықтығы мен халық алдында есеп беруі жоғары деңгейде болып, мемлекет ісіне азаматтық қоғам өкілдері белсене араласқан жағдайда ғана әділеттілік берік орнығады.

Менің «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» атты тұжырымдамам дәл осы әділетті қоғам идеясын дамыту мақсатымен ұсынылды. Билік пен қоғам арасындағы сындарлы диалог мемлекетке деген сенімді нығайта түседі. Үкімет мүшелері, соның ішінде министрлер мен әкімдер мемлекеттік және қоғамдық маңызы бар мәселелерге қатысты шешім қабылдаған кезде азаматтардың ұсыныстары мен тілектерін ескеруі керек. Мұны Абай меңзеген әділетті қоғам қалыптастырудың бірден-бір шарты деп білемін.

Ұлы ақын «Келелі кеңес жоғалды, Ел сыбырды қолға алды» дегенді бекер айтқан жоқ. Елге билік жүргізетіндерге жұрттың көңілі толмайтынын да аңғартады.

«Сыбырдан басқа сыры жоқ, Шаруаға қыры жоқ» замандастарымыз көбеймес үшін билік халыққа әрдайым құлақ түріп отырғаны жөн. Мемлекет пен қоғам өкілдері түйткілді мәселелерді бірге талқылап, шешімін табу мақсатында Ұлттық қоғамдық сенім кеңесін құрдық. Кеңес формальды сипат алып кетпеуі үшін оның мүшелерімен арнайы кездесіп, жұмысын жіті қадағалап отырмын.

Абай шығармаларында меритократия мәселесіне де айрықша мән берілген. Ол адамды мәртебесіне қарай емес, талабы мен еңбегіне қарап бағалаған. Ұлы ақын қазақ жастарына жөн-жоба көрсетіп, бағыт-бағдар берген.

Қазір Қазақстанда саяси жаңғыру үдерісі жүріп жатыр. Елбасының қолдауымен билікке басшылардың жаңа буыны келе бастады. Соған қарамастан, елімізде түбегейлі саяси өзгеріс керек деген ойлар да жиі айтылып жатады. Бірақ бұл мәселе бойынша ұлттық мәмілеге келудің, мемлекет мүмкіндіктерін шынайы бағалаудың және жүктелген міндетке жауапкершілікпен қараудың маңызы зор.

Өзгеріс деп байбалам салатындар еліміздің болашағын байыптамайды, жай ғана популистік идеяларға табан тірейді.

Популизм теріс тенденция ретінде дүниежүзілік сипат алды. Әлемнің түкпір-түкпірінде нақты стратегиясы жоқ, тек жалаң ұрандар арқылы билікке жеткісі келетін топтардың дауысы жиі естілуде. Осындай даңғазаға құмар адамдар туралы Абай: «Қу тілменен құтыртып, Кетер бір күн отыртып», – дейді. Расында, бұл – кез келген елдің дамуын кенже қалдыратын, ұлттың бірегейлігін әлсірететін қауіпті үрдіс.

Бізге, Абай айтқандай, артық мақтанға салыну, өзгені қор, өзімізді зор санау, дау қуу әсте жараспайды. Әр қадамымызды анық басып, әлемде және елімізде болып жатқан оқиғаларды байыппен сараптай білуіміз қажет. Тұрақтылық пен дамуымыздың кепілі болған татулық пен бірлікті бәрінен жоғары қойған абзал. Мемлекет мүддесін көздесек, әуелі сабақтастық сақталып, төгілген тер мен атқарған еңбектің далаға кетпеуін ойлайық.

Осындай саясат жүргізген кезде ғана барлық стратегиялық мақсаттарымызға қол жеткізіп, Қазақстанды озық дамыған мемлекеттердің қатарына қоса аламыз.

### *Жаңа қоғамның жанашыры*

Жаңа Қазақстанның өзегін жаңа қоғам құрайтыны анық. Бұл ретте, ең алдымен, ұлтымыздың қадір-қасиетін арттырып, халқымыздың бәсекеге қабілеттілігін жетілдіруге баса мән беруіміз керек. Сондай-ақ қоғамның дамуына кедергі келтіретін, береке-бірлігімізге іріткі салатын жағымсыз қасиеттерден арылу қажет.

Бүгінде дүние жүзінің бірқатар интеллектуалдары классикалық капитализм дағдарысқа тап болғанын ескертіп, оның болашағына күмәнмен қарайды.

Себебі әлемде бай мен кедейдің, білімді мен білімсіздің, қала мен ауылдың арасы алшақтап кетті. Бұл үдерістің қарқыны барған сайын күшейіп келеді. Бизнес тек пайда көздесе, білімділер бөлек орта қалыптастырды, әрқайсысы өздері үшін ғана жауапкершілік арқалайтын болды.

Қалалар тез өсіп-өркендеп, шағын елді-мекендердің дамуы тұралады.

Ғалымдар мұның барлығы әлеуметтік жауапкершіліктің әлсірегенінен деп есептейді.

Әлеуметтік жауапкершілік қайткенде орнына келеді? Әрине, бұл – оңай шаруа емес. Осы күрделі мәселенің шешімін Абайдың «Толық адам» формуласынан іздеген жөн. «Толық адам» деген сөз ағылшын тіліндегі «A man of integrity» түсінігіне сай келеді. Бұл – тек өте ілкімді, өзіне сенімді, ізгілік пен жақсылыққа ұмтылатын адамдарға ғана тән сипаттама. Қазір тарап жатқан осы ұғымды Абай сонау он тоғызыншы ғасырдың өзінде-ақ түсіндіріп айтты.

Адам өмірі тұтасымен түрлі қарым-қатынастардан құралады. Онсыз адам қоғамнан бөлініп қалмақ. Ал қарым-қатынас міндетті түрде өзара жауапкершілікті туғызады. Бұл жауапкершілік қара басының қамын биік қоятын өзімшілдік араласқан кезде бұзылады. Сондықтан Абай: «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек», деп адамға нұрлы ақыл мен ыстық қайраттан бөлек, жылы жүрек керек екенін айтады.

Осы үш ұғымды ол үнемі бірлікте қарастырады, бірақ алдыңғы екеуі жүрекке бағынуы керек деп есептейді. Бұл – қазақ халқының өмірлік философиясы.

Осындай таным-түсінікпен өмір сүрген халқымыз өзі қиын жағдайда отырып, өзге ұлттарды бауырына басқан. Өзі асқа жарымай қиналса да, бір тілім нанын бөлісіп жеуді парыз санаған. Үнемі үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетіп, сүрінгенге сүйеу, жығылғанға демеу бола білген. Осы құндылықтарды дәріптеп, бүгінге жеткізу арқылы халқымыз өзінің ұлт ретінде сақталуы үшін барын салған.

Біз Абайдың «толық адам» тұжырымын қайта зерделеуіміз керек. Бұл бағытта ғалымдарымыз тың зерттеулерді қолға алуы қажет. «Толық адам» концепциясы, шындап келгенде, өміріміздің кез келген саласының, мемлекетті басқару мен білім жүйесінің, бизнес пен отбасы институттарының негізгі тұғырына айналуы керек деп есептеймін.

Абай шығармашылығына арқау болған тақырыптың бірі – масылдықпен күрес. Ақын үнемі уайымсыз салғырттыққа, ойын-күлкіге салынбай, сергек болуға үндейді. Оны ұдайы еңбек арқылы шыңдап отыруды құп көреді. Сонымен қатар орынды әрекеттің уайым-қайғыны жеңетінін дәлелдеп, масылдықпен күрестің психологиялық қырларына терең бойлайды. Қазір біз көп айтып жүрген эмоционалды интеллектіге де сол тұста назар аударды. Мақтан мен масылдық психологиядан арылып, қайраттанып еңбек етуді, талаптанып білім іздеуді насихаттаған.

Абай өлеңдеріндегі «Еңбек етсең ерінбей, Тояды қарның тіленбей», «Тамағы тоқтық, Жұмысы жоқтық, Аздырар адам баласын», «Өзіңе сен, өзіңді алып шығар, Еңбегің мен ақылың екі жақтап» – деген қазыналы ойлар бәрімізге жақсы таныс. Әр адам осы түйінді тұжырымдарды санасына берік тоқып, өзінің тынымсыз, адал еңбегімен айналасына үлгі болуы керек.

Халқымыз еңбектің қадірін біледі. Біз ата-аналарымыздың тылдағы ауыр еңбегі жеңіске жетелеген орасан күшке айналғанын ұмытқан жоқпыз. Қазір де қарапайым еңбек адамдарының үлгілі істері жетерлік. Жақында солардың біразы мемлекеттік наградалармен марапатталды.

Ең бастысы, бүгінгідей бейбіт кезеңде әр азамат өзінің еселі еңбегі еліміздің экономикасын ілгерілетуге тікелей ықпал ететінін түсінуі қажет.

Абайды өз заманындағы іскерліктің ұйытқысы, еңбекқорлықтың мотиваторы деуге болады. Ұлы ойшыл шығармаларында кәсіптен нәсіп тапқандарды, шаруақорлыққа үйрену дағдыларын үлгі етеді. Ол тұрмыс сапасын жақсарту үшін еңбек етудің жаңа тәсілдерін меңгеруге шақырады. Сонымен қатар ақын бастамашылдықты, кәсіптегі адалдықты жоғары қояды. Мысалы, өзінің оныншы қара сөзінде «Ерінбей еңбек қылса, түңілмей іздесе, орнын тауып істесе, кім бай болмайды?», деп тұжырым жасайды.

Абайдың ойынша, табыс табу үшін қолөнер үйрену керек. Себебі «мал жұтайды, өнер жұтамайды» (отыз үшінші қара сөз). Ұлы ақынның бұл ойлары бүгінгі Қазақстан қоғамы үшін де өзекті деп санаймын. Сондықтан біз бүгінгі таңда шикізатқа тәуелділік психологиясынан арылуды, шағын және орта бизнесті барынша өркендетуді негізгі басымдықтың бірі ретінде белгілеп отырмыз.

### *Әлемдік мәдениеттің тұлғасы*

Қазіргі өркениетті мемлекеттердің барлығы дерлік шоқтығы биік тарихи тұлғаларымен мақтана алады. Олардың қатарында саясаткерлер, мемлекет және қоғам қайраткерлері, қолбасшылар, ақын-жазушылар, өнер және мәдениет майталмандары бар. Қазақ жұрты да біртуар перзенттерден кенде емес. Солардың ішінде Абайдың орны ерекше. Бірақ біз ұлы ойшылымызды жаһан жұртына лайықты деңгейде таныта алмай келеміз.

Мен көп жылғы дипломатиялық қызметімде басқа елдердің саясаткерлерімен, түрлі сала мамандарымен жиі кездестім. Шетелдіктермен адамзатқа ортақ көптеген түйткілді мәселе туралы пікір алмасып, ой бөлістім. Жалпы, олар Қазақстанның саяси және экономикалық жетістіктері жөнінде жақсы біледі. Ал рухани және мәдени құндылықтарымызбен жете таныс емес. Осы орайда «Неге қазақтың бітім-болмысын, мәдениетін Абай арқылы танытпаймыз?», деген сұрақ туындайды.

Ғұлама Абай – қазақ топырағынан шыққан әлемдік деңгейдегі кемеңгер. Ол күллі адамзат баласына ақыл-ойдың жемісін сыйлады.

Абайдың ақындық қуатының терең тамырына үңілген зерттеушілеріміз оның қазақ фольклорынан, Шығыс пен Батыстың сөз өнерінен, орыс әдебиетінен, тарихи еңбектерден сарқылмас нәр алғанын айтады.

Абайдың асқан ойшылдығы оның діни талғам-танымынан да айқын көрінеді. «Алланың өзі де рас, сөзі де рас, Рас сөз ешуақытта жалған болмас», дейді. Бұл ой-тұжырымға Шығыс пен Батыс философтарының еңбектерін терең біліп, зерттеп, зерделеп барып жеткені анық. Ал отыз сегізінші қара сөзінде Аллаға деген көзқарасын толық білдіреді.

Абайдың рухани өресіне баға берген дінтанушы философ ғалымдар оның «кәміл мұсылман» ұғымына ерекше назар аударады. «Кәміл мұсылман» ұғымы тек қазаққа ғана емес, бүкіл мұсылман әлеміне қатысты айтылса керек. Міне, біздің ойшыл Абай, хакім Абай – әлемдік деңгейде осы діни көзқарасы арқылы да биіктей беретін тұлға.

Елордада барлық діннің басын қосып, дәстүрлі жиын өткізіп келе жатқанымызды білесіздер. Мұндай іс-шаралардың мақсаты мен ұлы Абай ұстанымының арасында өзара үйлесімділік бар.

Ақынның барша адамзат баласының жан дүниесінің тазалығын сақтауға деген ниеті бәрімізге ой салады.

М.Әуезовтің «Абай жолы» романы арқылы Абай бейнесі көркем образ ретінде әлем әдебиетінде жоғары бағаланғаны белгілі. Бірақ бұл – Абайды танудың бір қыры ғана. Нағыз Абайды, ақын Абайды тану үшін оның өлеңдері мен қара сөздерінде айтылған ой-тұжырымдардың мән-маңызы ашылуы керек. Ол әлемнің кең таралған негізгі тілдеріне барлық бояуын сақтай отырып аударылуы тиіс. Бұған біз толық қол жеткізе алдық деп айту қиын. Нағыз ұлт ақындарын өзге тілдерге аудару – оңай шаруа емес. Аудармашы да сол ойшылдың деңгейіндегі талант болуы керек. Біздің абайтанушы ғалымдарымыз, тіл мамандары мен жанашыр азаматтар осы мәселеге ерекше мән бергені жөн.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Абай – қазақ халқының рухани қазынасына өлшеусіз үлес қосқан ғұлама ғана емес, сонымен қатар ол қазақ халқының ел болуы жолында ұлан-ғайыр еңбек еткен данагер.

Абай – әлемдік деңгейдегі ойшылдардың қатарындағы ғажайып тұлға», деген болатын. Шынында да, дана ақын шығармалары тек қазақтың ғана емес, бүкіл адамзат баласының рухани өмірін жан-жақты байыта алады. Өйткені Абай туындыларының мазмұны жалпыадамзаттық құндылықтарға толы. Оның қара сөздері – әлем халықтарының ортақ қазынасы. Бұл – классикалық үлгідегі өнегелі ойлар шоғыры. Нақыл сөз, ғибратты сөз, ғақлия сөздер деп әркилы аталғанымен, бұл – ерекше жанр.

Абай өзінің қара сөздерінде адамзат баласына ортақ мұраларды дәріптей отырып, рухани биікке құлаш сермеп, алысқа қанат қаққанын көрсетеді. Оның қара сөздерінің арқауы – кісілік, мәдениет, ізгілік. Хакім Абайдың қара сөздеріне балама еңбек іздесек, француз ойшылы Монтеньнің жазбалары ойға оралады. Десек те, Монтень өз болмысы мен адам тұлғасы жөнінде көбірек ой толғаса, Абай қара сөздерінің басты миссиясы – ойлану, өзгеге ой салу, мақсатты ұстанымға айналдыру. Демек, ұлы ойшылдың қара сөздері – аса құнды еңбек.

Әлемдік мәдениетте Абайды қаншалықты жоғары дәрежеде таныта алсақ, ұлтымыздың да мерейін соншалықты асқақтата түсеміз. Бүгінгі жаһандану дәуірінде, ақпараттық технологиялар заманында Абай сөзі баршаға ой салуы тиіс.

Дүние жүзінде ғылым мен білімнің түрлі салаларын дамытуға зор үлес қосып, бүкіл адамзатқа ортақ ойшыл ретінде танылған тұлғалар баршылық. Мысалы, Қытай дегенде Лао-цзы мен Конфуций, Ресей дегенде Достоевский мен Толстой, Франция дегенде Вольтер мен Руссо бірден ойға келеді. Сол сияқты шетелдіктердің бәрі бірдей Қазақстан дегенде бірден Абайдың есімін атайтындай дәрежеге жетуіміз керек. Өзге жұрт «Қазақ халқы – Абайдың халқы» деп бізге ілтипат білдіріп отырса, зор мәртебе болары анық.

Абайды қалай дәріптесек те жарасады. Оның ғибратты ғұмыры мен шынайы шығармашылығы – қазақ халқына ғана емес, жаһан жұртына да үлгі-өнеге. Абайдың адам мен қоғам, білім мен ғылым, дін мен дәстүр, табиғат пен қоршаған орта, мемлекет пен билік, тіл мен қарым-қатынас туралы айтқан ой-тұжырымдары ғасырлар өтсе де маңызын жоғалтпайды. Өйткені ақынның мұрасы – бүкіл адамзат баласының рухани азығы.

Қазақ елі барда Абай есімі асқақтай береді. Оның асыл сөздерін рухани байлығымыз ретінде жоғары ұстасақ, туған еліміздің әлем алдындағы абыройы арта берері сөзсіз.

Ең алдымен Абайды ұлтымыздың мәдени капиталы ретінде насихаттауымыз керек. Өркениетті елдер қазақтың болмыс-бітімін, мәдениеті мен әдебиетін, рухани өресін әлемдік деңгейдегі біртуар перзенттерінің дәрежесімен, танымалдығымен бағалайтынын ұмытпайық. Сондықтан Абайды жаңа Қазақстанның бренді ретінде әлем жұртшылығына кеңінен таныстыру қажет. Бұл – бүгінгі ұрпақтың қастерлі борышы.

### *Торқалы тойдың тағылымы*

Біз ұлттық сананы жаңғыртамыз және бәсекеге қабілетті ұлт қалыптастырамыз десек, Абайдың шығармаларын мұқият оқуымыз керек. Оның қоғамдағы түрлі үдерістерге қатысты көзқарасы бүгінгі Қазақстан үшін аса пайдалы. Өз заманының ғана емес, қазіргі қоғамның да бейнесін танытқан Абай – елдік мұраттың айнымас темірқазығы.

Әр қазақтың төрінде домбыра тұрсын деген ұғым қалыптасқанын бәріміз жақсы білеміз. Сол сияқты әр шаңырақта Абайдың кітабы мен Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романы тұруы керек деп санаймын.

Келер ұрпақ Абайдың сара жолын жалғауы тиіс. Бұл – ұлы ақын арманының орындалуы. Сондықтан біз Абайдың ойынан да, тойынан да тағылым алуға тиіспіз.

Биыл Абайдың 175 жылдығына орай халықаралық, республикалық және аймақтық деңгейде 500-ден астам іс-шара ұйымдастырылады. Тамыз айында Семей қаласында ЮНЕСКО-мен бірлесіп өткізілетін «Абай мұрасы және әлемдік руханият» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция ең басты шараға айналады. Сондай-ақ қазан айында Нұр-Сұлтан қаласында «Абай және рухани жаңғыру мәселелері» деген тақырыпта халықаралық конференция өтеді. Бұл жиындарда Абайдың тұлғасы мен мұрасы жан-жақты зерделеніп, оның шығармашылығын XXI ғасырдағы жаңа Қазақстанның игілігіне пайдалануға жол ашылады.

Маңызды жобаның бірі – ұлы ақынның шығармаларын он тілге аударып, басып шығару. Атап айтқанда, Абай еңбектері ағылшын, араб, жапон, испан, итальян, қытай, неміс, орыс, түрік, француз тілдеріне тәржімаланады. Ақынның өмірі, мұрасы, қазақ мәдениетін дамытудағы рөлі туралы бірнеше деректі фильм және «Абай» телесериалы түсіріледі.

Ақын тойынан өнер саласы да тыс қалмайды. Республикалық және халықаралық деңгейде театр және музыка фестивальдары өтеді. Биылғы бәйгелер Абай шығармашылығына арналады. Әдебиет және өнер саласындағы үздік шығармаларға берілетін мемлекеттік сыйлық енді Абай атындағы мемлекеттік сыйлық деп аталатын болады.

Абайдың тұлғасы мен мұрасын ұлықтау шетелдерде де жалғасады. Ресейдегі, Франциядағы, Ұлыбританиядағы және басқа да мемлекеттердегі Қазақстанның елшіліктері жанынан «Абай орталықтарын» құру жоспарланып отыр. Бұл мәдени іс-шараларды ысырапшылдыққа жол бермей ұйымдастыру қажет.

Шығыс Қазақстан облысының Ақшоқы елді мекеніндегі Құнанбай Өскенбайұлы әулетінің қорымы абаттандырылады.

Сонымен қатар Абай тұлғасын жоғары дәрежеде дәріптеу үшін Үкімет мынадай шараларды қолға алуы керек деп есептеймін:

Семей өңірі – қазақ тарихындағы киелі өлкенің бірі. Сондықтан елдің рухани дамуында ерекше орны бар Семей қаласын тарихи орталық ретінде белгілеген жөн. Ұлы Абай мен Шәкәрімнің, Мұхтар Әуезовтің кіндік қаны тамған өңір айрықша құрметке лайық. Осыған орай шаһарды әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан кешенді түрде дамытып, ондағы тарихи-мәдени нысандарды жаңа талапқа сай жаңғыртамыз. Үкіметке бұл мәселеге байланысты тиісті шаралар қабылдауды тапсырамын.

Мерейтой жылы аясында Абайдың қастерлі мекені – әйгілі Жидебайды абаттандырып, ұлы ақынның рухына тағзым етуге келетін жұртшылыққа қолайлы жағдай жасау қажет.

Сонымен қатар Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-музейіне ерекше көңіл бөліп, ғылыми-танымдық жұмыстармен айналысатын орталыққа айналдыру керек.

Жидебайда музейге арнайы лайықталған «Абай мұрасы» атты жаңа ғимарат салу қажет.

1918 жылы Семей қаласында Мұхтар Әуезов пен Жүсіпбек Аймауытов негізін қалаған, 1992 жылдан бері қайта шыға бастаған «Абай» журналына мемлекет тарапынан қолдау көрсету керек.

Осы және басқа да ауқымды шаралар ұлы Абайдың рухына тағзым етіп, оның мол мұрасын дәріптеу үшін өткізілмек. Ендеше, бүкіл Қазақстан халқын осы игі бастамаға белсене атсалысуға шақырамын.

Біз Абайдың 175 жылдық мерейтойына қоғамдық сананы жаңғыртатын, бір ел, тұтас ұлт болып дамуымызға серпін беретін іс-шара ретінде зор мән беріп отырмыз.

Бұл тойдың тұсындағы басты мақсатымыз бүкіл халықтың ұлт ұстазы алдындағы өзіндік бір есеп беруі іспеттес болуы тиіс деп білемін. Абай сыны – ауыр сын, сындарлы сын.

Елбасы бастап, ел қостап, биік белестерді бағындырдық. Озық елулікке кіреміз деп мақсат қойдық, ол мақсатқа мерзімінен бұрын жеттік.

Озық отыздыққа қосылуды межеледік. Ол межеге де жетеміз. Сол межеге жетуге де бізге Абай мұрасы көмек бере алады. Ендігі мәселе – біз Абайдың көмегін түсіне алдық па, зерделей аламыз ба?

Ұлылықтың тойы ұлт алдындағы ұлы міндеттің үдесінен шығудың жолын іздеуге ұмтылдыруы тиіс. Әр азамат осы тойдың алдында еліміз, елдігіміз жөнінде терең ойланса дейміз. Абай бізге нені аманаттады? Абай бізден нені талап етті? Абай бізден нені күтіп еді? Абай елдің қай ісіне сүйініп еді? Сол сүйінген ісінен үйрене алдық па? Абай қазақтың қай ісіне күйініп еді? Сол күйінген ісінен жирене алдық па? Басқасын былай қойғанда, ақын айтқан бес асыл істі жүзеге асырып, бес дұшпанды бойдан қашырып жатырмыз ба деген ойдың төңірегінде толғансақ та талай жайға қаныға аламыз.

Абай мұрасы – біздің ұлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылық.

Жалпы, өмірдің қай саласында да Абайдың ақылын алсақ, айтқанын істесек, ел ретінде еңселенеміз, мемлекет ретінде мұратқа жетеміз.

Абай арманы – халық арманы. Халық арманы мен аманатын орындау жолында аянбағанымыз абзал. Абайдың өсиет-өнегесі XXI ғасырдағы жаңа Қазақстанды осындай биіктерге жетелейді.





ПАРЛАМЕНТ ДЕПУТАТЫНЫҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

# КОММУНАЛДЫҚ САЛА ЖАҢҒЫРАДЫ

**ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты Арман Қожахметовті «Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Гүлмира Қаженова қалалық жылумен, сумен жабдықтау кәсіпорнына бастап барды.**

Жиын басында ұжым басшысы Болат Аманбаев әбден тозығы жеткен кәсіпорын ғимаратының биыл күрделі жөндеуден өтетінін мәлімдеп, сөз кезегін мәртебелі мейманға ұсынды.

– Бүгінгі таңда біздің негізгі мақсаттарымыздың бірі – еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бес институционалдық реформасын жүзеге асырудың «100 нақты қадамы» Ұлт жоспарын жүзеге асыру. Аталмыш стратегиялық маңызға ие құжатта қаузалған басым бағыттар бойынша 90 заң жобасы әзірленіп, қабылданды. Тәуелсіз елімізді үздік отыздыққа бастайтын Ұлт жоспарын толықтай өміршең ету жолында алдағы күндері де нақты шаралар қабылданары анық. 2019 жылы Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі атқарған жұмыстарды қорытындылар болсам, былтыр 120 заң жобасын қарап, мақұлданған 112 заң жобасын Сенатқа жібердік. Күні кеше ғана қазақстандықтарға Жолдауын жолдаған Қасым-Жомарт Тоқаев «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын ұсынып, осы іске күш салуымыз керектігін басып айтты. Біздер де осы ұстанымның тиімділігіне көз жеткізіп, өңірлерге сапарлаймыз. Өйткені, қай мәселені болсын көзімізбен көріп, ауызынан естуіміз маңызды. Тіпті, халықпен тілдесе келе оларды алаңдатқан мәселені шешудің жолдарын да табуға болады. Сондықтан, бүгінгі кездесуді пікір алмасу форматында өткізіп, бар мәселелерді ашық, бүкпесіз айтсаңыздар – деген Арман Қожахметов биылдан бастап күшіне енген заңдарға тоқталып, қазақстандық ұстаздар мен пәтер иелері кооперативінің алдағы тағдыры хақында баяндады.

Естеріңізге сала кетсек, 2020 жылдан бастап «Педагог мәртебесі» туралы жаңа заң күшіне енді. Ол мұғалімдер қауымының мүддесін қорғауға бағытталған. Жаңа жылдан бастап білім беру саласы қызметкерлерінің жалақысы 25 пайызға артып, мұғалім еңбегін ынталандыруды көздейтін қолдау шаралары мол.

Сонымен қатар, мұғалімдер енді міндеті кірмейтін жұмыстарға тартылмайды және олардың тарапына балағат сөздер айтқандар заң жүзінде айыппұл төлеуге міндеттелмек. Ал, тұрғын үйлерді күтіп ұстауға жауапты пәтер иелері кооперативі үш жылдың ішінде таратылып, олардың орнын меншік иелерінің қауымдастығы басады.

Жаңа жүйеге сай енді тұрғындар жалпы жиналыста өздері тұратын тұрғын үйді басқарудың формасын өздері таңдайды. Олар сенімді серіктес ретінде қарапайым серіктестік құрады немесе басқарушы компанияны таңдайды, меншік иелерінің қауымдастығын құрып, өздері басқарады. Жиналған қаржы есебінен көп қабатты үйде жөндеуден өткізгісі келсе бұрынғыдай ПИК жұмысшыларына бармай, арнайы компаниялардың көмегіне жүгінеді. Сонымен бірге, жергілікті атқарушы билік тарапынан құрылған тұрғын үй комиссиялары қаладағы үй қорын сақтауға, қалыпқа келтіруге атсалысу мүмкіндігіне ие болғанын да айта кеткен жөн. Енді тұрғын үйдің шатырын ауыстырып, іргетасын мығымдауға тұрғындардың қаржысы жетпесе қала бюджетінен қаржы қарастырылады.

Жезқазған-Ұлытау аймағын дамыту Президент пен Үкіметтің қатаң бақылауындағы мәселе екенін тілге тиек еткен мәжіліс депутаты бізді өңірге қарастырылған қаржы көлемі де аз еместігіне назар аудартты. Ел экономикасын еселеп, облыстың біраз мәселелерін шешуге септігін тигізетін жеделсаты зауыты мен голландық технология бойынша жұмыс жасайтын тазарту қондырғыларын орнату жобасы да республикалық қазынадан қаржыландырылатын көрінеді. Көптен бері айтылып жүрген республикалық маңызға ие Жезқазған-Қызылорда, Жезқазған-Арқалық тас жолдарының да мәселесі болашақта оң шешімін табатынына сендірген Арман Төлешұлы жылу мен су тарифтерінің жайы қызықтырды. «Соңғы бес жылда тарифті көтермей ұстап тұруға барымызды салдық», – деген кәсіпорын директоры Болат Аманбаев биыл тарифте сәл-пәл өзгеріс болатынын мәлімдеді. Дегенмен, тарифті бекіту әдеттегідей тұрғындардың қатысуымен өтетін қоғамдық тыңдау кезінде қабылданады. Жылумен, сумен жабдықтау кәсіпорынның басшысы тарифтердегі өзгеріс тұрғындар қалтасын қатты қақпайтынына сендірді.



Жезқазғандықтардың бас ауруына айналған ауыз су мәселесін мемлекет өз мойнына алғанын жеткізген мәжілісмен шешімін таппай тұрған, тозығы жеткен суару желілері проблемасын көтеріп, тығырықтан шығудың жолдарын жазбаша ұсынуды сұрады.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

# ЖАҢА ЖОБА ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

**Қоғамдық кеңестің кезекті отырысына Жезқазған-Ұлытау аймағына сапарлап келген ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты Арман Қожахметов те қатысты. Кеңестің күн тәртібінде қозғалған басты мәселе Жезқазған-Сәтбаев қалаларының қоқыс қалдықтарын вакуумді газификация әдісі бойынша өңдеп, электр энергиясын өндіретін жоба болды. Жоба жетекшісі – «Kaz Green Energy» компаниясы.**

– Жыл сайын Қазақстанда 6 млн тоннаға дейін қоқыс шығарылады. Қазіргі уақытқа дейін қоқыс полигондарында 100 млн тоннаға жуық қоқыс жиналып отыр. Мұның ішінде тек 4-5 %-ы ғана қайта өңдеу жұмыстарына жіберіледі. Қоқыстың қалған бөлігі бәрімізге белгілі ескі әдістер бойынша өртелінеді және көміледі. Ең өкініштісі, бұлай жасау арқылы атмосфера және оның токсинді қабаттарына, топырақ құрамы мен жерасты суларына орасан зор зиян келеді. Осыған байланысты біз табиғатқа зиян келтірмейтін өз жобамызды ұсынып отырмыз. Бұл – вакуумді газификация тәсілі. Вакуумді газификация әдісі дегеніміз – қалдықтарды ауаның көмегінсіз іштей жану әдісі арқылы өңдеп, газға айналдыру. Вакуумді газификация әдісі негізінде ауа мен топыраққа және су жолдарына зиян келмейді. Себебі, аталмыш әдіс әсерінен түрлі химикаттар мен жағымсыз иіс бөлінбейді, – деді жауапты компания жетекшісі Сексен Әлжанов.

Қазіргі таңда әлемнің дамыған елдерінің көпшілігінде қолданылатын норвеждік бұл технологияның жалпы құны 19 370 000 АҚШ долларын құрайды. Аталмыш соманың 30 %-ын «Қазақмыс» корпорациясы мойнына алса, қалған 70 %-ы Қазақстанның Даму банкінен несие алу арқылы жүзеге аспақ. Зауыт сағатына 120 МВт элекр қуатын береді. Күніне 400 тонна қоқысты өңдеуге қауқарлы газификация процесі кезінде топырақ құнарлылығын арттыратын биокөмір пайда болады. Топырақ құнарлылығын арттыратын биокөмір жүгері дақылдарының өнімділігін арттырып, өсу ұзындығын 55 см-ден 105 см-ге дейін өсіре алады. Соның негізінде жылыжай да тұрғызуға жол ашылады. Аталмыш жоба өз құнын алты жылда ақтап шығады деп күтілуде. Жоба негізінде 39 адам тұрақты жұмыспен қамтылады. Жобаның



одан әрі де ауқымы кеңейсе жүзден аса адам кәсіппен айналысуға мүмкіндік туады деп күтілуде. Құрылысы наурыз айынан басталатын станция биылғы жылдың соңына дейін аяқталады деп жоспарланып отыр. Биоэлектр станциясы тікелей «Сәт тазалық» кәсіпорнымен байланыста жұмыс істейді.

– Ел халқының экологиялық таза өңірлерде өмір сүруі біз үшін де маңызды. Шындығында, Қазақстандағы қоқыс полигондарының 5 %-ы ғана негізгі талаптарға сай жұмыс істейді екен. Қалғандары заңсыз тұрғыда, қалай болса солай жұмыстарын атқаруда. Біз осы тұрғыдан бірнеше мәрте Үкіметке хат жолдағанбыз. Қоқыстарға сұрыптау жасайтын зауыттардың көбі Қарағанды қаласында. Ал бұл, шалғайдағы Жезқазған қаласы үшін қиындық тудыратыны белгілі, – деді жобамен танысқан Арман Қожахметов.

Кеңес барысында Жезқазған өңірінің экологиялық жағдайына және тағы да бірқатар мәселелер бойынша өз ұсыныстарын білдірді.

– Барша әлемді алаңдатқан апаттардың бірі – Арал теңізінің тартылуы екені белгілі. Теңіз табанының құрғауы салдарынан теңіз түбіндегі тұздар Антарктидаға дейін ұшып, мұздарды ерітуде. Осының салдарынан Қызылорда облысының Арал, Қазалы және Ақтөбе облысының Шалқар ауданы экологиялық апат аймағына жатқызылады. Сонымен қатар, Қызылорда облысы түгелімен экологиялық дағдарыс аймағы болып есептелінеді. Осыған байланысты, аталмыш статусты Ақтөбе мен Түркістан облысының кейбір аудандары да иеленіп отыр. Соған сай, экологиялық апат және экологиялық дағдарыс аймағының тұрғындарына зейнетке дейін және зейнет жасынан кейін де арнайы белгіленген жүйе бойынша әлеуметтік және медициналық көмек көрсетіледі. Бұрындары Жезқазған өңірі де экологиялық дағдарыс аймағы болып есептелінетін. 1992 жылдан бастап бұл статус алынып тасталды. Мен Қызылорда облысынан Жезқазған қаласы аралығындай қашықтықта орналасқан өзге өңірлер халқына жоғарыда аталған арнаулы мемлекеттік көмектердің көрсетіліп, жезқазғандық тұрғындарға көрсетілмеуін дұрыс деп санамаймын. Осыған сай, біздің қаламызға да бұрынғы экологиялық дағдарыс статусын қайтарып беру мәселесін қайта көтергенді жөн санап, үкіметке жазбаша ұсынысымды білдіргенді жөн көрдім. Бұған қоса, біздің аймағымыз «Байқоңыр» ғарыш айлағына да жақын. Және айлақтан ұшқан зымырандар біздің аймаққа келіп қонады. Бұның да мысты шаһар экологиясына кері әсерін тигізбей қоймайтыны сөзсіз, – деді қоғамдық кеңестің мүшесі Жүрсінбай Лекеров өз сөзінде.

Сондай-ақ, коммуналдық қызмет тарифтерінің жыл сайын өсуін тұрғындарға түсіндірілуін сұраған ол кәсіпорындағы бейбастақтықтың әсерінен тұрғындар қалтасы қағылып жатқандығын баса атап өтті. Қала үйлеріндегі есептегіштердің дұрыс жұмыс істемейтінін де еске салған ол, осы тұрғыдан қоғамдық кеңес атынан облыс әкімі Жеңіс Қасымбекке хат жолдау керектігін де қозғады.

Жиында басқа да кеңес мүшелері қолданыстағы заңнама, мемлекеттік сатып алу, монополист компаниялардың жұмысына қатысты ұсыныс, пікірлерін жеткізді. Кеңес жұмысымен толыққанды танысқан мәжілісмен қозғалған мәселелер мен ұсыныстарды Үкіметке жеткізетінін айтты.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ: сенімге – серпін!




**«Назарбаев зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының басқарма төрайымы Күләш Шәмшидинова жезқазғандық педагогтердің басын қосып, жаңартылған білім беру мазмұны жайында сөз қозғап, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелейтін ұстаздарға бүгінгі заман қоятын талаптарды айқындап берді.**

Qazaqstan Respýblikasy Prezidentiniń joldaýy

# *Күләш ШӘМШИДИНОВА:* «ҰСТАЗҒА ЖҮКТЕЛГЕН МІНДЕТ АУЫР»

–Білім берудің мазмұнының жаңаруы – біз үшін жоғары ұйымдастырушылықты, жауапкершілікті, тәртіпті, әрбір қызметкердің бейімделгіш болуын, ұжымдық бірлік, өзара қолдау мен өзара түсінушілікті қажет ететін үлкен әрі жауапты сын болғанын білесіздер. 2016 жылы қолға алынған білім саласындағы осы реформа 2019-2020 оқу жылында толықтай өз күшіне енді. Әуелгіде көптің көңіліне күдік ұялатқан бұл бастама қысқа мерзім ішінде өзінің тиімділігін дәлелдеп үлгерді. Енді осынау ауқымды реформаның негізгі мақсатына тоқталар болсақ. Ол оқушыларды кең ауқымды дағдыларға үйретуге, функционалдық сауаттылықтарын арттыруға, адами құндылықтарын дамытуға көңіл бөле отырып, заманауи технологияларды қолдануға көшу процесінде мұғалімнің кәсіби шеберлігін арттыруды көздейді. Бүгінде аталмыш межеге нық қадам басып жатқанымыз тағы айқын. Қазір еліміздегі мектептердің барлығы Назарбаев зияткерлік мектептерінің тәжірибесін ескеріп, білім ошағында сан-салалы, дамыған тұлға қалыптастыруға бет алған. Еліміздің ертеңін қалыптастыратын бүгінгі жас мектептен бұрынғыдай тек қана білім алып қоймай, өнерге мен шығармашылыққа бейімделеді. XXI ғасыр талап етіп отырған IT технологияларды меңгеріп, сандық жүйеге көшуге дағдыланады. Одан бөлек жастардың патриоттық тәрбиесіне де аса мән беріліп, тарихын біліп, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін тануға барынша мүмкіндік жасалуда, – деген Күләш Ноғатайқызы педагогтерге жүктелген зор міндеттерді де қаузауды жөн көрді.

– Педагог өз логикасын дамытуға, көшбасшылық дағдыларын қолдануға, инновацияларды шығармашылық жолмен енгізуге мүдделі болуы керек. Осы ретте Уэйн Дуглас Гретцкидің «Мен шайбаның соңынан емес, оның болуы мүмкін жерге қарай жүгіремін» дегені еріксіз ойға оралады. Ұстаздар да осы хоккейшінің ұстаныма құлақ асуы тиіс деп білемін. Сонда ғана ол өз жұмысын нәтижелі жоспарлап, алдына келген оқушының болашағын бағдарлай алады. Ал ол үшін жоғарыда атап өткен ізденімпаздық пен табандылық қажет. Онымен бірге ұстаздарға тек қана өз пәнін біліп қою жеткіліксіз. Сағат, тіпті минут сайын өзгеріп отырған бүгінгі кезең мұғалімдерден жан-жақтылықты және ең алдымен өзіне деген сенімділікті қалайды. Сондықтан, сіздер барлық оқушының оқып, дами алатынына сенулеріңіз керек. Және бұған оқушыны да, ата-ананы да сендіре алуларыңыз қажет. Сенім болғанда ғана үлкен жетістіктерге жетіп, қиындықтарды еңсеруге болады. «Баланың деңгейі осыдан артпайды» деп біржақты бағалауға болмайды. Мұғалім өз әрекеті арқылы оқушыны түсініп, қолдай алатынын көрсете білуі маңызды, - деді.

Сондай-ақ, Күләш Шәмшидинова мұғалім өзін тек қызмет көрсетуші ғана емес, оқушының әлеуметтік, мәдени және тілдік тәжірибесін ескеріп, олардың білім алуына оң ықпал ететін өзгерістерді қозғаушы күш ретінде сезінуі тиіс екенін тілге тиек етті. Және ғылым мен технологияның дамыған заманында қарапайым дәстүрлі сабақтың мәні де сәні де кеткенін алға тартып, жас буынды заманына сай лайықты жеке тұлға ретінде қалыптастыру ісі мемлекетіміз үшін маңызды екенін ұғындырып, осы істі қолға алған әрбір педагог өзіне артылған жүкті көтере білуі тиіс екенін жеткізді. Жиналған ұстаздар қауымын жан-жақты білімді, өмір сүруге бейім, ой-тұлғасы бар, адамгершілігі жоғары, қабілетті жеке тұлғаны яғни еліміздің патриотын қалыптастыру жолында аянып қалмауға шақырған Күләш Шәмшидинова жезқазғандық ата-аналарды Назарбаев зияткерлік мектебінің оқу жүйесі жайында қызықтырған сұрақтарға жауап берді.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

# ЗАҢНАМАДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

***кездесуде сөз болды***

**Жезқазғандық мемлекеттік қызметшілермен кездескен ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты Арман Қожахметов 2020 жылдан бастап Заңнамаға енген өзгерістерді қысқаша таныстырып өтті.**

– 2020 жылдан бастап білім беру, денсаулық сақтау, құқық қорғау, мәдениет, тағы да басқа түрлі салалар жаңа жаңалықтармен толықты. Биылдан бастап мемлекеттік жәрдемақы 4 немесе одан да көп кәмелетке толмаған немесе 23 жасқа дейінгі күндізгі бөлімде оқитын балалары бар барлық көпбалалы отбасыларға табысына қарамастан төленеді. 4 баласы бар отбасыларға 42 500 теңге, 5 балаға – 53 125 теңге, 6 балаға – 63 750 теңге, 7 және одан да көп балаларға 74 375 теңге төленеді. Орта есеппен алғанда, жәрдемақы мөлшері әр балаға 10-11 мың теңгені құрайды, бұл 2018 жылдан бастап тағайындалмайтын осыған ұқсас жәрдемақыдан 7 есеге көп. Сондай-ақ, биылғы жыл мұғалімдерге де жағымды жаңалықтармен басталды. «Педагог мәртебесі» туралы Заң бойынша да мұғалімдердің жалақысы көтеріліп, арнайы ережелер бекітілді, – деді Арман Қожахметов.

Мәжіліс депутаты қозғаған тақырыптардың бірі – Әкімшілік іс жүргізу Кодексі.

– Бұл кодекс 2009 жылы жаңа өзгерістермен Парламентке ұсынылған болатын. Бірақ, толыққанды болмауына байланысты Сенат шешімімен кері қайтарылған еді. Кеткен қателіктер түзетіле отырып, аталмыш Кодекс 2019 жылдың 10 қыркүйегінде қайтадан Мәжілісте қаралды. Кодекс бойынша барлық мемлекеттік органдардың жұмыстары қарапайым халыққа жария, қолжетімді түрде іске асатын болады. Бұл Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Еститін мемлекет» тұжырымдамасына негізделген. Жаңаша ұсынылған Әкімшілік іс жүргізу кодексін Еуропа кеңесі және Еуропалық экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы тексеріп, оң бағасын берді, –деді ол.

Мемлекеттік қызметшілердің атқарылған шаралары мен алдағы жоспарларына шолу жасаған Арман Қожахметов оларды өз істеріне жауапты әрі белсенді болуға шақырды.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

БІЛІМ және ТӘРБИЕ

# «САРЫАРҚА САҢЛАҒЫ»

***облыстық дебат жарысының алғашқы туры Жезқазғанда өтті***

**Қарағанды облысы бойынша ұйымдастырылған «Сарыарқа саңлағы» жастар жобасы негізіндегі дебат сайысының алғашқы туры мысты шаһар Жезқазған төрінде өтті.**

Биылғы басты мақсатын «Ұлы ойшылдар өміріне бойлау» деп алған аталмыш жоба тікелей Қарағанды облысы әкімі Жеңіс Қасымбектің қолдауымен жүзеге асып отыр. Жыл соңына дейін түрлі тақырыптар бойынша ұйымдастырылуды мақсат етіп отырған дебат сайысының Жезқазған қаласында «Әлемнің екінші ұстазы» атанған Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 және «Қазақтың бас ақыны» Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жылдық мерейтойына арналды. Дебатқа «Назарбаев зияткерлік мектептері» АҚ-ның басқарма төрағасы Күләш Шамшидинова мен Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Абзал Нүкенов арнайы қатысты.

– Сіздер керемет заманда өмір сүріп жатырсыздар. XXI ғасыр – ғылым-білім, техниканың жетілген заманы. Күн сайын жаңа жаңалықтар ашылуда. Дей тұрғанмен, біз ешқашан түп тарихымыздан, салт-дәстүрімізден және тарих беті мен жүрек түпкірлерінен орын алған ата-бабаларымыздың өмір жолдарын ұмытпауымыз керек. Біз тек қана Әбу Насыр әл-Фараби және Абай Құнанбайұлы арқылы ғана кең әлемге ұлттық болмысымыз бен бай мәдениетімізді таныта білдік. Ал, біздің тарихымызда мақтанарлық ойшыл, ғұламалар өте көп. Біздің заманымыз бір-бірімізден, кіші үлкеннен, үлкен кішіден үйренетін заман. Соның ішінде, сіздер, жастар, айналамызда болып жатқан кез келген оқиғаға немқұрайлы қарамауларыңыз керек. Сіздер өзіндік пікір мен көзқарастың иесі болуға талпыныңыздар. Осы жолда бүгінгі дебат сайысының қосар үлесі тіптен зор деп білемін, – деді шара басында оқушыларға ыстық лебізін білдірген Күләш Шамшидинова.

– Бүгінгі облыс бойынша ұйымдастырылып жатқан дебат – республикамыз үшін үлкен маңызға ие. Жастар үшін тәрбиенің алар орны ерекше. Ел болашағы ретінде қазақстандық жастар білім мен тәрбиені қос қанатындай қатар, тең ұстауға міндетті. Ойлы жас қана өзгелерден оза шабады. Алдымен, бойларыңызға жақсы ой қалыптастырыңыздар, ол ойдан армандар туады. Арман мақсатқа ұласып, одан кейін жоспар туындайды. Міне, сол жоспарларды орындауда талмай еңбектенетін болсаңыздар бастапқы кішкентай ой орындалған шынайы өмірді құрайды. Міне, менде шын жүрегіммен, сіздердің армандарыңыз ақиқатқа айналуына тілектеспін. Ақын Абай айтқандай, әрқайсысыңыз мына өмірден өз орындарыңызды тауып, берік кірпіші болып қаланыңыздар және ата-аналарыңыз бен ұстаздарыңыздың үкілеген үмітін ақтаңыздар! – деген облыс әкімінің орынбасары да барша оқушыларға ыстық ықыласын білдірді.

Қарағанды қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің тарих пәнінің мұғалімі Ғабит Мұхтарұлы модераторлық еткен дебат сайысына екі қатысушыдан құралған төрт команда қатысты. Сәтбаев қаласы оқушылар сарайының тәрбиеленушілерінен құралған «Парасат», «Өркен» мектебінің «Өркен», Қ.Сәтбаев атындағы № 7 мектеп-лицейінің «Сұңқар», № 3 Білім-инновация лицейінің «Зияткер» командалары бақ сынаған сайысқа Ы.Алтынсарин атындағы төсбелгі мен Қазақстан Республикасы Ерен еңбегі үшін медалінің иегері Күліш Төлеуханова, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Алмагүл Үмбетова, «Жарқын ақыл» білім және даму орталығының директоры Ақансері Сүлейменов және Ө.Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті жанындағы «Рухани жаңғыру» орталығының жетекшісі Арман Кенжебек сарапшылық етті. Парламенттік дебат түрінде өткен сөз шеберлері сайысында қозғалған негізгі тақырып «Адамгершілік және рухани тазалық» жайы болды. Тақырыпқа сай, қазіргі қоғамдағы басты құндылықтар мен түйткілді мәселелерді ортаға салған дебатерлерге үш минут ішінде тұщымды да негізді тұжырымдар айту жүктелді. Соған сай, шаршы алаңға шығып, сөз бастаған оқушыларға қос фракция ойларын ортаға салып болғаннан кейін парламент, яғни, залдағы көрермендер тарапынан «Ашық микрофон» әдісі бойынша сұрақтар қойылып, ұсыныстар айтылды. Шара соңында келесі дебат сайыстарында дебатерлерге жылдамдық және қарсыласты тықсыртып тастайтын тосын позиция ұстану керектігін ескерткен Күліш Төлеуханова барлық қатысушылар мен топ жетекшілеріне Қарағанды облысы әкімінің Алғыс хаттарын табыстады. Ал, «Үздік спикер» атағын № 3 Білім-инновация лицейінің оқушысы Нұрмұхаммед Еркін жеңіп алды.

Дебат сайысының кезекті турлары жыл соңына дейін жалғасады.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

# КЕҢГІР СЕЛОЛЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМІ Қ.ЖАНПЕЙІСОВТІҢ 2019 ЖЫЛЫ АТҚАРҒАН ЖҰМЫСЫНЫҢ ЕСЕБІ



Есеп беру кездесулерінің маңыздылығы сол, өткен жылдың атқарған жұмысын талдай отырып және алдымызда тұрған міндеттерді айқындай отырып, біз халықтың әлеуметтік әл-ауқатын арттырудың, экономиканың тұрақтылығын сақтаудың нақты жолдарын жан-жақты талқылауымыз керек.

Селолық округ әкімі аппаратының қызметі есеп беру кезеңінде Президент және Үкімет қойған міндеттерді орындауға, облыстық және қалалық бағдарламаларды жүзеге асыруға, өткен есептік кездесулерде айтылған азаматтардың ұсыныстары мен ескертулерін жүзеге асыруға бағытталды.

Жалпы, есептік кезеңде округтің әлеуметтік-экономикалық дамуы оң нәтижені сақтап қалды.

Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту, экономикалық өркендеудің, әлеуметтік әл-ауқаттың және азаматтық қоғамды қалыптастырудың міндетті шарттарының бірі болып табылады.

Кеңгір селолық округі, Жезқазған қаласының алғашқы тірек ауылдық елді-мекендерінің алғашқыларының бірі болып, 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап халқының саны екі мың адамнан асатын ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін бюджеттің IV деңгейі – аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттері енгізіліп осы бағытта жұмыс істей бастады.

***Бюджет***

Кеңгір селолық округінің бюджеті 733974 мың теңгені құрады, оның 42935 мың теңгесі селолық округтың дамуына бағытталған:

1.Кеңгір селосы әкімі аппаратының жұмыс жасауына бағытталғаны 41256,0 мың теңге.

2.Кеңгір селосының елді-мекендерін жарықтандыру қызметі үшін – 5 млн 079 мың теңге.

3.Оның ішінде: көше жарықтандыру құралдарын ұстауға – 1 млн 800 мың теңге, көше жарықтандыруы үшін төлем – 3 млн 279 мың теңге.

4. Облыстық маңызы бар қалалардағы, ауылдардағы, кенттердегі, ауылдық округтердегі автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз етуге – 2 млн 400 мың теңге.

5. Жолдарды орташа жөндеуге – 20 млн 185 мың теңге.

6.«Өңірлерді дамыту» бағдарламасы аясында өңірлердің экономикалық дамуына ықпал ету шараларын іске асыруға – 2 млн 720 мың теңге.

***Ауыл шаруашылығы***

Кеңгір ауылының бағытын ауыл шаруашылығы айқындайды, оның даму деңгейі, әлеуметтік-экономикалық жағдайы – тұрақты әлеуметтік ахуалдың басты индикаторы болып табылады. Бірінші кезекте бұл егіншілік пен мал шаруашылығын дамыту.

Ауылдың агроөндірістік әлеуетін «Племптицеторг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, 81 шаруа қожалығы, оның ішінде 69 шаруа қожалығы мал шаруашылығымен айналысады

***Өткен 2019 жылмен салыстырғанда мал басы:***

| Атауы | 2019 жыл. | 2020 жыл | Көрсеткіші |
|---|---|---|---|
| Ірі қара мал | 3376 | 3420 | +44 |
| Ұсақ қара мал | 7840 | 6758 | -1082 |
| Жылқы | 2420 | 2426 | +6 |
| Түйе | 18 | 19 | +1 |
| Шошқа | 29 | 25 | -4 |
| Құс | 169 | 191 | +21 |

«Игілік», «Нәтижелі жұмыспен қамту» бағдарламасы бойынша мал басын көбейту үшін жеңілдетілген несиелер қаралған. Осы бағдарламалар арқылы селолық округтің бірқатар тұрғындары осы бағдарламалар ақылы несиелер алды.Атап айтсақ:

Сулейменов С.А – Теректі станциясы.

Шамбулов Е – Теректі станциясы.

Бузшулаков Е – Қорғанбай ауылы.

Жуманов Қ. – Түйемойнақ станциясы.

Жагиппаров Е .

«Нәтижелі жұмыспен қамту» бағдарламасы аясында жұмыссыздар ретінде тіркелген тұрғындар Жезқазған қалалық кәсіпкерлік палатасы арқылы төмендегі тұрғындар грант алды.

Қанат А, Байтуанова Г.

Бұл қаражаттарына ірі қара мал сатып алды.

«Ауыл береке – 2019» ауыл шаруашылық жәрмеңкесін өткізу кестесі негізінде ауыл шаруашылық жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Жәрмеңкеде осы шаруашылықтардың өнімдері төмен бағамен ұсынылды.

Саланы цифрландыру ауыл шаруашылығына да қатысты, өйткені Қазақстанның экономикалық тұрақтылығын нығайту үшін кең ауқымды ауыл шаруашылығы алқаптары мен түрлі климаттық жағдайлар болып табылады. Цифрландыру мемлекеттік статистикалық есеп пен бақылаулардың дұрыстығын арттыруға, жоғары технологияларды енгізуді ынталандыруға, мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігін, олардың айқындылығы мен фермерлер үшін қол жетімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Барлық шаруа қожалықтарының алқаптары цифраландырылып «Қолдау –KZ» сайтында тіркелді.

Округ бойынша статистикалық көрсеткіштер

Халық саны:

Кенгір с /о – 3382 адам

Кеңгір селосы – 2680 адам

оның ішінде, экономикалық белсенді халық – 1520 адам

әйелдер – 1691 адам

ерлер – 1691 адам

зейнеткерлер – 330 адам

әр түрлі жәрдемақы алушылар – 74 адам, оның ішінде атаулы-әлеуметтік көмек алушылар саны – 25 адам.

әскери міндеттілер саны – 202 адам

әскерге шақыртушылардың саны – 421 адам. (27 жас – 50 жас аралығы).

Барлық статистикалық мәліметтер бүгінгі күні «Е-Халық» ақпараттық жүйесінде көрсетілген .

«Е-Халық» ақпараттық жүйесі: нақты тұратын халықтың санын анықтауға; ішкі және сыртқы көші-қон мониторингін жүзеге асыруға; әлеуметтік-осал санаттарға жататын азаматтарды, сондай-ақ, жұмыссыздар мен өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды есепке алуға; барлық мемлекеттік ақпараттық жүйелердің деректерін өзектілендіруге; халықтың кірістерін жалпыға бірдей декларациялауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

***Коммуналдық шаруашылық***

***Сумен жабдықтау***

2019 жылдың шілде бастап Жезқазған қаласы қалалық автожолдар басқармасының Кеңгір селосы бойынша учаскесі қырқартылуына байланысты барлық коммуналдық қызмет түрлері Жезқазған қалалық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы,жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары бөлімі арқылы жүргізіліп отырылды.

***Жарықтандыру***

Село ішіндегі Сейфуллина,Пушкина,Школьная, Ұлытау, Молодежная, Сәтбаев, Мир көшелеріне 3 фазалық АСКУЭ есептегіш құралдары орнатылды. Барлығы 13 дана. Бұл жұмыстарға 2326,7 мың теңге қарастырылып мердігер «Асия-Строй» ЖШС атқарды.

Мердігер «Жан-Али» жеке кәсіпкері село ішіндегі жарық желілерін СИП -5 ГОСТ 352373-2005 маркасына ауыстырылды. Қарастырылған қаражат 2662,5 мың теңге.

Саябақ аумағына 22 дана жарық бағандары орнатылды.Бұл жұмыстарға 2175,8 мың теңге бөлініп ЖШС «Respekt Story KZ» атқарды.

«Smart invest Gruoup» мердігері селодағы Әуезов көшесінен Молодежная көшесіне дейін 18 дана жарық бағандарын орнатты.

Қарастырылғын қаражат көлемі – 3300 мың теңге.

Пушкин, Тимирязев,Ұлытау көшелеріне 12 дана жарық бағандары орнатылып 2072,0 мың теңге қаражат қарастырылып «Smart invest Gruoup» мердігері орындады.

Селодағы және Қорғанбай ауылындағы 101 дана жарық шамдарын светодиод шамдарына ауыстыру жұмыстары жүргізіліп 4813,0 мың теңге игерілді. Бұл жұмыстарды жеке кәсіпкер «Мукашев» орындады.

***Жолдар***

«Өңірлерді дамыту» бюджеттік бағдарламасы бойынша Кеңгір селосының ішкі жолдарын жамау жұмыстары жүргізілді. Жұмыстың осы түріне бюджеттен 2400 мың теңге қарастырып, 359 шаршы метр жолдарға жамау жұмыстарын «Авто» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жүзеге асырды.

Кеңгір селолық округіндегі автомобиль жолдарын күтіп-ұстау және пайдалану жұмыстарына 1 млн 398 мың теңге қарастырылып «Темір Бай KZ» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі жыл соңына дейін осы жұмыстарды атқарды.

Әуезов көшесінен Мир көшесіне дейін, Тимирязев көшесінің бір бөлігі және Әуезов көшесінің өзі жалпы көлемі 8933 шаршы метр 34 млн 039 мың теңгеге жөнделді. Осы жұмыс түрінің әкімшісі Жезқазған қаласының ТКШ, ЖК және АЖ бөлімі болды.

***Санитарлық тазалау, көгалдандыру, абаттандыру***

Көктемгі екі айлықтың және күзгі айлықтың барысында 3 облыстық және 6 қалалық сенбілік өткізілді. Бұл шараларға мектеп мұғалімдері мен оқушылары, жұмыссыздар ретінде тіркелген қоғамдық жұмыскерлер, ұйым қызметкерлері мен село тұрғындары белсенді қатысты.

Селода қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау және тасымалдау қызметін ұйымдастыруды, бекітілген кесте бойынша «Сәт тазалық» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жүзеге асырады.

Жыл қорытындысы бойынша әкімшілік қызметкерлері мен учаскелік инспекторлар жүргізген жұмыс барысында селоны абаттандыру ережелерін бұзғаны үшін 45 әкімшілік хаттама толтырылды.

***Білім, денсаулық сақтау саласы бойынша***

Кеңгір ауылдық округінің білім беру саласы 1-ші жалпы орта білім беру, 1 – негізгі № 2 Кеңгір орта мектебінде оқушылар саны – 418, Теректі негізгі мектебінде – 63.

Кеңгір ауылындағы мектепке дейінгі балалардың жалпы саны 300 баланы құрайды, оның ішінде: 2 жастан 3 жасқа дейінгі 20 бала «Айгөлек» шағын орталығына, 3 жастан жоғары 20 бала «Балапан» шағын орталығына барады. Мектепалды даярлық сыныптарында 36 бала айналысады.

Селода «Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша жас мамандарға әлеуметтік қолдау көрсету мақсатында, жас мамандар: химия пәнінің мұғалімі Егінбай Гауһар Қанатбекқызы, «Балапан» шағын орталығының тәрбиешісі Жандильдина Сандуғаш Сұлтанғазиевнаға , Кеңгір селосында тұрғын үй алу үшін төмен пайыздық несие берілді.

Ауылымызда 1 емхана филиалы орналасқан. Емханада 1 жалпы тәжірибелік дәрігер 2 медбике. Теректі, Қорғанбай, Түйемойнақ ауылдарында фельдшерлік-акушерлік пунктері жұмыс атқарады.

Село бойынша емханаға 2038 тұрғын тіркелген, 1 жасқа дейінгі 58 бала, 67 жүкті әйел тіркелген. Тұмауға қарсы 500 вакцина жасалды.

***Мәдениет саласы бойынша***

Ауылда клуб жұмыс істейді. Балалар үшін үйірмелер ұйымдастырылған. Кеңгір селосы мәдениет үйінде 2014 жылдан бері «Кербез» би үйірмесі жұмыс жасайды. Үйірме 3 топтан құралған.Үйірме жетекшісі – Қалиева Даметкен. Кеңгір селосы мәдениет үйінің тағы бір үйірмесі домбыра.Үйірме жетекшісі «Дипломмен ауылға» бағдарламасымен келген жас маман Даулет Айтболатұлы. Мектеп оқушыларымен бірге әр түрлі іс-шаралар өткізіледі.

8 наурыз мерекесі қарсаңында селомыздың мәдениет үйінде батыр аналарға, көпбалалы аналарға арналған мерекелік концерт ұйымдастырылды. Селомызда ашылған «Ұлы Дала» гипермакертінен сыйлықтар таратылып, қала әкімінің «Құрмет грамотасы» тапсырылды.

Биылғы жылы ауыл тұрғындары үшін Наурыз мейрамы ұйымдастырылды. Ауыл тұрғындары мен қонақтар үшін мерекелік дастархан жайылды.

Кеңгір селосының мәдениет үйінде Теректі Қорғанбай елді-мекендерінде туристік кластерлерді дамыту жөнінде «Даму-Ұлытау» қоғамдық бірлестігі семинар өткізді.

«Кеңгір селосы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде, 2019 жылдың 17 қазан айында «Халықтық заңгер» жобасы аясында қабылдаулар өткізіліп, азаматтарға құқықтық көмек көрсету бойынша іс-шаралар өткізілді.

«Сарыарқа Адалдық Алаңы» жобасының (бұдан әрі - жоба) мақсаты сыбайлас жемқорлықты азайту, сыбайлас жемқорлықтан бас тартуды қалыптастыру және азаматтардың мемлекеттік органдарына сенімін арттыру болып табылады.

Осыған орай Кеңгір селосы әкімі аппараты «Электрондық Үкімет» порталы арқылы пайдаланушылардың үлесін арттыру мақсатында әкімшілік ғимаратында мемлекеттік қызметтерді қашықтықтағы форматта алуға арналған халыққа қызмет көрсету орталығына бармай-ақ, Кеңгір селолық округінің тұрғындарына өзіне-өзі қызмет көрсету бұрыштары жұмыс істейді.

Жыл сайын Кеңгір селосының солтүстікшығыс аумағында, «ГОРЧАККА» қарсы залалсыздандыру жұмыстары жүргізіледі.

Кеңгір селосында Жезқазған қаласы төтенше жағдайлар бөлімінің мамандарымен бірлесе дала өрті кезінде өрт сөндіру құралдарымен қолдану жөнінде жаттығулар өткізілді. Оған Кеңгір селолық округі бойынша құрылған « Өрт сөндіруші еріктілер жасақтары» белсене қатысты.

Кеңгір селосының әкімі әкімшілік қызметкерлері Теректі елді-мекенінің тұрғындарымен кездесу өткізді. Кездесу барысында тұрғындардың көкейінде жүрген әртүрлі мәселелер көтеріліп, жан-жақты талқыланды.

Мектеп және мешіт құрылысына қазіргі таңда жер телімі анықталып бекітілді.

2019 жылдың желтоқсан айында облыстық ономастика комиссиясының отырысында талқыланып, оң шешімін тапты. Осыған орай, Теректі елді-мекеніне Алтын Орда, Байқоңыр, Сарыарқа, Наурыз көше аттары беріліп, бекітілді.

2020 жылы осындай іс-шаралар Қорғанбай ауылында да жүргізіледі.

Селомыздың тұрғыны Гуляс Татьяна Валерьевна «селодағы балаларға арналған оқу орталығы» жобасы үздік бизнес-жоба болып табылып, 600 мың теңгенің сертификатын ұтып, Жезқазған қаласы әкімінің дипломымен марапатталды.

***2020 жылы жүзеге асатын жобалар:***

1. Кеңгір селосындағы жолдарды ағымдағы жөндеу жұмыстарына 2420,0 мың теңге қарастырылады.

2. Кеңгір селосындағы жолдарды орташа жөндеу жұмыстарына 20185,0 мың теңге қарастырылады.

3. Елді мекендерді қоқыстардан тазарту жұмыстарына – 6700 мың теңге қарастырылады.

4. Селода балалар футбол алаңына ағымдағы жөндеуден өткізу жұмыстарына – 1472 мың теңге қарастырылады.

5. Саябақ алаңына спорттық-сауықтыру ауымағына 2700 мың теңге қарастыралы.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, жауапкершілік сезімі дегеніміз - кемшіліктерді түзету, көрсетілген нұсқауларды уақытында орындау.

Әкімге жүктелген үлкен жауапкершілікті біле отырып, мен халықтың әл-ауқатын жақсарту, адамдармен бірлікте болу, олардың қажеттіліктерін түсіну және уақытылы көмек көрсету мен үшін үлкен мәртебе.

# МАЛШЫБАЙ СЕЛОЛЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМІ Қ.БАПАНОВТЫҢ 2019 ЖЫЛЫ АТҚАРҒАН ЖҰМЫСЫНЫҢ ЕСЕБІ



Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «СЫНДАРЛЫ ҚОҒАМДЫҚ ДИАЛОГ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ МЕН ӨРКЕНДЕУІНІҢ НЕГІЗІ» Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру мақсатында Малшыбай селосында 6 адам жұмыссыз ретінде тіркеліп, оның ішінде 2 адам тұрақты жұмыспен қамтылып, жұмыссыз ретінде тіркелмеген 4 адам «Жалтырбұлақ» АҚ-на жұмысқа тұрды. Барлығы 6 адам тұрақты жұмыспен қамтылды. 1 адам грант арқылы 2 бас сиыр алуға 500 мың теңге алды.

Малшыбай селосында жеке кәсіп ашып, оны дамытуға, бизнесті өркендетудің тұрақты көздерін қалыптастырып, жеке инвестицияны ынталандыру және нарық еркіндігін қолдау мақсатында 9 шаруа қожалығы мемлекеттік бағдарламаларға қатысты. Оның ішінде: 6 шаруа қожалығы ірі-қара малдарын асылдандыру бойынша субсидия алды, 1 шаруа қожалығы «Сыбаға» бағдарламасы арқылы шет елден 69 бас сиыр малын алды. 5 шаруа қожалығы «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған» бағдарламасы арқылы 29 млн. теңге алды.

Мектептердегі спорт ғимараттарын тиімді пайдаланып, дене шынықтырумен айналысу мақсатында Жезқазған қаласы әкімінің сыйлығы Малшыбай селосының №15 негізгі орта мектебіне швед қабырғасын 673 мың теңгеге орнатты. Жезқазған қалалық білім бөлімінің бюджетінен көпфункционалды хоккей корты 7 млн. 727 мың 988 теңгеге орнатылды.

Цифрлық Қазақстан бағдарламасын іске асыру және электрондық мемлекеттік қызметтерді кеңінен тарату аясында Малшыбай селосының әкімдігінде тұрғындар «Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрыштары» барлық қажетті жабдықтармен жабдықталған және Интернетке қолжетімді. Электрондық цифрлық қолтаңбасы (ЭЦҚ) бар тұрғындар мемлекеттік қызметтерді электронды форматта Жезқазған қаласына бармай ақ, халыққа қызмет көрсету орталығына (ХҚКО) жүгінбестен «өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы» арқылы ала алады.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында «Сарыарқа – адалдық алаңы» жобасы аясында Малшыбай ауылында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында, ауыл тұрғындарымен ақпараттық жұмыс жүргізіліп, 2 билборд орнатылды.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында белгіленген белестердің бірі – «Туған жер» бағдарламасы аясында, Жезқазған қаласының әкімі мен мемлекеттік мекемелері көмегімен Жезқазған қаласының 65 жылдығына орай 2019 жылдың 20 сәуір күні шаруа қожалығы иелері мен ауыл тұрғындарының демеуімен «Сарыкеңгір самалы» атты қала көлемінде үлкен іс-шара өткізілді. Облыстық мәслихат депутаты Бекзат Алтынбеков демеушілік білдіріп, 5 киізүй тігуге жәрдем берді. Ауыл тұрғындары мен мектеп оқушыларының атсалысуымен концерттік бағдарлама, аламан бәйге, қазақша күрес, алтыбақан орнатылды. Іс-шараға ауыл тұрғындары мен Ұлытау ауданы, Жезқазған-Сәтбаев қалаларынан қонақтар шақырылды.

Селомызды көркейту мақсатында «Жезқазған қаласының тұрғын үй-коммунальдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары» мемлекеттік мекемесі бюджетінен Ұлытау, Алаш, Сарыарқа көшелерін жарықтандыруға 9 млн. теңгеге 32 бағана орнатылды.

Ауылға кіреберістегі «Сәт сапар», «Қош келдіңіздер» тақтайшалары латын әріптеріне ауыстырылды.

2019 жыл елімізде Жастар жылының жариялануына байланысты село әкімшілігі «Аймақтарды дамыту» бағдарламасы арқылы ауылдың жастарының салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында ауылдың орталығына 233 мың теңгеге спорттық тренажорлар орнатылды.

Экологияны жақсартып, оқушыларды еңбекке баулу, ауылдың көркін кіргізу мақсатында мектептің ауласына Жезқазған ботаникалық бағының демеушілігімен 50 дана тал отырғызылды.

3 қазанда Қазақстандағы барлық мектептерде «Эко-сағат» кең көлемді акциясы басталып, осыған орай Малшыбай селосының №15 негізгі орта мектебінде ұстаздар мен оқушылардың қатысуымен сабақ өткізді.

«Малшыбай ауылы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, балалардың заманауи үй тапсырмаларын үйде орындауға жағдай жасау мақсатында, есептен шығарылған, жұмыс жасап тұрған компьютерлер жиынтығын, принтерімен ауылдың көп балалы 3 отбасына қайырымдылық ретінде орнатып, іске қосып берді.

Ауыл әкімі №15 негізгі орта мектептің шаруашылық қызметкерлеріне Малшыбай селосының қоғамдық-саяси өміріне белсенді қатысқаны және әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлестері үшін ауыл әкімінің мадақтамасымен марапатталды.

2019 жылы Жезқазған қаласының 65 жылдық мерейтойына орай өткен салтанатты жиында қала әкімі Қайрат Бегімов Малшыбай ауылының 2 ақсақалы мен 1 ауыл анасына Еліміздің дамуы мен өркендеуіне қосқан үлестері мен мінсіз адал еңбектері үшін мерейтойлық медаль тапсырды.

2019 жылы Малшыбай ауылының 17 тұрғынына Жезқазған қаласының әкімі Қайрат Баяндыұлы Бегімовтің, Жезқазған қалалық мәслихатының хатшысы Советбек Тұрсынұлы Медебаевтың «Құрмет грамоталарымен» марапатталды.

Жаңа жылдық шырша селоның орталығына орнатылып, қардан жыл он екі ай жануарларының мүсіндері мектеп ұжымы мен ата-аналардың және мектеп оқушыларының көмегімен жасалды. Жақсы жасалған мүсіндер номинациясымен марапатталды. Марапат сыйлықтарына шаруа қожалығы иелері Құлжанов Дүйсебек Таңатарұлы мен Жакупов Бауыржан Еркінбайұлы демеушілік жасады. Балаларға қардан ауыл тұрғындарының күшімен сырғанақ орнатылды. Мектеп ауласына судан мұз айдыны құйылды. Бұл балалардың конькимен мәнерлеп сырғанау мақсатында жасалған.

2019 жылдың 27 желтоқсанда №15 негізгі орта мектебі мен село әкімі аппаратының ұйымдастыруымен ауыл тұрғындарының «Кел, жаңа жыл ортаға» атты жаңа жылдық кеші өткізілді. Селоның зейнеткерлері мен мүмкіндігі шектеулі азаматтарына демеушілердің көмегімен жаңа жылдық сыйлықтар таратылды.

Малшыбай селосы Жезқазған қаласынан 91 шақырым қашықтықта орналасқан. Қазіргі таңда ауылдық округте 84 отбасында 414 адам тұрып жатыр, 2019 жылы селоның заңды тұлғаларымен және жеке тұлғаларынан мүлік салығына 6 000 теңге, көлік салығына 300 000 теңге төленді.

«Малшыбай селосы әкімінің аппараты» ММ-не 41 млн. 012 мың теңге қаржы бөлініп толығымен игерілді.

Село әкімдігі ауыл экономикасының негізін құраушы шаруа қожалықтарын құру мен дамытуға, ауылдағы кәсіпкерлікті ынталандыруға ерекше көңіл бөледі. Бүгінгі күні селолық округте 84 шаруа қожалығы тіркеліп, оның 59-ы жұмыс жасауда. Селоның жалпы жер көлемі 331 128 гектарды құрайды, оның ішінде 169592,9 гектар ауыл шаруашылығына пайдаланада және 405 гектар шабындық.

Ауыл негізінен мал шаруашылығымен айналысады.

Былтырғы жылмен салыстырғанда МІҚ 4,16%, қой-ешкі -5,46%, жылқы 5,17% өсті. Бұл селоның ауыл шаруашылығының дамып келе жатқанын көрсетеді.

Сонымен қатар, жұқпалы ауруларға қарсы егіп-емдеу, оларды анықтау мақсатында қан алынып, тексеру жұмыстары кесте бойынша жалғасуда.

***Ауылымыздағы мал басының жағдайы келесі кестеде көрсетілген:***

| | 01.01.2019 ж. | | | | 01.01.2020 ж. | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | МІҚ | Қой-ешкі | Жылқы | Түйе | МІҚ | Қой-ешкі | Жылқы | Түйе |
| Шаруа қожалықтары | 1637 | 4743 | 1784 | 15 | 1748 | 4623 | 2420 | 15 |
| Жұртшылық шаруашылығы | 439 | 1144 | 985 | - | 418 | 959 | 500 | - |
| Барлығы | 2076 | 5887 | 2769 | 15 | 2166 | 5582 | 2920 | 15 |

***Білім беру саласы:***

№15 Малшыбай негізгі мектебі. Жалпы мектепте қазіргі таңда 35 оқушы білім-тәрбие алуда. Оларға 13 ұстаз дәріс береді. Ауыл мектебі түгелдей дерлік комьютерлендірілген, мектеп интернет желісіне қосылған. №15 негізгі мектебінде 15 орындық шағын орталық жұмыс істейді, қазіргі таңда 8 бала тәрбиеленуде.

2019 жылдың 1 маусымнан бастап мектеп ішінен жазғы демалыс орталығы жұмыс істеді және 20 бала демалысын өткізді. №15 Малшыбай негізгі мектебіне жылу қазандығы арқылы жылу беріліп тұр. Мектеп толық отынмен қамтылған. Күнделікті температура сақталып қадағалануда.

2019 жылы «Жезқазған қаласының білім бөлімі» ММ-сі арқылы оқушыларының заманауи білім алуы мақсатында жаңа стандартқа сай биология, химия, технология және робототехника кабинеттерімен жабдықталды.

Жезқазған қаласының білім бөлімінің ұйымдастыруымен Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай өткізілген «Әсемпаз болма әрнеге...» атты қалалық байқауында ерекшеленген №15 негізгі орта мектебі шағын орталығының тәрбиеленушісі Күрдебай Нұрай Әмірханқызы, жетекшісі Төлегенова Балдырған Мәжкенқызы I дәрежелі дипломмен марапатталды.

Жезқазған қаласында Білім және спорт бөлімінің ұйымдастыруымен өткен шашки, дойбы ойындары жарысына Малшыбай ауылы оқушылары да қатысып, 17 команда арасынан 5-ші орынды қанжығаларына байлап келді.

Жезқазған қаласында 2007-2008 жылдары туған жасөспірімдер және қыздар аралығындағы «Наурыз мейрамына» арналған Жезқазған қаласының біріншілігі сайысына ауылымыздың атынан Күрдебаева Ақниет, Төлегенова Қарлығаш, Ернарқызы Айша, Меньгиков Олег қатысып, барлығы жеңіс тұғырынан көрінді.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын насихаттау аясында «Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ-сі арқылы 2019 жылы ауылдың мәдени ошағына 18 млн. 300 мың теңгеге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Мәдениет ошақты ашу мақсаты тұрғындар мен мектеп оқушыларын түрлі үйірмелермен қамту (домбыра, шахмат, кесте тігу, ән, би).

Селолық округте бүгінгі таңда С. Сейфуллин атындағы кітапхана филиалы тұрғындарға қызмет көрсетуде. Жергілікті бюджет есебінен кітап қоры жыл сайын толықтырылуда, бүгінгі таңда кітап қоры 5 235 данаға жетті.

Селода 1 фельдшер жұмыс істейді. Жоспарланған кестеге сәйкес уақытылы балаларды егу, вакциналау және емдеу жұмыстары жүргізіліп отырады.

Село әкімі мен оның аппараты өз өкілеттіктеріне сәйкес тұрғындарды әлеуметтік қорғау шараларын жүзеге асыруға, яғни, аз қамтылған отбасылары анықтап, олардың есебін жүргізуге, оларды қолдауға көңіл бөледі.

Селода жеті алтын, екі күміс алқа аналар және 73 зейнеткер, әр топтағы 8 мүгедек адам тұрады.

Малшыбай селосында 29 жасқа дейінгі 24 жас тіркелген, олардың 17-і үлкен қалаларда әр түрлі мамандықтар бойынша білім алуда.

Село тұрғындарына ауыз су үздіксіз беріліп тұрады. Қазіргі уақытта ауылда 14 колонка және 8 өрт сөндіру гидранты жұмыс істеуде, қалалық автокөлік жолдары басқармасы қызмет көрсетуде.

Автомобиль жолдарын күтіп ұстауға - 500 мың теңге қыс айларында қар тазалау жұмыстарына жұмсалды.

Селолық округтегі елді мекендер Казақтелеком телефон байланысымен және Beeline ұялы байланысымен қамтамасыз етілген. Әкімдік пен мектеп интернет жүйесіне қосылып жұмыс істеуде.

Жергілікті бюджеттен «Қазақстан Республикасы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару» заңына сәйкес 173 мың теңге түсті, жергілікті қауымдастықтың шешімімен елді-мекеннің көшесін жарықтандырудың электр энергиясына төленді.

Малшыбай селосының бас жоспарын жасауға «Жезқазған қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ-сі арқылы 2019 жылы бас жоспар жасауға жергілікті бюджеттен 8 млн. 960 мың теңге бөлінді.

Бас жоспар көше және үй атауларын ретке келтіру, газ құбырларын кедергісіз жүргізуге ықпал ету, жер телімдерін жеке үй шаруашылығын, бизнесті дамытуға жеке және заңды тұлғаларға беруге ықпал етеді.

Малшыбай ауылының оңтайландырылған бас жоспарын егжей-тегжейлі жоспарлау жобасы және топографиялық түсіріліміне қоғамдық талқылау жүргізілді.

Малшыбай селосындағы көшелерді бір реттілікке келтіріп, көше атаулары мен нөмерлер беру мақсатында Малшыбай селосы жергілікті қоғамдастық жиналысы өткізіліп,көше атауларын беру туралы шешім қабылданды. Ономастика комиссиясынан рұқсат алынды. Биыл селоның 5 көшесіне Ұлытау, Сарыарқа, Алаш, Достық, Сарыжайлау атаулары беріледі.

Тақтайшалар жергілікті бюджеттен 106 мың теңгеге жасалынып ілінді.

2019 жылы әкімдік ғимаратына жылу қазандығы 10 млн. 751 мың теңгеге орнатылды. 54 тонна көмір 704 мың теңгеге түсірілді. Малшыбай селосы әкімінің аппаратының ғимаратына күрделі жөндеу жұмыстарына жергілікті бюджеттен 23 млн. 812 мың 251 теңге жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Село тұрғындарымен және ауылдың жастарымен он бес мәрте кездесулер өткізіліп, атқарылған жұмыстар мен алдағы атқарылар істер жөнінде хабардар етілді.

Мемлекеттік мекемелер мен мемлекеттік емес мекемелермен он екі мәрте келісім бойынша Малшыбай селосына келіп ауыл тұрғындарына жеке сұрақтары бойынша кеңес берілді.

***2020 жылға жоспарланған жұмыстар***

Облыстық автомобильдер жолдар басқармасы арқылы 2020 жылы Сәтбаев – Малшыбай 21 – 51 шақырым аралығында тас жолын күрделі жұмыс жүргізу жоспарланған. Мақсаты, Алашахан Жошыхан кесенесіне туристік инфрақұрылымды дамытуға алналған

Малшыбай селосы тұрғындарының, зейнеткерлер мен жастардың демалысын жақсарту үшін парк құру сметалық құжаттама 41 миллион 507 мың 585 теңге көлемінде дайын. 2019 жылы конкурстық рәсімдер өткізілді. Конкурстың нәтижесі 2019 жылдың 19 желтоқсанында шығып жеңімпаз анықталмады. Парктің құрылысы «Жезқазған қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары» мемлекеттік мекемесі арқылы 2020 жылдың қаңтарға жоспарланған.

# ТАЛАП СЕЛОЛЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМІ Ғ.БИТЕНОВТІҢ 2019 ЖЫЛЫ АТҚАРҒАН ЖҰМЫСЫНЫҢ ЕСЕБІ



Қазақстан Президенті «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» деген тақырыппен халыққа Жолдауында айтылғандай отыз жылға жуық уақыт бұрын халқымыз өзінің Тәуелсіздігін жариялап, бабаларымыздың ғасырлар бойы аңсаған арманын орындады.

Осы уақыт ішінде Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың басшылығымен еліміз әлемдегі беделді әрі орнықты мемлекетке айналды.

Баянды бірлігіміздің арқасында тәуелсіздігімізді нығайтып, халқымыздың жағдайын жақсартуға жол аштық. Бұл жасампаздық пен ілгерілеу, бейбітшілік пен келісім кезеңі болды. Еліміздің даму жолын бүкіл әлем мойындап, қазақстандық, яғни Назарбаев моделі деп атады.

Қазір бізге Тәуелсіздіктің жетістіктерін еселеп, елімізді дамудың жаңа сапалы кезеңіне шығару мүмкіндігі беріліп отыр. Біз бұған Елбасы саясатының сабақтастығын сақтап, жүйелі реформалар жүргізу арқылы қол жеткізе аламыз.

Қазір мемлекеттік органдар оны жүзеге асыру үшін тиісті жұмыстар жүргізуде.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым Жомарт Тоқаевтың Жолдауында аталып өтілген мақсаттар мен міндеттерді орындауда ауылымызда атқарылған жұмыстарға тоқтала кетсем, Талап ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы атқарған жұмыстары туралы сіздерге өз есебімді бермекпін.

***Округ бойынша статистикалық көрсеткіштері***

***Тұрғындар саны:***

Талап селолық округінде – 625 адам

оның ішінде экономикалық белсенді халық саны – 237 адам

зейнеткерлер – 88 адам

көп балалы жәрдемақы алушылар – 14 адам

жаңа форматтағы атаулы әлеуметтік көмек алатындар саны – 3 отбасы.

Жергілікті өзін-өзі басқару қызметтерін жүзеге асыруға бағытталған қаржының түсуі мен жұмсалу жоспары талқыланады. Жұмсалатын қаражатты қадағалау үшін 5 адамнан тұратын мониторингтік комиссия құрылған. Түскен қаржы жергілікті елді-мекендер көшелерін жарықтандыру бағдарламасы бойынша жұмсалады.

Биылғы жылы кіреберіс тас жолдарды жөндеуге қалалық бюджеттен 25 млн теңге қаржы бөлініп, жөндеу жұмыстары жүргізіліп, қаражат толық игерілді.

Талап елді-мекенін келешекте дамыту мақсатында және тұрғын үй мен әлеуметтік мәдени нысандар құрылысына қажет жер учаскелерімен қамтамасыз ету үшін қалалық бюджеттен 11 млн арнайы қаржы бөлініп, ауылдың оңтайландырылған бас жоспары әзірленді. Жобаны әзірлеген – «Табыс жоба» ЖШС.

Елбасының тапсырмасы бойынша биылғы жылы Нұр-Сұлтан қаласына тартылып жатқан «Сарыарқа магистральды газ құбыры» біздің елді-мекен арқылы өтуде. Талап ауылы мен Жезқазған қаласына газ тарту желісін салу жұмысын оралдық «Әлия сервис» ЖШС жүзеге асыруда. Жалпы құны 3 млрд теңгеден асатын жоба биыл қыркүйек айында басталып, бүгінгі күні ауыл ішілік газ желісі әр тұрғын үйдің алдына дейін тартылды. Келешекте үйдің ішіне кіргізу жұмыстары жүргізілуде.

Тиімді шағын және орта бизнес – қала мен ауылды дамытудың берік негізі. Шағын, әсіресе, микробизнес еліміздің әлеуметтік-экономикалық және саяси өмірінде маңызды рөл атқарады. Атап айтсам, ең алдымен ауыл тұрғындарына тұрақты жұмыс береді, жұмыссыздықты азайтады. Ауыл тұрмысының сапалы болуын қамтамасыз етпей , ауыл шаруашылығының өнімділігін арттыру мүмкін емес.

Біз Елбасының «Ауыл – ел бесігі» арнайы жобасын жүзеге асыру мақсатында жұмыссыз ауыл тұрғындары арасынан 4 адам «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға» арналған бағдарламасы бойынша «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ-нан 4 млн теңгеге дейінгі жеңілдетілген несиелерін алып, өз істерін жүргізуде. Бұл жұмыстар келешекте жалғасын табады.

Шаруа қожалық иелері арасынан «Жайлауларды суландыру және жарықтандыру» бағдарламасы бойынша өкіметтен субсидияландырылып, құдық және күн сәулесінен қуат алатын батарея орнатуда. Сонымен қатар шалғайда орналасқан шаруа қожалық иелері де осы бағдарлама бойынша 2020 жылға өз тапсырыстарын беруде.

***Ауыл шаруашылығы саласы бойынша***

Талап селолық округі бойынша шаруа қожалықтары мен үй шаруашылықтарының статистикалық мал санының көрсеткіштері:

Ірі қара саны – 995 бас

Ұсақ мал – 2717 бас

Жылқы – 1119 бас

Түйе – 15 бас

Жоспар бойынша ауыл шаруашылық малдарына әр түрлі егіп- емдеу , бірдейлендіру және қаңғыбас иесіз иттерді аулау жұмыстары тұрақты жүргізіледі.

***Денсаулық сақтау***

Медициналық қызмет көрсетудің сапасы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету бойынша 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстанда міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі іске қосылады және мемлекет тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемін сақтайды.

Бүгінгі күні медицина саласы бойынша округте фельдшерлік акушерлік пункт қызмет көрсетеді. Қалалық Емханадан бекітіліп берілген жұмыс кестесі бойынша жұмыс атқаратын 1 медбибі бар.

Сонымен қатар, есепте тұрған адамдар тегін дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етілген.

2019 жылы фельдшерлік бөлімшеге тіркелген адам саны - 670 адам,

бөлімшеге келіп емделгендер саны – 499 адам,

үйге шақыртулар – 205 адам,

скрининг бойынша тексеруден өткендер – 109 адам.

Округ бойынша жылжымалы рентген көлігі келіп ауыл халқы 100 пайыз флюорографиялық тексерістен өтті. Бүгінгі күні ауылдың біршама тұрғындары «Даму мед» интернет желісі арқылы қалалық емханаға дәрігерлердің қабылдауына тіркеліп, тиісті ем-домдарын алуда.

Үкімет экологияны жақсарту, жаңартылған энергия көздерін пайдалануды кеңейту, қоршаған ортаны сақтау ісін дәріптеу жұмыстарын жандандыруы керек. Осы орайда «Бірге- Таза Қазақстан» науқаны – қолдауға тұрарлық жоба. Бұл жұмысты жалғастыру негізінде Талап елді мекенінде абаттандыру, санитарлық тазалау, сәулеттендіру және көгалдандыру бойынша қалалық бюджеттен 800 мың теңге қаржы бөлініп, ауыл ішіндегі қатты қалдықтарды тазалау жұмыстары толық атқарылды.

Экологиялық санитарлық бағытта биылғы жылы спонсордың көмегімен ауыл іші 2500 тоннаға жуық күл-қоқыс үйінділерінен тазартылды.

Автомобиль жолдарында көлік қызметтерін қамтамасыз етуге, яғни елді-мекендердің ауыл көшелерінің қарын тазалау жұмыстарына қалалық бюджеттен 500 мың теңге қаражат бөлініп, 2019 жыл бойынша тендер ойнатылып, жеңімпаздармен келісім шарт жасалып, тазалау жұмыстары толығымен орындалды. Қысқы уақытта боран кездерінде ауыл іші, тас жолдар, қоралардың арасы тұрақты түрде қардан тазаланып отырылады. Көктемгі үш айлық санитарлық тазалыққа байланысты ауыл іші толық күл-қоқыстан тазартылды. Селодағы аялдамаларға әктеу, сырлау жұмыстары уақытылы жүргізіледі.

Көктемгі су тасқынына байланысты жұмыстар тұрақты түрде ұйымдастырылады. Өрт сөндіруге байланысты 3 ерікті өрт сөндірушілер тобы құрылған.

***Білім саласы бойынша***

Еліміздің бюджеті екі негізгі мақсатқа бағытталуы тиіс – экономиканы дамыту және әлеуметтік мәселелерді шешу. Әлеуметтік салада мынадай бағыттарға баса мән беру керек.

1. Білім беру сапасын жақсарту

Селодағы №14 ЖОББ мектебінде 89 бала дәріс алады. Әлеуметтік жағдайы аз қамтылған отбасыларынан мемлекет тарапынан 47 оқушы, жалға алушы тарапынан 10 оқушы ыстық тамақпен қамтылған.

«Балапан» бағдарламасы шеңберінде балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеумен және оқытумен қамтамасыз ету мақсатында Талап ауылының № 14 мектебінің жанындағы шағын орталығында 25 орынға балабақша жұмыс істейді. Бүгінгі күні халықтың балабақшаға сұранысы толық қанағаттандырылды.

Мектеп төбесінің шатырын ауыстыруға қалалық бюджеттен 32 млн 829 мың теңге қаражат қарастырылып, толығымен жөндеу жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, биылғы жылы мектепте тілдер кабинеті лингафонмен жабдықталған және ер балалар мен қыз балаларға арналған технология кабинеттері, физика кабинеті және робототехника кабинеті жаңа үлгідегі жиһаздармен жабдықталып, пайдалануға берілді.

2019 жылғы бекітілген іс-шаралар жоспары бойынша ауыл тұрғындарының және мектеп оқушылары мен мектеп ұжымының қатысуымен бірнеше іс-шаралар өткізілді, сенбілік, таза бейсенбіліктер т.б.

Ауылдағы учаскелік полиция қызметін өз деңгейінде атқарады. Ауыл тұрғындарымен және жасөспірімдер арасында жоспарлы тәртіптік профилактикалық түсіндірме жұмыстары жүргізіледі. Кешкілік кезекшіліктер және мал ұрлығын болдырмау мақсатында потрульдік рейдтер жүргізіліп отырылады.

Жасөспірімдердің бос уақыттарын тиімді өткізу мақсатында каратэ, садақ ату,тоғызқұмалақ т.б спорт секциялары, шебер қолдар қазақтың ою-өрнектері, «Әсем-ай» ән-би үйірмелері және домбыра, фортепиано үйірмелері жұмыс істейді. Оларға қатысатын оқушылар әртүрлі деңгейдегі қалалық, облыстық, халықаралық дәрежедегі конкурс, сайыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болып, грамоталармен марапатталып, медальдар тағынып, кубоктарды жеңіп алуда.

***Мәдениет саласы бойынша***

Бүгінгі күні ауыл тұрғындарына С.Сейфуллин атындағы кітапхана бөлімшесі қызмет көрсетеді, ондағы кітап қорының саны 7238 дана болса, кітапханаға келуші оқырмандар саны да артуда.

Былтыр 2018 жылы ашылған клуб мекемесіне 2019 жылғы қаңтар айында 3,5 штаттық бірлік берілді.

Биылғы жылы Талап ауылының оқушылары мен жастары клуб меңгерушісі Д.А.Тлемисованың ұйымдастыруымен түрлі халықаралық, республикалық, облыстық, қалалық байқауларға қатысып жүлделі орындарға ие болды. Атап айтсақ:

Республикалық «Қазақстан үміті» жас өнерпаздар байқауының «Ән салу өнерінің» номинациясы бойынша І дәрежелі лауреат.

Республикалық «Қазақстан үміті» жас өнерпаздар байқауының «Аспапта орындаушылық өнері» номинациясы бойынша І дәрежелі лауреат.

Жезқазған қаласының 65 жылдығына арналған балалар шығармашылығының аймақтық «Әнші балапан» байқауында ІІІ дәрежелі диплом.

Халықтың еркін демалуына деген ерікті белсенділігін қарастыра отырып ,уақытты тиімді пайдалануына, қоғам мен отбасының рухани дамуына ықпал ету мақсатында Талап ауыл клубының ұйымдастыруымен жастар жылына орай «Жұлдызды топ» сайысы ұйымдастырылды.

Сонымен қоса ауыл әкімдігінің қолдауымен ауылдық мәдениет үйі мен мектеп ұжымы ұйымдастырған Ш.Қалдаяқовтың шығармашылығын арқау еткен «Ән падишасы» байқауы өткізілді.

Ауылда әр мереке сайын түрлі мәдени іс- шаралар ұйымдастырылып тұрады: 8 Наурыз – Халықаралық әйелдер күні, 22 Наурыз – «Ұлыстың Ұлы күні» мерекелерін ауыл тұрғындарының қатысуымен концерттік, мерекелік дастархан, ойын-сауық кештері ұйымдастырылып, аз қамтылған отбасыларына дастархан жайылды.

9 мамыр – Ұлы Жеңіс күні қарсаңында «Ешкім де, ешқашан ұмытылмайды» атты ескерткіш тақтаға гүл шоқтары қойылып, мерекелік концерт ұйымдастырылды.

2019 жылдың 1 маусымы «Балаларды қорғау» күні қарсаңында мерекеге арналған іс-шараны мәдениет үйінің жетекшісі ұйымдастырып, ауыл тұрғындарына мектеп оқушылары тарапынан концерттік бағдарламалар көрсетіліп ауыл әкімшілігі тарапынан балаларға 100 дана тегін балмұздақ үлестірілді.

1 қазан Қарттар күніне «Қарты бар елдің – қазынасы бар» атты мерекелік концерт қойылып, соңынан қарттарға мерекелік дастархан жайылып, құрмет көрсетілді. Бұл қарттарға деген құрмет дәстүрге айналып, бүгінгі күні шаруа қожалық иелері осы бастаманы қолдап жыл сайын қарттарға құрмет көрсетіп, дастархан жаюға өз қызметтерін көрсетуге ниет білдіріп отыр.

1 желтоқсан Тұңғыш Президент күніне орай мерекелік бағдарлама шеңберінде Талап ауыл клубында Жезқазған қаласының Тайжан Қалмағамбетов атындағы филармония әртістерінің қатысуымен мерекелік концерт қойылды.

16 желтоқсан «Тәуелсіздік тұғырым менің» атты салтанатты жиын өткізілді. Тәуелсіздік күніне арналған рухани және патриоттық тәрбиеде өткізілген мерекелік іс-шарада ауыл тұрғындарын бір серпілтіп тастады .

Биылғы жылғы әкімшіліктің ұйымдастыруымен өткізілген шыршада мектебіміздегі 15 аз қамтылған отбасы балаларына сыйлықтар берілді.

Ауыл тұрғындарының қатысуымен 31 желтоқсанда ауыл клубында «Көгілдір оттар кеші» өткізіліп, соңынан жастарға арналып би кеші қойылды.

Елбасы өзінің Қазақстан халқына арнаған қай Жолдауында болмасын, халықтың әлеуметтік жағдайын бірінші кезекке қойып, оны жақсарту бағытында нақтылы тапсырмалар беріп келеді. Біздің басты міндетіміз – халыққа қызмет көрсету, олардың арасындағы жұмыссыздықты жою, жұмысқа орналастыру. Халықтың әлеуметтік жағдайын бірінші кезекке қойып оны жақсарту бағытында 8 жұмыссыз адам «Казстройсервис» газқұбыры мекемесіне тұрақты жұмыспен және 6 адам ауыл ішіндегі «Әлия Сервис» ЖШС мекемесінде ауысымдық жұмыстармен қамтамасыз етілді.

Елбасымыздың «Ел бірлігі – ең асыл қасиет» деген қанатты сөзі – біздің айнымас қағидамыз. Береке мен бірлік, ақыл мен парасат халқымызды үнемі алға бастап келеді. Бағытымыз – айқын, жолымыз – ашық.

Қорытындылай келе, 2019 жылы біршама жұмыстар атқарылып, атқарған жұмыстарымызда белсенді түрде көмек көрсеткен мекеме басшыларына, жалпы барлық ауыл тұрғындарына рахмет айтамын. Алда да Елбасымыздың саясатын қолдай отырып, көптеген жоспар бойынша жұмыстар мен міндеттерді ауыл тұрғындарымен бірлесе отырып орындаймыз деп сенемін.

ҰЛЫ ЖЕҢІС – АРХИВ ҚҰЖАТТАРЫНДА

# ЕҢБЕКПЕН ЕСЕЙГЕН АЗАМАТ



**Балалық шағын соғыс өрті шарпыған ардақты әкелеріміз бен ағаларымыздың өшпес ерлігі кейінгі ұрпақтарға үлгі-өнеге. «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін» деген ұранды іске асырған ерен еңбек ардагерлерінің есімдері халық жадында сақталғаны абзал. Майдандағы жеңіске тыл еңбеккерлерінің қосқан үлесі зор. Сондай ардагерлердің бірі – Мұхамеджан ӘБІШЕВ.**

«Еңбек Қызыл Ту» орденінің, «1941-1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысына қосқан Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, еңбек ардагері, Жезқазған қаласының «Құрметті азаматы», дербес зейнеткер, Жезқазған қаласы мемлекеттік архивінің №438-ші жеке тектік қор иесі, ел ағасы Мұхамеджан Әбішевтің туылғанына 90 жыл толып отыр.

Мұхамеджан Әбішев 15 наурыз 1930 жылы Қарағанды облысы Ұлытау ауданы Айыртау ауылдық кеңесінің Үлгілі ауылында дүниеге келді. Отбасылық жағдайға байланысты ата-анасы 1933 жылы «1 май» колхозына қоныс аударады. Мұхамеджан ақсақалдың балалық шағы осы ауылда өтеді.

Ұлы Отан соғысы жылдарында буыны бекімеген, қабырғасы қатпаған Мұхамеджан әкей 12 жасынан бастап осы аудандағы «Үлгілі» колхозында еңбекке араласқан. Соғыстан кейін оқуын жалғастырады. 1947 жылдан бастап Қарсақбайдағы ФЗО-да білім алып, бесінші санатты ұста мамандығын алып шығады. Мұхамеджан Әбішов жолдама бойынша «Қазмысқұрылыс» тресіне бригадир болып жұмысқа қабылданады. 1949-1950 жылдары Қарқаралы педучилищесінде оқып жүргенде Кеңес әскері қатарына шақырылады.

1953-1961 жылдары Мемлекеттік банкте экономист, есепші болып қызмет атқарады. Мұхамеджан ақсақал – қалалық банк жүйесінің негізін салушылардың бірі. Жинақ банкінің жұмысын жандандыруға атсалыса отырып, қызметін табандылықпен атқарады. Мұхамеджан Әбішев басқарған ұжым ұйымшылдығымен, еңбекқорлығымен ерекше көзге түсті.

1961 жылдан бастап Жезқазған қаласының Почтамт мекемесінде пошта тасымалы және аударма бөлімінің басшысы қызметін атқарады. 1965-1967 жылдары Алматы қаласындағы байланыс техникумын «Байланыс саласының жоспарлаушысы» мамандығы бойынша тәмамдайды.

Мұхамеджан әкей бірнеше шәкірттерін еңбекке баулып, өз кәсібінің үздігі атанды. Оның шәкірттерінің көпшілігі байланыс саласының басшылықтарында қызмет етуде. Мұхамеджан Әбішевтің бойына сіңген бір жақсы қасиеті – оның қарапайымдылығы. Облыстық байланыс бөлімі орталығының учаске бастығы болып жүргенінде ол аудан, шаруашылықтардағы байланыс тасымалының жәйін тексеріп, оларға тәжірибелік көмек беру үшін күй талғамай-ақ іссапарларға жиі шыға беретін. 30 жылдан аса табандылықпен еңбек еткен қор иесі 1991 жылы құрметті демалысқа шығады.

Осындай елі үшін аянбай қызмет еткен қайратты жанның еңбегі үкімет тарапынан лайықты бағаланып отырды. 1970 жылы 8 мамырда «Ерен еңбегі үшін» медалін иеленсе, 1980 жылы 20 қаңтарда «Социалистік жарыстың жеңімпазы» белгісімен марапатталды. 1984 жылдың 22 ақпанында «Еңбек ардагері» медалі берілген. 1986 жылдың шілде айында еңбектегі жоғарғы жетістіктері үшін және жас ұрпақ тәрбиесіндегі қажырлы еңбегі бағаланып, М.Әбішов «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталған. Жезқазған байланыс қызметкерлері кәсіподағының Қазақ Республикалық комитеті, Жезқазған облыстық өндірістік-техникалық байланыс басқармасының шешімімен Мұхамеджан Әбішев 1989 жылы «Еңбек Даңқы» кітабына есімі жазылады.

Сонымен қоса байланыс саласының ардагері Мұхамеджан Әбішев қалалық Құрмет кітабы мен Құрмет тақтасына енгізіліп, «Жезқазған қаласының Құрметті азаматы» атағын алады. Жұбайы Дәмен апай да ұзақ жылдар бойы байланыс саласында жемісті еңбек етіп, құрметті демалысқа шыққан.

Мұхамеджан Әбішев құжаттары мемлекеттік архивке 1997 жылы қабылданған болатын. Архивтегі №438 жеке тектік қорының №1 тізімдемесіне 1953-1997 жылдарды қамтитын 8 іс, 37 құжат енгізілген.

Еңбек жолын бұғанасы бекімей жатып сұрапыл соғыс жылдарында бастап, еңбекпен есейген асыл азамат Мұхамеджан Әбішевтің еңбек жолы кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге боларлықтай. Осындай тұлғалардың ерен ерліктерін көпшілікке баяндау біздің басты міндеттеріміздің бірі болып табылады.

**Қарлыға НАУРЫЗБАЕВА,**
**Жезқазған қалалық мемлекеттік архиві әдебиет, өнер, жеке қорлар және ақпараттар мен құжаттарды ғылыми пайдалану бөлімінің жоғары санатты архивисі**

# ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАР НАЗАРЫНА!



Құрметті қоғамдық бірлестіктердің өкілдері, Сіздер жыл сайын есептік кезеңнен кейінгі жылдың 31 наурызына дейін:

Үкіметтік емес ұйымдармен өзара байланысты уәкілетті орган бекітетін тәртіпке сәйкес үкіметтік емес ұйымдармен өзара байланысты уәкілетті органға өз қызметі, оның ішінде өзінің құрылтайшылары (қатысушылары), мүліктің құрамы, қаржыны қалыптастыру көздері және жұмсау бағыттары туралы мәлімет ұсынуларыңыз қажет. Мәліметтер уақытылы ұсынылмаған жағдайда Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің (10.05.2017 жылы енгізілген өзгерістер мен толықтыруларымен) 489-1 бабына сәйкес Қазақстан Республикасының коммерциялық емес ұйымдар туралы заңнамасын бұзу болып табылады.

1.Жекеше мекеме, қоғамдық, корпоративтік және жекеше қорлар, заңды тұлғалардың қауымдастық (одақ) нысанындағы бірлестігі, қоғамдық бірлестік, коммерциялық емес акционерлік қоғам нысанында құрылған коммерциялық емес ұйымдардың (саяси партияларды, діни бірлестіктерді және кәсіптік одақтарды, құрылтайшысы немесе акционері мемлекет болып табылатын коммерциялық емес акционерлік қоғамдарды, еншілес, тәуелді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес олармен үлестес болып табылатын өзге де заңды тұлғаларды қоспағанда), сондай-ақ, шетелдік және халықаралық коммерциялық емес ұйымдардың Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын филиалдары мен өкілдіктерінің (оқшауланған бөлімшелерінің) өз қызметі туралы, оның ішінде өзінің құрылтайшылары (қатысушылары), мүлкінің құрамы, ақшаның қалыптасу көздері және жұмсалу бағыттары туралы мәліметтерді үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл саласындағы уәкілетті органға ұсынбауы, уақытылы ұсынбауы, сол сияқты анық емес немесе көрінеу жалған мәліметтерді ұсынуы, ескерту жасауға алып келеді.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жылдың ішінде қайталап жасалған әрекеттер (әрекетсіздік), – жиырма бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не үш ай мерзімге қызметін тоқтата тұруға алып келеді.

Үкіметтік емес ұйымдардың қызметі туралы мәліметтерді уәкілетті органға пошта арқылы немесе қолма-қол ұсынған жағдайда үкіметтік емес ұйымдар өз қызметі туралы мәліметтерді ілеспе хатпен бірге Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы 8, 15-кіреберіс (индексі 010000) мекенжайы бойынша орналасқан Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің Азаматтық қоғам істері комитетіне жолдауы тиіс.

Үкіметтік емес ұйымдар туралы мәліметтерді электрондық түрде ұсыну үшін infonpo.kz. веб-порталы жұмыс істейді. Веб-порталда авторизациялану/тіркелу үшін заңды тұлғаға электрондық-цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ немесе сертификат) алу қажет. ЭЦҚ алу үшін халыққа қызмет көрсету орталығының (ХҚКО) жақын жердегі бөлімшесінде өтінім беру қажет. Мәліметтер заңды тұлғамен немесе оны алмастыратын тұлға берілген электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылады.

Үкіметтік емес ұйымдар мәліметтерді жыл сайын есепті кезеңнен кейінгі жылдың 31 наурызына дейін ұсынады.

Толық ақпарат алу үшін **«Жезқазған қаласының ішкі саясат бөлімі» ММ** хабарласуға болады. Мекенжайы: **Жезқазған қаласы, Алаш алаңы 1, 305 кабинет, индекс 100602, e-mail: zhez_ovpe@mail.ru, телефон: 73-49-63.**

# ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

*2019 жылғы 27 желтоқсан* *№ 41/362*

## 2020-2022 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ БЮДЖЕТІ ТУРАЛЫ

***Нормативтік-құқықтық акт Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қарағанды облысы әділет департаментінде 2019 жылғы 31 желтоқсандағы нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №5633 болып енгізілді***

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес, Жезқазған қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. 2020-2022 жылдарға арналған қалалық бюджет 1, 2, 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2020 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 25024118 мың теңге, оның ішінде:
салықтық түсімдер – 9494996 мың теңге;
салықтық емес түсімдер – 77860 мың теңге;
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 244267 мың теңге;
трансферттердің түсімдері – 15206995 мың теңге;
2) шығындар – 25503113 мың теңге;
3) таза бюджеттік кредиттеу – 1656875 мың теңге, оның ішінде:
бюджеттік кредиттер – 1659173 мың теңге;
бюджеттік кредиттерді өтеу – 2298 мың теңге;
4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге, оның ішінде:
қаржы активтерін сатып алу – 0 мың теңге;
мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;
5) бюджет тапшылығы (профициті) – алу 2135870 мың теңге;
6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 2135870 мың теңге, оның ішінде:
қарыздар түсімдері – 2310948 мың теңге;
қарыздарды өтеу – 175078 мың теңге;
бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 0 мың теңге.

2. 2020 жылға арналған қала бюджеті түсімдерінің құрамында облыстық бюджеттен 3092575 мың теңге сомасындағы субвенциялар көзделгені ескерілсін.

3. 2020 жылға арналған қалалық бюджетте ауылдық округтер бюджеттеріне қалалық бюджеттен берілетін субвенциялардың мөлшері 121662 мың теңге сомасында қарастырылсын, оның ішінде:
Кеңгір ауылдық округіне– 42054 мың теңге;
Талап ауылдық округіне– 37710 мың теңге;
Сарыкеңгір ауылдық округіне– 41898 мың теңге.

4. 2020 жылға арналған қалалық бюджеттің түсімдерінің құрамында облыстық және республикалық бюджеттерден 12114420 мың теңге сомасындағы ағымдағы нысаналы трансферттер мен даму трансферттері қарастырылғаны ескерілсін.

5. 2020 жылға арналған қалалық бюджеттің шығыстары құрамында ағымдағы нысаналы трансферттер мен нысаналы даму трансферттері, кредиттер 4 қосымшаға сәйкес ескерілсін.

6. 2020 жылға арналған қалалық бюджеттің шығыстары құрамында ауылдық округтер бюджетіне ағымдағы нысаналы трансферттер қарастырылғаны 5 қосымшаға сәйкес ескерілсін.

7. 2020 жылға арналған қалалық бюджеттің шығыстары құрамында ауылдық елді мекендердің әлеуметтік сала мамандарын қолдау шараларын іске асыруға республикалық бюджеттен 7953 мың теңге бюджеттік кредиттер қарастырылғаны ескерілсін.

8. 2020 жылға арналған қалалық бюджетті орындау барысында секвестрлеуге жатпайтын жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тізбесі 6 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

9. Қалалық бюджетті атқару үрдісінде еңбек ақы төлеу шығыстары секвестрлеуге жатпайды деп белгіленсін.

10. 2020-2022 жылдарға арналған қалалық бюджеттің шығыстары құрамында қалалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласының азаматтық қызметшілеріне, қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің айлықақыларымен және мөлшерлемелерімен салыстырғанда кемінде жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер қарастырылғаны ескерілсін.

11. Жезқазған қаласы атқарушы органының 2020 жылға арналған резерві 184000 мың теңге сомасында бекітілсін.

12. Осы шешім 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енеді.

**Сессия төрағасы В. СОТНИКОВ**
**Жезқазған қалалық маслихатының хатшысы С. МЕДЕБАЕВ**

*Жезқазған қалалық мәслихатының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы XXXXI сессиясының № 41/362 шешіміне 1-қосымша*

## 2020 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН БЮДЖЕТ

| Санаты | Сыныбы | Кіші сыныбы | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | **I. Кірістер** | **25024118** |
| 1 | | | Салықтық түсімдер | 9494996 |
| | 01 | | Табыс салығы | 4744729 |
| | | 1 | Корпоративтік табыс салығы | 646683 |
| | | 2 | Жеке табыс салығы | 4098046 |
| | 03 | | Әлеуметтік салық | 3455004 |
| | | 1 | Әлеуметтік салық | 3455004 |
| | 04 | | Меншікке салынатын салықтар | 965194 |
| | | 1 | Мүлікке салынатын салықтар | 841318 |
| | | 3 | Жер салығы | 27000 |
| | | 4 | Көлік құралдарына салынатын салық | 95846 |
| | | 5 | Бірыңғай жер салығы | 1030 |
| | 05 | | Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар | 300909 |
| | | 2 | Акциздер | 10312 |
| | | 3 | Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер | 206000 |
| | | 4 | Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар | 70759 |
| | | 5 | Ойын бизнесіне салық | 13838 |
| | 08 | | Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер | 29160 |
| | | 1 | Мемлекеттік баж | 29160 |
| 2 | | | Салықтық емес түсімдер | 77860 |
| | 01 | | Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер | 22332 |
| | | 1 | Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері | 34 |
| | | 5 | Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер | 22298 |
| | 06 | | Басқа да салықтық емес түсімдер | 55528 |
| | | 1 | Басқа да салықтық емес түсімдер | 55528 |
| 3 | | | Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер | 244267 |
| | 01 | | Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату | 203443 |
| | | 1 | Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату | 203443 |
| | 03 | | Жерді және материалдық емес активтерді сату | 40824 |
| | | 1 | Жерді сату | 22442 |
| | | 2 | Материалдық емес активтерді сату | 18382 |
| 4 | | | Трансферттердің түсімдері | 15206995 |
| | 02 | | Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер | 15206995 |
| | | 2 | Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер | 15206995 |

| Функционалдық топ | Кіші функция | Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі | Бағдарлама | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | **II.Шығындар** | **25503113** |
| 01 | | | | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер | 485917 |
| | 1 | | | Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар | 277970 |
| | | 112 | | Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты | 25435 |
| | | | 001 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 25435 |
| | | 122 | | Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты | 252535 |
| | | | 001 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 252535 |
| | 2 | | | Қаржылық қызмет | 4300 |
| | | 459 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі | 4300 |
| | | | 003 | Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу | 4300 |
| | 9 | | | Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер | 203647 |
| | | 454 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі | 33132 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті және ауыл шаруашылығын дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 33132 |
| | | 458 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 96321 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 65264 |
| | | | 113 | Төменгі тұрған бюджеттергеберілетін нысаналы ағымдағы трансферттер | 31057 |
| | | 459 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі | 74194 |
| | | | 001 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясаттын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 61964 |
| | | | 015 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 12230 |
| 02 | | | | Қорғаныс | 47987 |
| | 1 | | | Әскери мұқтаждар | 17971 |
| | | 122 | | Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты | 17971 |
| | | | 005 | Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар | 17971 |
| | 2 | | | Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру | 30016 |
| | | 122 | | Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты | 30016 |
| | | | 006 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою | 29064 |
| | | | 007 | Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар | 952 |
| 03 | | | | Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі | 89347 |
| | 9 | | | Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік саласындағы басқа да қызметтер | 89347 |
| | | 458 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 89347 |
| | | | 021 | Елді-мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету | 89347 |
| 04 | | | | Білім беру | 9548196 |
| | 1 | | | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту | 1948026 |
| | | 464 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі | 1948026 |
| | | | 040 | Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға | 1948026 |
| | 2 | | | Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру | 5829257 |
| | | 464 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі | 5297876 |
| | | | 003 | Жалпы білім беру | 5026998 |
| | | | 006 | Балаларға қосымша білім беру | 270878 |
| | | 467 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі | 531381 |
| | | | 024 | Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау | 531381 |
| | 9 | | | Білім беру саласындағы өзге де қызметтер | 1770913 |
| | | 464 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі | 1770913 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 40873 |
| | | | 005 | Ауданның (областық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу | 148536 |
| | | | 012 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 860 |
| | | | 015 | Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынға ақшалай қаражат төлемі | 30221 |
| | | | 022 | Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап алғаны үшін Қазақстан азаматтарына біржолғы ақша қаражатын төлеуге арналған төлемдер | 994 |
| | | | 029 | Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету | 25143 |
| | | | 067 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 1524286 |
| 06 | | | | Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру | 1240301 |
| | 1 | | | Әлеуметтік қамсыздандыру | 164249 |
| | | 451 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі | 144678 |
| | | | 005 | Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек | 144678 |
| | | 464 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі | 19571 |
| | | | 030 | Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу | 19571 |
| | 2 | | | Әлеуметтік көмек | 904091 |
| | | 451 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі | 869593 |
| | | | 002 | Жұмыспен қамту бағдарламасы | 259787 |
| | | | 004 | Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету | 3640 |
| | | | 006 | Тұрғын үйге көмек көрсету | 1800 |
| | | | 007 | Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек | 162806 |
| | | | 010 | Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету | 1710 |
| | | | 013 | Белгіленген тұрғылықты жері жоқ тұлғаларды әлеуметтік бейімдеу | 57421 |
| | | | 014 | Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету | 177727 |
| | | | 017 | Оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету, қозғалуға қиындығы бар бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту бойынша мүгедектерге қолмен көрсететін тіл маманының қызметтерін ұсыну | 159512 |
| | | | 023 | Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету | 45190 |
| | | 464 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі | 34498 |
| | | | 008 | Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысанында оқитындар мен тәрбиеленушілерді қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүру түрінде әлеуметтік қолдау | 34498 |
| | 9 | | | Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер | 171961 |
| | | 451 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі | 171961 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 48053 |
| | | | 011 | Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу | 644 |
| | | | 050 | Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту | 63872 |
| | | | 054 | Үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру | 59392 |
| 07 | | | | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық | 7513359 |
| | 1 | | | Тұрғын үй шаруашылығы | 2097689 |
| | | 458 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 2127 |
| | | | 049 | Көп пәтерлі тұрғын үйлерде энергетикалық аудит жүргізу | 2127 |
| | | 467 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі | 2085205 |
| | | | 003 | Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау | 1502770 |
| | | | 004 | Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру | 470432 |
| | | | 098 | Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін сатып алу | 112003 |
| | | 479 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй инспекциясы бөлімі | 10357 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде тұрғын үй қоры саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 10357 |
| | 2 | | | Коммуналдық шаруашылық | 4307384 |
| | | 458 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 58505 |
| | | | 012 | Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі | 58505 |
| | | 467 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі | 4248879 |
| | | | 006 | Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту | 4248879 |
| | 3 | | | Елді-мекендерді көркейту | 1108286 |
| | | 458 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 1108286 |
| | | | 015 | Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру | 300710 |
| | | | 016 | Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету | 50000 |
| | | | 017 | Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу | 10800 |
| | | | 018 | Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру | 746776 |
| 08 | | | | Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік | 1224937 |
| | 1 | | | Мәдениет саласындағы қызмет | 146472 |
| | | 455 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі | 146472 |
| | | | 003 | Мәдени-демалыс жұмысын қолдау | 146472 |
| | 2 | | | Спорт | 717416 |
| | | 465 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі | 117416 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 14456 |
| | | | 005 | Ұлттық және бұқаралық спорт түрлерін дамыту | 72964 |
| | | | 006 | Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу | 10141 |
| | | | 007 | Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы | 19855 |
| | | 467 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі | 600000 |
| | | | 008 | Спорт объектілерін дамыту | 600000 |
| | 3 | | | Ақпараттық кеңістік | 230335 |
| | | 455 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі | 151335 |
| | | | 006 | Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі | 138275 |
| | | | 007 | Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту | 13060 |
| | | 456 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі | 79000 |
| | | | 002 | Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер | 79000 |
| | 9 | | | Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер | 130714 |
| | | 455 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі | 35145 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 23534 |
| | | | 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 11611 |
| | | 456 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі | 95569 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 46304 |
| | | | 003 | Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру | 49265 |
| 09 | | | | Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану | 2888889 |
| | 9 | | | Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану саласындағы өзге де қызметтер | 2888889 |
| | | 458 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 2888889 |
| | | | 036 | Газ тасымалдау жүйесін дамыту | 2888889 |
| 10 | | | | Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары | 144998 |
| | 1 | | | Ауыл шаруашылығы | 77730 |
| | | 473 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі | 77730 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 15358 |
| | | | 005 | Мал көмінділерінің (биотермиялық шұңқырлардың) жұмыс істеуін қамтамасыз ету | 10000 |
| | | | 006 | Ауру жануарларды санитарлық союды ұйымдастыру | 600 |
| | | | 007 | Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру | 10200 |
| | | | 009 | Жануарлардың энзоотиялық аурулары бойынша ветеринариялық іс-шараларды жүргізу | 4000 |
| | | | 010 | Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу | 14795 |
| | | | 011 | Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу | 22777 |
| | 6 | | | Жер қатынастары | 65470 |
| | | 463 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі | 65470 |
| | | | 001 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 23989 |

►►8-бетте

## ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

*(Жалғасы. Басы 7-бетте)*

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | 003 | Елді мекендерді жер-шаруашылық орналастыру | 41481 |
| | 9 | | | Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы басқа да қызметтер | 1798 |
| | | 459 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі | 1798 |
| | | | 099 | Мамандарға әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі шараларды іске асыру | 1798 |
| 11 | | | | Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі | 53940 |
| | 2 | | | Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі | 53940 |
| | | 467 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі | 25807 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 25807 |
| | | 468 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет және қала құрылысы бөлімі | 28133 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 18133 |
| | | | 003 | Аудан аумағында қала құрылысын дамыту схемаларын және елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу | 10000 |
| 12 | | | | Көлік және коммуникация | 1367079 |
| | 1 | | | Автомобиль көлігі | 1332253 |
| | | 458 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 1332253 |
| | | | 022 | Көлік инфрақұрылымын дамыту | 615329 |
| | | | 023 | Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету | 190000 |
| | | | 045 | Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу | 526924 |
| | 9 | | | Көлік және коммуникациялар саласындағы өзге де қызметтер | 34826 |
| | | 458 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 34826 |
| | | | 037 | Әлеуметтік маңызы бар қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданішілік қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдарын субсидиялау | 34826 |
| 13 | | | | Басқалар | 775653 |
| | 9 | | | Басқалар | 775653 |
| | | 458 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 591653 |
| | | | 085 | Шағын және моноқалаларда бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру | 591653 |
| | | 459 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі | 184000 |
| | | | 012 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві | 184000 |
| 14 | | | | Борышқа қызмет көрсету | 848 |
| | 1 | | | Борышқа қызмет көрсету | 848 |
| | | 459 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі | 848 |
| | | | 021 | Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету | 848 |
| 15 | | | | Трансферттер | 121662 |
| | 1 | | | Трансферттер | 121662 |
| | | 459 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі | 121662 |
| | | | 038 | Субвенциялар | 121662 |

| **Функционалдық топ** | | | | | **Сомасы, мың теңге** |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Кіші функция** | | | | |
| | | **Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі** | | | |
| | | | **Бағдарлама** | | |
| | | | | **Атауы** | |
| **1** | **2** | **3** | **4** | **5** | **6** |
| | | | | III. Таза бюджеттік кредиттеу | 1656875 |
| | | | | Бюджеттік кредиттер | 1659173 |
| 07 | | | | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық | 1651220 |
| | 1 | | | Тұрғын үй шаруашылығы | 1651220 |
| | | 458 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 1651220 |
| | | | 053 | Жылу, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін реконструкция және құрылыс үшін кредит беру | 1651220 |
| 10 | | | | Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары | 7953 |
| | 9 | | | Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы басқа да қызметтер | 7953 |
| | | 459 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі | 7953 |
| | | | 018 | Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер | 7953 |

| **Санаты** | | | | **Сомасы, мың теңге** |
|---|---|---|---|---|
| | **Сыныбы** | | | |
| | | **Кіші сыныбы** | | |
| | | | **Атауы** | |
| **1** | **2** | **3** | **4** | **5** |
| 5 | | | Бюджеттік кредиттерді өтеу | 2298 |
| | 01 | | Бюджеттік кредиттерді өтеу | 2298 |
| | | 1 | Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу | 2298 |

| **Функционалдық топ** | | | | | **Сомасы, мың теңге** |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Кіші функция** | | | | |
| | | **Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі** | | | |
| | | | **Бағдарлама** | | |
| | | | | **Атауы** | |
| **1** | **2** | **3** | **4** | **5** | **6** |
| | | | | IV.Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо: | 0 |
| | | | | Қаржылық активтерді сатып алу | 0 |

| **Санаты** | | | | **Сомасы, мың теңге** |
|---|---|---|---|---|
| | **Сыныбы** | | | |
| | | **Кіші сыныбы** | | |
| | | | **Атауы** | |
| **1** | **2** | **3** | **4** | **5** |
| | | | Мемлекеттік қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер | 0 |

| **Функционалдық топ** | | | | | **Сомасы, мың теңге** |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Кіші функция** | | | | |
| | | **Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі** | | | |
| | | | **Бағдарлама** | | |
| | | | | **Атауы** | |
| **1** | **2** | **3** | **4** | **5** | **6** |
| | | | | V. Бюджет тапшылығы (профициті) | -2135870 |
| | | | | VI.Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) | 2135870 |

| **Санаты** | | | | **Сомасы, мың теңге** |
|---|---|---|---|---|
| | **Сыныбы** | | | |
| | | **Кіші сыныбы** | | |
| | | | **Атауы** | |
| **1** | **2** | **3** | **4** | **5** |
Мемлекет басшысы агроөнеркәсіптік кешені саласындағы заңнаманы жетілдіруге бағытталған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне агроөнеркәсіптік кешенді реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Өңдеуге жататын алаңдарды фитосанитариялық және карантиндік іс-шаралармен барынша қамту мақсатында Заң жобасымен осындай іс-шараларды жүргізуге қатысты жауапкершілікті мемлекет пен ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер арасында бөлу көзделеді. Жоғары фитосанитариялық қатер төндіретін зиянкестерге, ауруларға және арамшөптерге (үйірлі және саяқ шегірткелер, жеміс ағаштарының бактериялық күйігі, шыбын қоңызы, оңтүстік америкалық қызанақ күйесі) қарсы іс-шаралар жүргізу, сондай-ақ, мемлекеттік қосалқы жерлерде карантиндік арамшөптерге қарсы іс-шаралар жүргізу бойынша жауапкершілікті мемлекетте қалдыру, ал қалған зиянкестер мен ауруларға қарсы өңдеулер жүргізу бойынша жауапкершілікті ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге бекітіп беру ұсынылады. Бұл ретте ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің фитосанитариялық және карантиндік іс-шаралар жүргізу үшін пестицидтер сатып алуға арналған шығындарын субсидиялау көзделеді. Осылайша фитосанитариялық және карантиндік іс-шараларды жүргізу схемасын өзгерту есебінен өңделетін алаңдарды ұлғайту және өсімдіктерді қорғау шараларын оңтайлы мерзімде жүргізу күтілуде, бұл өз кезегінде зиянкестер мен арамшөптердің таралу ошақтарының біртіндеп азаюына ықпал етеді. АӨК реттеу туралы заңдағы соңғы өзгерістер, бірінші кезекте заманауи технологияларды енгізуге және ауыл шаруашылығы техникаларын жаңартуды қарастырады. Сонымен қатар, АӨК субъектілерін қаржыландырудың қолжетімділігін арттыру, инвестициялық субсидиялау көлемін ұлғайту, айналымдық және инвестициялық мақсаттар үшін банк несиелерінің қолжетімділігін кеңейту және арзандату бағыттары бар. Фитосанитарлық және карантиндік шараларға арналған пестицидтерді сатып алуға ауылшаруашылық тауар өндірушілердің шығындарын субсидиялау қарастырылған (бұрын гербицидтер ғана субсидияланған болса, қазір карантиндік объектілерді және ерекше қауіпті зиянды организмдерді бақылау үшін инсектицидтер мен фунгицидтерді субсидиялау ұсынылады).

**Мұхит ДАУТБАЕВ,**
**«Жезқазған қалалық аумақтық инспекциясы» ММ-нің өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторы**

## 20.01.2020

**QAZAQSTAN**

06:05 «Kóńil tolqyny» 06:25 «Másele». 07:00 «TAŃSHOLPAN». 10:00 «Шытынаған тағдыр». 12:00 «NIET». 14:00 AQPARAT. 14:10 «Жат мекен». 15:05 «Көсем». 16:00 «Apta». 16:45 «Balanyń kóńili...». 17:00 AQPARAT. 17:15 «24 SAǴAT TABIǴAT QUSHAǴYNDA» 18:00 «ШЫТЫНАҒАН ТАҒДЫР». 20:00 AQPARAT. 20:35 «ASHYQ ALAŃ». 21:30 «ЖАТ МЕКЕН». 22:30 «КӨСЕМ». 23:25 «Bizben birge...». 00:10 AQPARAT. 00:40 «Niet». 02:15 «Kóńil tolqyny».

**ХАБАР**

06:00 «Тамаша». 07:30 «Қызық times». 08:40 «Тракторшының махаббаты». 09:30 «Көкжал». 10:20 «Листопад». 12:00 Жаңалықтар. Новости. 12:30 «Разия». 13:00 «Между нами девочками 2». 14:50 «Тракторшының махаббаты». 16:30 «Қызық times». 17:45 «Абдулхамид хан». 19:30 Қорытынды жаңалықтар. 20:00 «Көкжал». 20:50 «Народный контроль». 21:00 Итоги дня. 21:40 «Листопад». 23:15 «Абдулхамид хан». 00:50 «Төрлетіңіз». 01:50 «Черный список». 02:30 «Менің тағдырым».

**АСТАНА**

06:00 «Ән мен әзіл». 06:30 «Күлдірген». 07:00 «Үздік әзілдер». 08:00 «Маша и медведь». 09:50 «Сыла». 11:50 «Қара ниет». 12:50 «Буба». 13:00 «Не ври мне». 14:00 «Улыбка персмешника». 16:25 «Кім кінәлі?». 17:10 «Үздік әзілдер». 18:05 «Сыла». 20:00 ASTANA TIMES. 21:00 «Қара ниет». 22:00 «Жаза». 00:00 «Үздік әзілдер». 01:00 «KazNet». 02:00 ASTANA TIMES. 03:00 «Не ври мне». 04:00 Сырты бүтін.05:00 «Ән мен әзіл».

**КТК**

07.05 «ДАУ-ДАМАЙСЫЗ». 07.30 «МҰҢАЙМА, НЕФИСЕ». 08.40 «ЖАТ ТУЫСТАР». 09.40 «СМЕЯТЬСЯ РАЗРЕШАЕТСЯ». 10.30 «СОСЕДКА». 12.30 «НЕ ПЛАЧЬ ПО МНЕ, АРГЕНТИНА!». 15.50 «САҒЫНЫШ». 17.10 «ЖАТ ТУЫСТАР». 18.10 «ҚАРА ТЕҢІЗ». 19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР.. 20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ». 21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ. 21.40 «ЖЕНА ПОЛИЦЕЙСКОГО». 23.50 «МОСТ-2». 01.30 «МҰҢАЙМА, НЕФИСЕ». 02.20 «ТОЙ BESTSTAR». 03.20-04.10 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ».

**7-АРНА**

06.00 «Азулылар әулеті». 07.00 «Suikimdi Stories». 08.45 «Вторая жизнь». 12.40 «Черная молния». 15.20 «Тек қана қыздар». 16.00 «Жаңа келін». 17.00 «Элиф». 18.00 «Балабол 3». 19.00 «Вольная грамота». 20.00 «Слуга народа 2». 21.00 Лотерея 777. 21.05 «Зың-зың Күлпаш». 22.05 «Азулылар әулеті». 23.00 «Q-елі». 23.30 «Агент под прикрытием». 01.30 «Слуга народа 2». 02.30 «Кзландия». 03.00 «Жаңа келін». 03.45 «Элиф». 04.30 «Жеңіп көр». 05.15 «Гу-гулет».

**31**

06:00 Ризамын. 07:00 Информбюро. 08:00 «Тылсым әлем». 09:00 Бауржан шоу. 10:30 «Приключения Винни Пуха». 12:10 «Защитник». 14:00 «Маша и медведь». 15:00 «Экстрасенсы детективы». 16:00 «90-е». 17:00 «Воронины». 18:00 Сериал. 20:00 Информбюро. 21:00 «Иффет». 22:00 ««What's Up?». 23:30 Әзілдер жинағы 01:10 «Мехектің өмірі». 01:50 Алдараспан, Шаншар нысана әзілдері. 04:00 Ризамын. 05:00 Әзіл студио.

**ДИДАР**

08.00 «Гороскоп». 08.05 «Таңғы шоу». 11.05 «Махаббат аспаны». 13.00 «Жеңіс-75». 13.15 «Президент Жолдауы: сенімге-серпін!». 13.30 «Время шелкового пути». 14.00 «Мәңгілік ел – Қазақстан». 15.30 «Қазақстан байтақ өлке». 16.00 «Хабарландыру». 16.30 «Жүрек тынысы». 17.20 «Асыл арман». 18.00 «Мультфильм». 18.25 «Слова назидания Абая Кунанбаева». 18.30 «Гороскоп». 18.35 «Хабарландыру». 19.05 «Неизведанный Казахстан». 19.35 Деректі фильм. 20.05 «Рухани жаңғыру». 20.30 «Дидар». 21.00 «Сәлем». 22.00 «Панорама дня». 22.20 «Территория происшествий». 22.30 «Тәулік тынысы». 22.55 «Ән шашу». 23.30 «Дидар».

## 21.01.2020

**QAZAQSTAN**

06:05 «Мәңгілік аспан астында». 06:30 AQPARAT. 07:00 «TAŃSHOLPAN». 10:00 «Шытынаған тағдыр». 12:00 «NIET». 14:00 AQPARAT. 14:10 «Жат мекен». 15:05 «Көсем». 16:00 «MENIŃ QAZAQSTANYM» 16:25 «Nur Tileý». 17:00 AQPARAT. 17:15 «24 SAǴAT TABIǴAT QUSHAǴYNDA» 18:00 «ШЫТЫНАҒАН ТАҒДЫР». 20:00 AQPARAT. 20:35 «ASHYQ ALAŃ». 21:30 «КӨСЕМ». 23:25 «Bizben birge...». 00:10 AQPARAT. 00:40 «Niet». 02:15 «Meniń Qazaqstanym».

**ХАБАР**

06:00 Қорытынды жаңалықтар. 07:15 «Көрімдік». 07:40 «Қызық times». 08:40 «Тракторшының махаббаты». 09:30 «Көкжал». 10:20 «Листопад». 12:00 Жаңалықтар. Новости. 12:30 «Разия». 13:00 «Между нами девочками 2». 14:50 «Тракторшының махаббаты». 16:30 «Қызық times». 17:45 «Абдулхамид хан». 19:30 Қорытынды жаңалықтар. 20:00 «Көкжал». 20:50 Новый курс. 21:00 Итоги дня. 21:40 «Листопад». 23:15 «Абдулхамид хан». 00:50 «Төрлетіңіз». 01:50 «Черный список». 02:30 «Менің тағдырым».

**АСТАНА**

06:00 «Ән мен әзіл». 06:30 «Күлдірген». 07:00 «Үздік әзілдер». 08:00 «Маша и медведь». 09:50 «Сыла». 11:50 «Қара ниет». 12:50 «Буба». 13:00 «Не ври мне». 14:00 «Бригада». 16:25 «Кім кінәлі?». 17:10 «Үздік әзілдер». 18:05 «Сыла». 20:00 ASTANA TIMES. 21:00 «Қара ниет». 22:00 «Жаза». 00:00 «Үздік әзілдер». 01:00 «KazNet». 02:00 «Үздік әндер». 03:00 «Не ври мне». 04:00 Сырты бүтін.05:00 «Ән мен әзіл».

**КТК**

07.05 «КТК». ҚОРЖЫНЫНАН». 07.20 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР 07.45 «МҰҢАЙМА, НЕФИСЕ». 09.00 «ЖАТ ТУЫСТАР». 09.50 НОВОСТИ. 10.30 «РОЗЫСК». 11.30 «ЖЕНА ПОЛИЦЕЙСКОГО». 13.35 «ОСИНОЕ ГНЕЗДО». 14.40 «НЕ ПЛАЧЬ ПО МНЕ, АРГЕНТИНА!». 15.50 «САҒЫНЫШ». 17.10 «ЖАТ ТУЫСТАР». 18.10 «ҚАРА ТЕҢІЗ». 19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ». 21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ. 21.40 «ЖЕНА ПОЛИЦЕЙСКОГО». 23.50 «МОСТ-2». 01.30 «МҰҢАЙМА, НЕФИСЕ». 02.20 «ТОЙ BESTSTAR». 03.20-04.10 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ».

**7-АРНА**

06.00 «Гу-гулет». 07.00 «Азулылар әулеті». 08.00 «Элиф». 09.00 «Леди Баг и Супер кот». 09.30 «Замуж после всех». 10.30 «Агент 117». 12.40 «Вольная грамота». 13.50 «Балабол 3». 15.00 «Q-елі». 15.20 «Тек қана қыздар». 16.00 «Жаңа келін». 17.00 «Элиф». 18.00 «Балабол 3». 19.00 «Вольная грамота». 20.00 «Слуга народа 2». 21.00 Лотерея 777. 21.05 «Зың-зың Күлпаш». 22.05 «Азулылар әулеті». 23.00 «Q-елі». 23.30 «Плохие парни». 02.00 «Слуга народа 2». 03.00 «Жаңа келін». 03.45 «Элиф». 04.30 «Жеңіп көр». 05.15 «Гу-гулет».

**31**

06:00 Ризамын. 07:00 Информбюро. 08:00 «Тылсым әлем». 09:00 «Принцесса и лягушка». 11:00 «Иффет». 12:10 «Жанкешті ханымдар». 14:10 «Маша и медведь». 15:00 «Экстрасенсы детективы». 16:00 «90-е». 17:00 «Воронины». 18:00 Сериал. 20:00 Информбюро. 21:00 «Иффет». 22:00 ««What's Up?». 23:30 Әзілдер жинағы 01:10 «Мехектің өмірі». 01:50 Алдараспан, Шаншар нысана әзілдері. 04:00 Ризамын. 05:00 Әзіл студио.

**ДИДАР**

08.00 «Дидар». 08.30 «Гороскоп». 08.35 «Таңғы шоу». 11.35 «Мультфильмы». 12.20 «Асыл арман». 13.00 «Дидар». 13.30 «Рухани жаңғыру». 13.55 «Сәулемді елге түсірсем...». 15.25 «Неизведанный Казахстан». 15.55 «Слова назидания Абая Кунанбаева». 16.00 «Хабарландыру». 16.30 Деректі фильм. 17.00 «Ән шашу». 17.20 «Асыл арман». 18.00 «Дидар». 18.15 «Мультфильм». 18.25 «Слова назидания Абая Кунанбаева». 18.30 «Гороскоп». 18.35 «Хабарландыру». 19.05 «Қазақстан байтақ өлке». 19.35 Деректі фильм. 20.15 «Ой дода». 20.30 «Дидар». 21.00 «Сәлем». 22.00 «Панорама дня». 22.20 «Территория происшествий». 22.30 «Тәулік тынысы». 22.55 «Ән шашу». 23.30 «Дидар».

## 22.01.2020

**QAZAQSTAN**

06:05 «Мәңгілік аспан астында». 06:30 AQPARAT. 07:00 «TAŃSHOLPAN». 10:00 «Шытынаған тағдыр». 12:00 «NIET». 14:00 AQPARAT. 14:10 «Көсем». 16:00 «ТҰЛҒА». 16:30 «Сен де бір кірпіш дүниеге» 17:00 AQPARAT. 17:15 «24 SAǴAT TABIǴAT QUSHAǴYNDA» 18:00 «ШЫТЫНАҒАН ТАҒДЫР». 20:00 AQPARAT. 20:35 «ASHYQ ALAŃ». 21:30 «КӨСЕМ». 23:25 «Bizben birge...». 00:10 AQPARAT. 00:40 «Niet». 02:15 «Сен де бір кірпіш дүниеге».

**ХАБАР**

06:00 Қорытынды жаңалықтар. 07:15 «Көрімдік». 07:40 «Қызық times». 08:40 «Тракторшының махаббаты». 09:30 «Көкжал». 10:20 «Листопад». 12:00 Жаңалықтар. Новости. 12:30 «Разия». 13:00 «Между нами девочками 2». 14:50 «Тракторшының махаббаты». 16:30 «Қызық times». 17:45 «Абдулхамид хан». 19:30 Қорытынды жаңалықтар. 20:00 «Көкжал». 20:50 «Біздің назарда». 21:00 Итоги дня. 21:40 «Листопад». 23:15 «Абдулхамид хан». 00:50 «Төрлетіңіз». 01:50 «Черный список». 02:30 «Менің тағдырым».

**АСТАНА**

06:00 «Ән мен әзіл». 06:30 «Күлдірген». 07:00 «Үздік әзілдер». 08:00 «Маша и медведь». 09:50 «Сыла». 11:50 «Қара ниет». 12:50 «Буба». 13:00 «Не ври мне». 14:00 «Бригада». 16:25 «Кім кінәлі?». 17:10 «Үздік әзілдер». 18:05 «Сыла». 20:00 ASTANA TIMES. 21:00 «Қара ниет». 22:00 «Жаза». 00:00 «Үздік әзілдер». 01:00 «KazNet». 02:00 ASTANA TIMES. 03:00 «Не ври мне». 04:00 Сырты бүтін.05:00 «Ән мен әзіл».

**КТК**

07.05 «КТК». ҚОРЖЫНЫНАН». 07.20 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР 07.45 «МҰҢАЙМА, НЕФИСЕ». 09.00 «ЖАТ ТУЫСТАР». 09.50 НОВОСТИ. 10.30 «РОЗЫСК». 11.30 «ЖЕНА ПОЛИЦЕЙСКОГО». 13.35 «ОСИНОЕ ГНЕЗДО». 14.40 «НЕ ПЛАЧЬ ПО МНЕ, АРГЕНТИНА!». 15.50 «САҒЫНЫШ». 17.10 «ҚИЫН ШАҚ». 18.10 «ҚАРА ТЕҢІЗ». 19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ». 21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ. 21.40 «ЖЕНА ПОЛИЦЕЙСКОГО». 23.50 «МОСТ-2». 01.30 «МҰҢАЙМА, НЕФИСЕ». 02.20 «ТОЙ BESTSTAR». 03.20-04.10 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ».

**7-АРНА**

06.00 «Гу-гулет». 07.00 «Азулылар әулеті». 08.00 «Элиф». 09.00 «Леди Баг и Супер кот». 09.30 «Замуж после всех». 10.30 «Смеяться разрешается». 12.40 «Вольная грамота». 13.50 «Балабол 3». 15.00 «Q-елі». 15.20 «Тек қана қыздар». 16.00 «Жаңа келін». 17.00 «Элиф». 18.00 «Балабол 3». 19.00 «Вольная грамота». 20.00 «Слуга народа 3». 21.00 Лотерея LOTO 6/49 / 777 / KENO. 21.05 «Зың-зың Күлпаш». 22.05 «Азулылар әулеті». 23.00 «Q-елі». 23.30 «Плохие парни-2». 02.20 «Слуга народа 2». 03.00 «Жаңа келін». 03.45 «Элиф». 04.30 «Жеңіп көр». 05.15 «Гу-гулет».

**31**

06:00 Ризамын. 07:00 Информбюро. 08:00 «Тылсым әлем». 09:00 «Смешарики. Начало». 11:00 «Иффет». 12:10 «Жанкешті ханымдар». 14:10 «Маша и медведь». 15:00 «Экстрасенсы детективы». 16:00 «90-е». 17:00 «Воронины». 18:00 Сериал. 20:00 Информбюро. 21:00 «Иффет». 22:00 ««What's Up?». 23:30 Әзілдер жинағы 01:10 «Мехектің өмірі». 01:50 «Цена измены». 03:30 Ризамын. 05:00 Әзіл студио.

**ДИДАР**

08.00 «Дидар». 08.30 «Гороскоп». 08.35 «Таңғы шоу». 10.00 «Дидар». 10.15 «Таңғы шоу». 11.50 «Мультфильм». 12.20 «Асыл арман». 13.00 «Дидар». 13.30 «Ой дода». 13.45 «Мәңгі махаббат мекені». 15.25 «Қазақстан байтақ өлке». 15.55 «Слова назидания Абая Кунанбаева». 16.00 «Хабарландыру». 16.30 Деректі фильм. 17.20 «Асыл арман». 18.00 «Дидар». 18.20 «Слова назидания Абая Кунанбаева». 18.30 «Гороскоп». 18.35 «Хабарландыру». 19.05 Документальный фильм. 20.15 «Ұлы даланың ұлы тұлғалары». 20.30 «Дидар». 21.00 «Сәлем». 22.00 «Панорама дня». 22.20 «Территория происшествий». 22.30 «Тәулік тынысы». 22.55 «Ән шашу». 23.30 «Дидар».

## 23.01.2020

**QAZAQSTAN**

06:05 «Мәңгілік аспан астында». 06:30 AQPARAT. 07:00 «TAŃSHOLPAN». 10:00 «Шытынаған тағдыр». 12:00 «NIET». 14:00 AQPARAT. 14:10 «Көсем». 16:00 «БІР КҮН» 16:25 «ҚАЗЫНАЛЫ ҚАЗАҚСТАН». 17:00 AQPARAT. 17:15 «24 SAǴAT TABIǴAT QUSHAǴYNDA» 18:00 «ШЫТЫНАҒАН ТАҒДЫР». 20:00 AQPARAT. 20:35 «ASHYQ ALAŃ». 21:30 «КӨСЕМ». 23:25 «Bizben birge...». 00:10 AQPARAT. 00:40 «Niet». 02:15 «Ауылдастар».

**ХАБАР**

06:00 Қорытынды жаңалықтар. 07:15 «Көрімдік». 07:40 «Қызық times». 08:40 «Тракторшының махаббаты». 09:30 «Көкжал». 10:20 «Листопад». 12:00 Жаңалықтар. Новости. 12:30 «Разия». 13:00 «Между нами девочками 2». 15:00 «Келінжан». 16:35 «Қызық times». 17:45 «Абдулхамид хан». 19:30 Қорытынды жаңалықтар. 20:00 «Көкжал». 20:50 Открытый диалог 21:00 Итоги дня. 21:40 «Листопад». 23:15 «Абдулхамид хан». 00:50 «Төрлетіңіз». 01:50 «Черный список». 02:30 «Менің тағдырым».

**АСТАНА**

06:00 «Ән мен әзіл». 06:30 «Күлдірген». 07:00 «Үздік әзілдер». 08:00 «Маша и медведь». 09:50 «Сыла». 11:50 «Қара ниет». 12:50 «Буба». 13:00 «Не ври мне». 14:00 «Бригада». 16:25 «Кім кінәлі?». 17:10 «Үздік әзілдер». 18:05 «Сыла». 20:00 ASTANA TIMES. 21:00 «Қара ниет». 22:00 «Жаза». 00:00 «Үздік әзілдер». 01:00 «KazNet». 02:00 ASTANA TIMES. 03:00 «Не ври мне». 04:00 Сырты бүтін.05:00 «Ән мен әзіл».

**КТК**

07.05 «КТК». ҚОРЖЫНЫНАН». 07.20 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР 07.45 «МҰҢАЙМА, НЕФИСЕ». 09.00 «ҚИЫН ШАҚ». 09.50 НОВОСТИ. 10.30 «РОЗЫСК». 11.30 «ЖЕНА ПОЛИЦЕЙСКОГО». 13.35 «ОСИНОЕ ГНЕЗДО». 14.40 «НЕ ПЛАЧЬ ПО МНЕ, АРГЕНТИНА!». 15.50 «САҒЫНЫШ». 17.10 «ҚИЫН ШАҚ». 18.10 «ҚАРА ТЕҢІЗ». 19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ». 21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ. 21.40 «ЖЕНА ПОЛИЦЕЙСКОГО». 23.50 «МОСТ-2». 01.30 «МҰҢАЙМА, НЕФИСЕ». 02.20 «ТОЙ BESTSTAR». 03.20-04.10 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ».

**7-АРНА**

06.00 «Гу-гулет». 07.00 «Азулылар әулеті». 08.00 «Элиф». 09.00 «Леди Баг и Супер кот». 09.30 «Замуж после всех». 10.30 «Смеяться разрешается». 12.40 «Вольная грамота». 13.50 «Балабол 3». 15.00 «Q-елі». 15.20 «Тек қана қыздар». 16.00 «Жаңа келін». 17.00 «Элиф». 18.00 «Балабол 3». 19.00 «Вольная грамота». 20.00 «Слуга народа 3». 21.00 Лотерея 777. 21.05 «Зың-зың Күлпаш». 22.05 «Азулылар әулеті». 23.00 «Q-елі». 23.30 «Во имя мести». 01.30 «Слуга народа 3». 02.30 «Кзландия». 03.00 «Жаңа келін». 03.45 «Элиф». 04.30 «Жеңіп көр». 05.15 «Гу-гулет».

**31**

06:00 Ризамын. 07:00 Информбюро. 08:00 «Тылсым әлем». 09:00 «Ежик Бобби: Колючие приключения». 11:00 «Иффет». 12:10 «Жанкешті ханымдар». 14:10 «Маша и медведь». 15:00 «Экстрасенсы детективы». 16:00 «90-е». 16:30«Воронины». 18:00 Сериал. 20:00 Информбюро. 21:00 «Иффет». 22:00 ««What's Up?». 23:30 Әзілдер жинағы 01:10 «Мехектің өмірі». 01:50 Алдараспан, Шаншар нысана әзілдері. 04:00 Ризамын. 05:00 Әзіл студио.

**ДИДАР**

08.00 «Дидар». 08.30 «Гороскоп». 08.35 «Таңғы шоу». 10.00 «Дидар». 10.15 «Таңғы шоу». 11.50 «Мультфильмы». 12.20 «Асыл арман». 13.00 «Дидар». 13.30 «Ұлы даланың ұлы тұлғалары». 13.45 «Туған ел». 15.50 «Слова назидания Абая Кунанбаева». 16.00 «Хабарландыру». 17.00 «Ән шашу». 17.20 «Асыл арман». 18.00 «Дидар». 18.15 «Мультфильм». 18.25 «Слова назидания Абая Кунанбаева». 18.30 «Гороскоп». 18.35 «Хабарландыру». 19.35 «Деректі фильм». 19.55 «Жас time». 20.15 «Ұлы даланың жеті қыры». 20.30 «Дидар». 21.00 «Сәлем». 22.00 «Панорама дня». 22.20 «Территория происшествий». 22.30 «Тәулік тынысы». 22.55 «Ән шашу». 23.30 «Дидар».

## 24.01.2020

**QAZAQSTAN**

06:05 «Kóńil tolqyny» 06:30 AQPARAT. 07:00 «TAŃSHOLPAN». 10:00 «Шытынаған тағдыр». 12:00 «NIET». 14:00 AQPARAT. 14:10 «Көсем». 16:00 «Иман өзегі» 16:20 «АЗАМАТ». 16:40 «ҚАЗАҚТЫҢ ҚАРКЕНІ». 17:00 AQPARAT. 17:15 «АУЫЛДАСТАР» 17:45 «Kóńil tolqyny» 18:00 «ШЫТЫНАҒАН ТАҒДЫР». 20:00 AQPARAT. 20:35 «ASHYQ ALAŃ». 21:30 «КӨСЕМ». 23:25 «Bizben birge...». 23:50 «Parasat maidany» 00:20 AQPARAT. 00:50 «Niet».

**ХАБАР**

06:00 Қорытынды жаңалықтар. 07:15 «Көрімдік». 07:40 «Қызық times». 08:40 «Келінжан». 10:20 «Листопад». 12:00 Жаңалықтар. Новости. 12:30 «Патриот». 13:00 «Семейный альбом». 14:50 «Давайте говорить». 16:00 «Религия. Сегодня». 16:20 Тікелей эфирде «Қоғамдық талқылау». 17:20 «Пәленшеевтер». 17:45 «Абдулхамид хан». 19:30 Қорытынды жаңалықтар. 20:00 «Көкжал». 20:50 Новый курс. 21:00 Итоги дня. 21:40 «Листопад». 23:15 «Абдулхамид хан». 00:50 «Төрлетіңіз». 01:50 «Черный список». 02:30 «Менің тағдырым».

**АСТАНА**

06:00 «Ән мен әзіл». 06:30 «Күлдірген». 07:00 «Үздік әзілдер». 08:00 «Маша и медведь». 09:50 «Сыла». 11:50 «Қара ниет». 12:50 «Буба». 13:00 «Не ври мне». 14:00 «Бригада». 16:25 «Кім кінәлі?». 17:10 «Үздік әзілдер». 18:05 «Сыла». 20:00 ASTANA TIMES. 21:00 «Қара ниет». 22:00 «Жаза». 00:00 «Үздік әзілдер». 01:00 «KazNet». 02:00 ASTANA TIMES. 03:00 «Не ври мне». 04:00 Сырты бүтін.05:00 «Ән мен әзіл».

**КТК**

07.05 «КТК». ҚОРЖЫНЫНАН». 07.20 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР 07.45 «МҰҢАЙМА, НЕФИСЕ». 09.00 «ҚИЫН ШАҚ». 09.50 НОВОСТИ. 10.30 «РОЗЫСК». 11.30 «ЖЕНА ПОЛИЦЕЙСКОГО». 13.35 «ОСИНОЕ ГНЕЗДО». 14.40 «НЕ ПЛАЧЬ ПО МНЕ, АРГЕНТИНА!». 15.50 «САҒЫНЫШ». 17.10 «ҚИЫН ШАҚ». 18.10 «ҚАРА ТЕҢІЗ». 19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 «ӘЙЕЛ ҚЫРЫҚ ШЫРАҚТЫ-2». 21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ. 21.40 «ДОКТОР СМЕРТЬ». 01.15 «МҰҢАЙМА, НЕФИСЕ». 02.10 «ТОЙ BESTSTAR». 03.10-04.00 «АҚИҚАТЫН АЙТАЙЫҚ».

**7-АРНА**

06.00 «Гу-гулет». 07.00 «Азулылар әулеті». 08.00 «Элиф». 09.00 «Леди Баг и Супер кот». 09.30 «Замуж после всех». 10.30 «Смеяться разрешается». 12.40 «Вольная грамота». 13.50 «Балабол 3». 15.00 «Субботний вечер». 17.10 «Юморина». 19.00 «Я худею». 21.00 Лотерея 777. 21.05 «Зың-зың Күлпаш». 22.05 «Азулылар әулеті». 23.00 «Q-елі». 23.30 «Зной». 01.40 «Лорд Дракон». 03.30 «Айнаонлайн». 03.45 «Элиф». 04.30 «Жеңіп көр». 05.15 «Гу-гулет».

**31**

06:00 Ризамын. 07:00 Информбюро. 08:00 «Тылсым әлем». 09:00 «Тайна магазина игрушек». 11:00 «Иффет». 12:10 «Жанкешті ханымдар». 14:10 «Маша и медведь». 15:00 «Экстрасенсы детективы». 16:00 «Ежик Бобби: Колючие приключения». 18:00 «Хоттабыч». 20:00 Информбюро. 21:00 «Как я стал русским». 23:00 Әзілдер жинағы. 00:00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері. 02:00 Ризамын. 03:00 Әзіл студио.

**ДИДАР**

08.00 «Дидар». 08.30 «Гороскоп». 08.35 «Таңғы шоу». 10.00 «Дидар». 10.15 «Таңғы шоу». 11.45 «Мультфильмы». 12.20 «Асыл арман». 13.00 «Дидар». 13.30 «Ұлы даланың жеті қыры». 13.45 «Жас time». 14.00 «Қазақтың Қаражорғасы». 15.30 Деректі фильм. 15.55 «Слова назидания Абая Кунанбаева». 16.00 «Хабарландыру». 17.00 «Ән шашу». 17.20 «Асыл арман». 18.00 «Дидар». 18.15 «Мультфильм». 18.25 «Слова назидания Абая Кунанбаева». 18.30 «Гороскоп». 18.35 «Хабарландыру». 19.35 Мультфильм 19.50 «Жұмадағы жүздесу». 20.30 «Дидар». 21.00 «Сәлем». 22.00 «Панорама дня». 22.20 «Территория происшествий». 22.30 «Тәулік тынысы». 22.55 «Неизведанный Казахстан». 23.30 «Дидар».

## 25.01.2020

**QAZAQSTAN**

06:05 «Qyzyq eken...» 07:00 AQPARAT. 07:30 «Сәлем, Қазақстан!» 09:00 «Tolagai » 09:30 «Сиқырлы сақшылар». 10:00 «Шытынаған тағдыр». 12:00 «NUR TILEÝ». 12:35 «МАДАГАСКАР-2». 13:55 «16 қыз». 15:45 «Құс қанат ғұмыр». 18:00 «ШЫТЫНАҒАН ТАҒДЫР». 20:00 «MÁSELE». 20:35 ӘЛ-ФАРАБИ - 1150. «ӨРКЕНИЕТ ШЫРАҚШЫСЫ». 21:00 Димаш Құдайбергеннің Нью-Йорктегі концерті. 23:40 «Екі жұлдыз» 01:15 «Másele». 01:50 «Ауылдастар» 02:20 «Nur Tileý».

**ХАБАР**

06:00 «Тамаша». 07:30 «Әндер мен жылдар». 09:45 «Көрімдік». 10:45 «Дорогая Кымбат». 11:15 «Не туристы». 11:45 «Нильс Хольгерсон». 12:45 «Алиса в стране чудес». 14:00 «Сырнаймен егіз сырлы әнім». 16:00 «Тракторшының махаббаты». 19:20 «Биле». 21:00 «7 күн». 22:00 «Шерлок». 23:40 «Черный список». 01:20 «Көрімдік».

**АСТАНА**

06:00 «Ән мен әзіл». 06:30 «KazNet». 07:00 «Үздік әзілдер». 08:00 «Матч-реванш». 08:20 «Мешок яблок». 08:40 «Маша и медведь». 09:50 «Сыла». 11:50 «Қара ниет». 12:50 «Ел аузында». 13:50 «28 панфиловцев». 16:25 «Алдараспан». 18:05 «Сыла». 20:00 «Итоги». 20:45 «Үздік әзілдер». 21:00 «Қара ниет». 22:00 «Посейдон». 00:15 «Биші қыз». 01:35 Той жыры. 02:05 «Қызық болған». 03:15 «KazNet». 04:05 Сырты бүтін. 05:00 «Күлдірген».

**КТК**

07.05 «ҮЛКЕН ҮЙ». 07.45 «ӘЙЕЛ ҚЫРЫҚ ШЫРАҚТЫ-2». 08.50 «ВЕРНИТЕ МНЕ КРАСОТУ». 10.10 «ДОКТОР СМЕРТЬ». 13.50 «ЦЕНА СВОБОДЫ». 18.20 «САҒЫНДЫРҒАН ӘНДЕР-АЙ». 21.00 «БОЛЬШИЕ НОВОСТИ». 22.00 «ТАМ, ГДЕ НАС НЕТ». 01.40 «СВАДЬБА ВСЛЕПУЮ». 02.45 «ҚОС МҰҢЛЫҚ». 03.50-04.30 «ҮЛКЕН ҮЙ».

**7-АРНА**

06.00 «Қыздар арасында». 06.50 «Қуырдақ». 07.30 «Гу-гулет». 08.00 «Айнаонлайн». 09.00 «Фиксики». 10.00 Детский фильм «Бак». 11.00 «Субботний вечер». 13.00 «Юморина». 15.00 «Suikimdi Stories». 16.45 «Зың-зың Күлпаш». 21.00 Лотерея 777. 21.05 «Брюс Ли.Рождение Дракона». 23.00 «Легенда о Красном Драконе». 00.50 «Во имя мести». 03.00 «Suikimdi Stories». 04.30 «Жеңіп көр». 05.10 «Гу-гулет».

**31**

06:00 Ризамын. 07:00 Бауржан шоу. 08:00 «Әзілдер жинағы». 08:30 «6 кадров». 09:00 «Битва экстрасенсов». 11:00 Тамаша Live. 11:30 «Если бы…». 14:30 «Тайна магазина игрушек». 16:40 «Большое путешествие». 18:30 «Как я стал русским». 20:30 «Риддик». 23:00 «Хамраз». 02:30 Әзіл студио. 03:00 Ризамын. 04:30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері.

**ДИДАР**

08.00 «Дидар». 08.30 «Гороскоп». 08.35 «Ән шашу». 09.00 «Қазақстан байтақ өлке». 10.00 «Дидар». 10.15 «Сағынышым - сары дала». 12.10 «Мультфильм». 12.20 «Асыл арман». 13.00 «Дидар». 13.30 «Жұмадағы жүздесу». 14.10 «Мультфильм». 14.40 «Жүрек тынысы». 15.25 «Неизведанный Казахстан». 15.55 «Слова назидания Абая Кунанбаева». 16.00 «Хабарландыру». 16.30 «Мәңгі махаббат қалашығы». 18.00 «Дидар». 18.15 «Мультфильм». 18.25 «Слова назидания Абая Кунанбаева». 18.30 «Гороскоп». 18 35 «Хабарландыру». 19.00 «Время Шелкового пути». 19.30 «Ой дода». 19.45 «Ұлы даланың ұлы тұлғалары». 20.00 «Сәлем». 21.00 «Панорама недели». 22.00 Документальный фильм. 23.00 «Апталық шолу».

## 26.01.2020

**QAZAQSTAN**

06:05 «Qyzyq eken...» 07:00 «Сәлем, Қазақстан!» 07:45 «Aqsaýyt» 08:10 «Мадагаскар-2». 09:30 «Сиқырлы сақшылар». 10:00 «Шытынаған тағдыр». 12:00 «DARA JOL» 12:50 Димаш Құдайбергеннің Нью-Йорктегі концерті. 15:30 «ГАРРИ ПОТТЕР ЖӘНЕ АЗКАБАН ТҰТҚЫНЫ». 18:00 «ШЫТЫНАҒАН ТАҒДЫР». 20:00 «АРТА». 20:45 «ЖУРНАЛИСТІК ЗЕРТТЕУ» 21:10 «Ázil álemi» 23:00 «ҚҰРЫШ АДАМ». 01:20 «Apta». 02:05 «Журналистік зерттеу».

**ХАБАР**

06:00 «Тамаша». 07:45 «Сырнаймен егіз сырлы әнім». 10:00 «Жауынгер». 10:30 «Сенат аксакалов». 11:00 «Зачарованная». 13:00 «Полночное солнце». 14:45 «Көкжал». 18:45 «Мәжіліс.kz». 19:15 «Жұлдызды жекпе-жек». 21:00 «7 күн». 22:00 «Большая неделя». 23:15 «Қызық times». 00:30 «Черный список». 01:20 «Көрімдік».

**АСТАНА**

06:00 «Ән мен әзіл». 07:10 «28 панфиловцев». 09:20 «Маша и медведь». 09:50 «Сыла». 11:50 «Қара ниет». 12:50 «Той жыры». 13:30 «BAS TIMES». 15:00 «Посейдон». 17:15 «Үздік әзілдер». 18:05 «Сыла». 20:00 «Astana аптасы». 20:45 «Аялы алақан». 21:00 «Қара ниет». 22:00 «Алдараспан». 23:00 «Қызық болған». 00:45 «Ел аузында». 01:25 «Итоги». 02:10 «Биші қыз». 03:20 «KazNet». 04:20 «Әзілстан». 05:20 «Күлдірген».

**КТК**

07.05 «КТК-да ҚАБАТОВ». 08.00 «САҒЫНДЫРҒАН ӘНДЕР-АЙ». 09.30 «СМЕЯТЬСЯ РАЗРЕШАЕТСЯ». 12.00 «ТАМ, ГДЕ НАС НЕТ». 16.10 «ЭТО КРАСИВО! 20 ЛЕТ НА СЦЕНЕ». 18.20 «АЛДАРАСПАН». 19.30 «УЛЫ ТАМШЫЛАР». 20.30 «ДАУ-ДАМАЙСЫЗ». 21.00 «ПОРТРЕТ НЕДЕЛИ». 22.00 «СЛУГИ НАРОДА». 22.30 «ОХОТА НА ВЕРНОГО». 00.30 «СВАДЬБА ВСЛЕПУЮ». 01.40 «АСАУҒА ТҰСАУ». 02.45 «КТК-да ҚАБАТОВ». 03.40-04.30 «КӨРІПКЕЛ»

**7-АРНА**

06.00 «Қыздар арасында». 06.50 «Қуырдақ». 07.30 «Гу-гулет». 08.00 «Айнаонлайн». 09.00 «Фиксики». 10.00 «TELE Bingo». 10.30 «Фиксики». 10.50 «Замуж после всех». 15.00 «Тек қана қыздар». 19.00 «Лорд Дракон». 21.00 Лотерея 777. 21.05 «Ниндзя». 23.00 «Драконы навсегда». 01.00 «Зной». 03.10 «Тек қана қыздар».

**31**

06:00 Ризамын. 07:30 Әзіл студио. 09:00 Бауржан шоу. 10:00 «Готовим с Адель». 10:30 Тамаша Live. 11:00 «Хамраз». 14:35 «Большое путешествие». 16:25 «Риддик». 19:00 «Последний охотник на ведьм». 21:00 «Битва экстрасенсов». 23:00 «Если бы…». 01:45 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері. 03:00 Әзіл студио. 04:30 Ризамын.

**ДИДАР**

08.00 «Гороскоп». 08.05 Документальный фильм. 09.00 «Панорама недели». 10.00 «Дидар». 10.15 «Табиғатым махаббатым». 12.15 «Жүрек тынысы». 13.00 «Ұлы даланың ұлы тұлғалары». 13.15 «Ой дода». 13.30 «Время Шелкового пути». 14.00 «Апталық шолу». 15.00 «Қазақстан байтақ өлке». 15.55 «Слова назидания Абая Кунанбаева». 16.00 «Хабарландыру». 16.30 «Әпке». 17.55 «Қазақстан байтақ өлке». 18.25 «Слова назидания Абая Кунанбаева». 18.30 «Гороскоп». 18.35 «Хабарландыру». 18.55 «По следам великих номадов». 19.30 «Президент Жолдауы: сенімге-серпін!». 19.45 «Жеңіс-75». 20.00 «Сәлем». 21.00 «Сәттілік». 23.05 «Жүрек тынысы».


**«ОТАН» (ДОСААФ) АВТОМЕКТЕБІ**

«В», «В-дан С1-ге», «С1», «С», «ВС1», «Д1», «Д», «Е» категориялы жүргізушілер, «АВГ», «БД» категориялы тракторист-машинист курстары.

**Жезқазған қаласы, Гоголь көшесі, 13.**

**Телефон: 76 44 10, 76 08 61, 87772785577, 87051699920.**


## ҚАУЛЫ

*2019 жылғы 13 желтоқсан* *№40/01*

# МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ мен ОҚЫТУҒА АРНАЛҒАН МЕМЛЕКЕТТІК БІЛІМ БЕРУ ТАПСЫРЫСЫН, АТА-АНА ТӨЛЕМАҚЫСЫНЫҢ МӨЛШЕРІН БЕКІТУ ТУРАЛЫ

***Қаулы Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 18 желтоқсанда №5592 нөмірімен тіркеліп, нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіміне №137082 нөмірімен енгізілді***

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының 6-бабы 4-тармағы 8-1) тармақшасына сәйкес Жезқазған қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Жезқазған қаласы әкімінің жетекшілік жасайтын орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Жезқазған қаласының әкімі Қ.БЕГІМОВ**

***Жезқазған қаласы әкімдігінің 2019 жылғы «13» желтоқсандағы №40/01 қаулысына қосымша***

## МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ мен ОҚЫТУҒА АРНАЛҒАН МЕМЛЕКЕТТІК БІЛІМ БЕРУ ТАПСЫРЫСЫ, АТА-АНА ТӨЛЕМАҚЫСЫНЫҢ МӨЛШЕРІ

| № | Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының түрі | Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарындағы тәрбиеленушілердің саны | | Мектепке дейінгі білім беру ұйымдардағы ата-ананың бір айлық төлемақы мөлшері (теңге) | | | | Бір тәрбиеленушіге бір айға жұмсалатын шығындардың орташа құны (теңге) | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | мемлекеттік | жеке меншік | мемлекеттік | | жеке меншік | | мемлекеттік | жеке меншік |
| | | | | 3 жасқа дейін | 3 жастан 6 жасқа дейін | 3 жасқа дейін | 3 жастан 6 жасқа дейін | | |
| 1. | Балабақша, бөбекжай, мектепке дейінгі шағын орталық | 3331 | 495 | 9800 | 11800 | 9800 | 11800 | 23500 | 29000 |

## ПОСТАНОВЛЕНИЕ

*2019 год 13 декабря* *№40/01*

# ОБ УТВЕРЖДЕНИИ ГОСУДАРСТВЕННОГО ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ЗАКАЗА НА ДОШКОЛЬНОЕ ВОСПИТАНИЕ И ОБУЧЕНИЕ, РАЗМЕРА РОДИТЕЛЬСКОЙ ПЛАТЫ

***Постановление акимата города Жезказган Карагандинской области от 13 декабря 2019 года № 40/01. Зарегистрировано Департаментом юстиции Карагандинской области 18 декабря 2019 года № 5592, внесено в Государственный реестр нормативных правовых актов за №137082.***

В соответствии с пунктом 2 статьи 31 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», подпунктом 8-1) пункта 4 статьи 6 Закона Республики Казахстан от 27 июля 2007 года «Об образовании» акимат города Жезказган **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Утвердить государственный образовательный заказ на дошкольное воспитание и обучение, размер родительской платы согласно приложению.

2. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима города Жезказган.

3. Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

**Аким города Жезказган К. БЕГИМОВ**

***Приложение к постановлению акимата города Жезказган от «___»________ 2019 года № _____***

## ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ ЗАКАЗ НА ДОШКОЛЬНОЕ ВОСПИТАНИЕ И ОБУЧЕНИЕ, РАЗМЕР РОДИТЕЛЬСКОЙ ПЛАТЫ

| № | Вид дошкольной организации образования | Количество воспитанников организаций дошкольного воспитания и обучения | | Размер родительской платы в дошкольных организациях образования в месяц (в тенге) | | | | Средняя стоимость расходов на одного воспитанника в месяц (в тенге) | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | государственный | частный | государственный | | частный | | государственный | частный |
| | | | | до 3 лет | от 3 до 6 лет | до 3 лет | от 3 до 6 лет | | |
| 1. | Детский сад, ясли-сад, дошкольный мини-центр | 3331 | 495 | 9800 | 11800 | 9800 | 11800 | 23500 | 29000 |

С.Қожамқұлов атындағы Жезқазған қазақ музыкалық-драма театрының ұжымы қуыршақ труппасының режиссері Жасұлан Түсіпбековке әкесінің, қуыршақ труппасының актрисасы Рыскүл Исмаиловаға қайынатасы

**Аманжол Қасымұлы ТҮСІПБЕКОВТІҢ**

қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

С.Қожамқұлов атындағы Жезқазған қазақ музыкалық-драма театрының ұжымы аудармашы Балдырған Өтегенқызы Жаппархановаға әкесі, Қазақстанның құрметті журналисі, Мәдениет қайраткері, белгілі қаламгер, Қызылорда қаласының Құрметті азаматы

**Өтеген ЖАППАРХАННЫҢ**

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.


**БСН 050340007333, ЖСК KZ098560000005225027, БСК KCJBKZKX «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Сарыарқа газеті редакциясы» ЖШС.**

**Меншік иесі: «САРЫАРҚА газеті редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**

**Директор – бас редактор**
**Дархан Қабылдашұлы МҰХАН**

Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі ақпарат комитетінде қайта тіркелген (04.01.2019 ж.), куәлік №17433-Г (алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі – №569. 08.07.1997 ж.)

Газетте жарияланған мақала авторларының пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып табылмайды. Мақалалардың нақтылығы үшін автор жауапты.

Газет редакцияның өз компьютер орталығында теріліп, беттелді. Қызылорда қаласында «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында (Сұлтан Бейбарыс көшесі, 4) офсеттік тәсілмен басылды.

Таралымы – 2000. Көлемі – 4 баспа табақ. Тапсырыс 59. Газет аптасына бір рет – жұма күні шығады.

Бас редактордың орынбасары – Диана ОРАЗАЛИНА, корректор – Бикен ЕСЕНБАЕВА, Фототілші – Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА.

Ⓐ – материал ақылы.

**100600, Жезқазған қаласы, І.Есенберлин көшесі, 63/3. • http://saryarka.webpress.kz • E-mail: sa_jez@ mail.ru • whatsApp +7 708 420 19 88**
**Директор – бас редактор: 20-19-88, бухгалтерия/факс: 71-00-55, бас редактордың орынбасары: 71-07-01, тілшілер, газет тарату бөлімі: 77-50-25.**

ТАҒЗЫМ

# МАЙДАНГЕР ЕСІМІН ҰЛЫҚТАДЫ

**Екінші Дүнежүзілік соғыстың құрамдас бөлігі ретінде тарих бетінен мәңгілік орын алып, елін, жерін сүйген қаншама ер жанын құрбан етіп, қаншама халықтың қасіретіне айналған Ұлы Отан соғысының аяқталғанына биыл – 75 жыл.**



Маңызды мәнге ие мереке қарсаңында Жезқазған тарихи-археологиялық музейінің көрме залында Ұлы Отан соғысына қатысушы, «Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медалі мен Қазақ КСР-нің «Еңбек сіңірген экономисі» құрметті атағының, «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» ордендерінің, «Социалистік жарыс жеңімпазы» белгісінің және көптеген мерекелік медальдердің иегері Ордабай Исаевты еске алып, батырдың өмір жолын және ерліктері мен еңбек жолын кеңінен насихаттауға арналған «Ұлы ерлік баспалдағы» атты көрме ұйымдастырылды.

1924 жылы Қарағанды облысы Ұлытау ауданы Сарысу ауылында дүниеге келген Ордабай Исаев еңбек жолын 18 жасында М.И.Калинин атындағы ұжымшарда есепші болып бастаған. Кейіннен Жезқазған кенішінің №11-12 шахтасына жер асты кен тасымалдаушысы болып ауысады. Әскер қатарында жүріп соғыс алаңына аттанады. 1949 жылдан бастап Жезқазған өнеркәсіптік кешені жүйесінде еңбек ете бастаған ол 1955-1960 жылдары С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің экономика факультетіне оқуға тапсырады. Сөйтіп, 1958 жылдан 1985 жылға дейінгі аралықта комбинаттың бас бухгалтері және бас экономисі қызметтерін атқарды. Оның басшылығымен және тікелей қатысуымен комбинатта бірінші рет түсті металлургияда материалдық құндылықтарға есеп жүргізудің оперативтік-бухгалтерлік әдісі, журнал-ордерлік нұсқасы енгізілді. Және де комбинатта үлкен экономикалық тиімділігі бар бухгалтерлік есеп жүргізу ісі орталықтандырылды және механикаландырылды. Ол бірнеше рет кенттік және қалалық халық депутаттары кеңесіне, Қазақстан Компартиясы қалалық комитетіне, комбинат басқармасы партия бюросының мүшелігіне сайланды. Ордабай Исаев ғылым саласында да өз қолтаңбасын қалдыра білді. Оның 1968 жылы «Түсті металлургиядағы бухгалтерлік есеп», ал 1966 жылы «Өндіріс шығындарын есептеудің нормативтік әдісі» кітаптары есеп жүргізу саласында аса қажетті құралдар болды.

Қазақстан Республикасының Туы әкеліпіп, Әнұраны шырқалған кеш одан әрі батырды еске алуға арналған бір сәттік үнсіздікпен жалғасты. Одан әрі көрермендерге Ордабай ақсақалдың өмір жолынан сыр шертетін арнайы әзірленген бейнематериал ұсынылды.

– Ордабай аға адам өміріндегі ең маңызды қос таңдау: мамандық және жар таңдауда қателеспеген адам. Жалпы өмір деген ұзақ жолда қателікті аз жіберген адам ретінде білемін. Мен ол кісі туралы үлкендердің аузынан жиі еститінмін. Оны білетіндер есімін мақтанышпен айтатын. Мен Ордабай ағаның үлкен ұлымен бір сыныпта оқыдым. Өмірінің соңғы жылдарында көрші де болдық. Сол кездерде жиі кездесіп, әңгіме-дүкен құратынбыз. Ол қарапайым еңбек адамынан жоғары қызмет иесіне дейін көтерілді. Шайя апамызбен бірге 7 бала, 21 немере, 25 шөбере тәрбиеледі. Ол дін саласына жетік болды. Қазақтың салт-дәстүрлеріне де шебер еді. Бұның барлығын әкемнен үйрендім деп отыратын. Ол – жастайынан әкесі үйреткен тағылым-тәрбиені өз ұрпақтары бойына да сіңіре білген жан, – деді шара барысында ағаға деген ізгі сағынышын білдірген «Қазақтың Кетбұқасы» қоғамдық қорының төрағасы Төлеген Бүкіров. Және Қарағанды облысының Құрметті азаматы Мұзараф Аханов бастаған ардагерлер сөз алып, игі бастамаға ұйытқы болған музей басшысы Раушан Қапарова мен қызметкерлеріне алғысын білдірді.

Шара одан әрі Ордабай Исаевқа арналған көрменің лентасын қию салтанатымен жалғасты. Лента қию рәсімін Ордабай Исаевтың ұлы, Жезқазған мыс қорыту зауытының кәсіподақ төрағасы Кәрім Исаев пен ақсақалдар – Мұзараф Аканов пен Төлеген Бүкіров жүргізді. Шара соңында музей басшысы көрменің өткендігін растайтын сертификат пен арнайы әзірленген лентаны Ордабай Исаевтың туған-туыстарына табыс етті.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

ЖАЗУ РЕФОРМАСЫ

# ЛАТЫН ӘЛІПБИІНДЕГІ «И», «У» және «Я», «Ю» ӘРІПТЕРІНІҢ ЕМЛЕСІН ҮЙРЕТУ ТӘЖІРИБЕСІНЕН

Бұрын орыс тіліндегі сөздерді өзгеріссіз жазу үшін әліпбимізге ана тілімізде жоқ дыбыстарды белгілейтін әріптердің алынғаны және орфографиямызға қазақ тілі табиғатына сәйкес келмейтін ережелердің енгізілгені белгілі. Сол себепті емлемізде **у мен и-дің** жазылуы сияқты даулы мәселелер бар және соған байланысты бірнеше ереже берілген. Жаңа емленің мақұлданған нұсқасы бойынша ı, ý әріптері дауыссыз дыбыс ретінде таңбаланады: aı, úı, oıshyl, ıaǵnı, qoıan, saıa, ıod, faıl, aıkıdo, mezozoı, ýaǵyz, ýaqyt, aý, sáýkele, demeýshi, qaýyn, aıýan, keıýana. Сондай-ақ аталған әріптердің екі дыбыс тіркесі арқылы дыбысталатыны, бірақ жазылымда ескерілмейтіні, жаңа әліпбиге енбей қалған әріптердің жазылуы сияқты мәселелер емле ережесінде анық көрсетілген.



Тренингтер барысында қатысушылардың жас ерекшеліктеріне, сабақ тақырыбының ауқымына байланысты әдістемелік тұрғыдан тапсырма түрлері де әртүрлі болып өзгеріп отырады. Мысалы, аудитория тек жастардан құралса ойын, топтық жарыс түрлері, проблемалық ситуациялар туғызу тәсілдері көбірек қолданылса, егде адамдардан құралған аудиторияда дәстүрлі сабақ түрлеріне көп көңіл бөлінеді. Айта кету керек, бұл аудиторияның ребустар, сандық ойын түрлері, түрлі кестелермен жұмыс жасаудағы қабылдаулары жастарға қарағанда баяулау. Сол себептен, ересектерге арналған тренингте жазу, мәтінді оқу, мысалдармен жұмыс жасау тәсілдері көбірек қолданылады. Бұл арада қатысушының жас ерекшелігімен қоса қабылдау мүмкіндіктері ескеріледі. Енді тренингтерде берілген кейбір тапсырма түрлеріне тоқтала кетейін. Мәселен, мынандай тапсырма беріледі: екі топ кезек-кезек өздері таңдаған қағаз түстеріндегі тапсырмаларды орындайды. Тапсырманы орындау жылдамдығы мен дұрыс орындауы ескеріледі. Шарты былай берілген: Я, Ю әрпімен келген сөздердің дұрыс жазылған нұсқасын белгілеңіз. Қызыл түсті қағазға «жарияладым» сөзі мен бірнеше нұсқалары жазылады (жариіаланым, жарияланым, жариааланым) т.б., көк түске «жымию» (жымыу,жымию, жымиу) т.б., жасыл түске тою (тойыу, тойыу, тою) т.б. бұл сөздер латын әліпбиінде жазылады. Өздеріңіз байқап отырғандай, бұл тапсырманы орындау арқылы қатысушылар жаңа әліпби бойынша я, ю әріптерінің қалай жазылатынын меңгеретін болады.

Сондай-ақ, **и мен у-ға** қатысты әр тыңдаушының немесе топтың ой-пікірін білу мақсатында «Ашық микрофон» ойынын ұйымдастыруға болады. Ойын тәртібі бойынша қатысушы топпен немесе жұппен ақпарат алмасады. Әр топ алдыңғы айтылған мәліметті қайталамай, бір жаңа мәлімет береді. Талқылаудан өткізіп, қателер түзетіледі.

Әрине, шағын мақала көлемі тренингтерде қолданылған барлық тапсырма түрін ұсынуды көтермейді. Дегенмен де, жаңа әліпбидегі әріптер мен оның емле ережесін түсіндіру үшін тапсырмалар түрлендіріліп берілсе, нәтижесі мол болмақ.

**Ақгүл ОШАҒАНОВА,**
**«Тілтану» оқу-әдістемелік орталығының латын графикасы бойынша оқытушысы**

# ЕЛ ҚОРҒАНЫ – ҰЛТТЫҚ ҰЛАН



**1992 жылдың 10 қаңтарында Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Қазақстан Республикасы ІІМ ішкі әскері құрылды. 2014 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы деп қайта аталған ішкі әскердің 28 жылдығына орай 6505 әскери бөлімінің 8-жеке атқыштар ротасы салтанатты шара өткізді.**

Қазақстандықтардың конституциялық құқығы мен қауіпсіздігін, қоғам құндылықтарын, мемлекет тұрақтылығы мен тыныштығын қауіп-қатерлерден қорғауды абыройы санайтын әскерилерді 6505 әскери бөлімінің 8-жеке атқыштар ротасының взвод командирі, капитан Жанат Әбілмажинов құттықтады.

– Біздің қызмет қоғамдағы тыныштық пен тәртіптің сақталуын, тұрғындардың жеке қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ықпал етеді. Таңдаған қызмет пен қабылдаған Антқа адалдық, рух беріктігі және жауапкершілік – әр әскери қызметшінің берік ұстанымы. Ел қорғаны деген атқа лайық болуды асыл міндет еткен сіздердің еңбектеріңізді жоғары бағалай отырып, қызмет жолында тек айбындық пен табандылық тілейміз, – деп ақ жарма тілегін ақтара отырып, қызметте абыройлы бірқатар әріптестерін 6505 әскери бөлімінің командирі полковник Ю.Малицкийдің Алғыс хатымен марапаттады.

Келесі болып сөз алған рота командирінің міндетін атқарушы аға лейтенант Арыстан Қасымов ҚР Ұлттық ұланы күніне арналған баяндамасын оқып берді. Ол сөзінде және Тәуелсіздіктің қорғаны, тыныштықтың кепілі болған Ұлттық ұлан ел үшін қызмет ететінін жеткізіп, өзіне жүктелген осынау зор сенімді ақтауды мәртебе санайтынын жеткізді.

Жиынның сәнін патриоттық әндермен кіргізген бөлім қызметкерлері әскерилер өнерден де кенде еместігін көрсетті.

**Бота ШАЛҚАР**

# ЖЕҢІС ТҰҒЫРЫНДА



**Талай күміс көмей әншілерді, дәулескер күйшілер мен қыл қалам шеберлерін, бес саусағынан өнер тамған қолөнершілер мен бишілерді түлететін Жезқазған балалар өнер мектебінің абыройы тағы асқақтады. Бұл жолы оның шәкірттері халықаралық додада оза шауып, жүлделі орындарға ие болды.**

Сүйінші хабарды жеткізген Әнуарбек Әлімовтің қос бірдей оқушысы жеңіске жетті. Тұңғыш ғарышкер Юрий Гагариннің туғанына 85 жыл толуына орай Саратов қаласында ұйымдастырылған «Ақ қарға» байқауына жезқазғандық Алуа Жарасбаева мен Светлана Серебрякованың жұмыстары жөнелтілген. Гагариннің бейнесін айнытпай салған қос жас суретшінің жұмысы 9 мемлекеттен қатыстырылған мыңнан аса жұмыстың ішінен қазылар алқасының оң бағасына ие болды. Атап айтсақ, Алуа жүлделі I орынды, ал, Светлана жүлделі II орынды иеленіп, ұстазының ғана емес, тұтас елдің мерейін асырып отыр.

Жүзден жүйрік шыққан Алуа Жарасбаеваның туындысы Варшавада өткен «Ресейді салудың өзі – бір бақыт» деп аталған көрмеге қойылды. Ресейдің ғылым және мәдениет орталығының қолдауымен өткен сурет көрмесіне қатысып, көптің көзайымына айналған жас суретші мен оның жетекшісі Әнуарбек Әлімов арнайы дипломдармен марапатталды.

**Өз тілшіміз**







# ТІЛСІЗ ЖАУДАН САҚТАНДЫРДЫ

**Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерінде бірыңғай тәсілді қалыптастыру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 13 желтоқсанындағы № 921 қаулысымен өзгерістер енгізілген болатын. Аталған өзгерістермен толығырақ таныстыру мақсатында қалалық төтенше жағдайлар басқармасы зілзалалардың қауіп-қатерін азайту және азаматтық қорғау тобының бас маманы, азаматтық қорғау капитаны Дидар Құйқабаев жезқазғандық өндірістік мекеме өкілдерімен кездесті.**



– Өрт – адам өмірі үшін ең қауіпті апаттардың бірі екендігі айтпаса да түсінікті. Сол себепті, негізгі қағидаларға біршама өзгерістер енгізілді. Соған сай, қаулы шеңберінде палата лагерьлеріне қойылатын талаптар анықталды. Газ құрылғыларымен жабдықталған автомобильдердің жабық тұрақтарға, паркингтер мен сауда ғимараттарына кіруіне тыйым салынады. Сонымен қатар, бұдан былай, шаруашылық қоймалары мен паркингтерде жарылыс қаупі бар заттар мен материалдарды, тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды, майларды, жанғыш газы бар балондарды, қысымдағы балондарды сақтауға да рұқсат етілмейді. Көрсетілген өзгерістерге сай өрт қауіпсіздігі сақталмаған жағдай орын алатын болса тікелей мекеме басшысы жауапқа тартылады, – деді Дидар Құйқабаев.

– Бастысы – тұрғындар қауіпсіздігі. Өрт орын алған жағдайда негізгі ережелердің бірі – орынсыз байбаламға салынбай, сабырмен әрекет ете білу. Осылайша персоналды ғимараттан эвакуация жасау керек. Сіздерге айтатыным, өздеріңіз тұратын және жұмыс істейтін ғимараттардағы өрт қауіпсіздігін тағы бір мәрте тексеріп шығуды ұмытпаңыздар. Жалаң байланыс сымдарын, қолдан жасалған электр құрылғыларын пайдаланбаңыздар. Үй жағдайында балаларды тоққа жолатпаңыздар және оларға қауіпсіздік ережелерін толыққанды түсіндіріп шыққандарыңыз абзал, – деп толықтырды Дидар Нұртуғанұлы.

Жиын соңында төтенше жағдайлар басқармасының инженері Зарина Валиева 2020 жылдан өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселеләріндегі құжаттық өзгерістермен таныстырып өтті.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

